

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**

*Бас мұфти
Ержан қажы Малғажыұлының
бастамасымен*

ДІН МЕН ДӘСТҮР
Тал бесіктен жер бесікке дейін

II кітап

Алматы, 2017

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38
Д 91

**Қазақстан Республикасы
Дін істері комитетінің дінтану сараптамасының
оң қорытындысы берілген**

**Баспаға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
Ғұламалар кеңесі ұсынған**

Пікір жазғандар:

*Тарих ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев
атындағы ЕҰУ-нің профессоры*

Ж.О.Артықбаев

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әбдеш Төлеубай*

Редакция алқасы:

Е.М.Маямеров, С.С.Ораз, Н.Т.Өтпенов, Ғ.Ж.Мәжіев, М.Х.Алсабеков,
Ш.Т.Керім, Е.А.Оңғаров, З.Ж.Оразбаев, А.Ш.Сманов,
С.С.Сейітбеков, Б.Б.Мансұров, С.Қ.Шоқанов, А.Ш.Әділбаев,
М.И.Пәттеев, С.З.Ибадуллаев, М.Б.Исахан, Е.Б.Әміре.

Баспаға дайындағандар:

С.З.Ибадуллаев, Е.А.Оңғаров.

Д 91 «Дін мен дәстүр» II кітап (тал бесіктен жер бесікке дейін).
Астана, 2017 – 176 бет

ISBN 978-601-7926-15-1

II кітап. - 176 б.

Дін мен дәстүр – егіз ұғым. Осы кітапта қазақы әдет-ғұрыптардың басым бөлігінің имани ұстанымнан алынғандығы, дәстүр мен діннің біте қайнасып бөлінбес дүниеге айналғандығы туралы баяндалады. Кітап исламтанушы, дінтанушы, теолог мамандармен қатар жалпы ізгі ниетті оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

ISBN 978-601-7926-15-1

© Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2017

АЛҒЫСӨЗ

Қадірлі оқырман!

2013 жылы «Дін мен дәстүр» кітабын шығарып, тұсауын кескен кезде, бір топ жазушы, ғалым, дін мен дәстүріміздің жанашыр азаматтары: «Бұл бастамаларыңыз өте орынды. Енді осы кітаптың екіншісін шығарсаңыздар оңды іс болар еді», – деп тілек білдірген. Сонда зиялы қауым өкілдерінің бұл өтінішін орындауға уәде еткенбіз. Міне, Құдай қолдап, қолыңызға «Дін мен дәстүрдің» екінші кітабы тиді.

Аллаға шүкір, қазақ халқы әлмисақтан мұсылман. Өзінің ғасырдан ғасырға жалғасқан Хақты тану дағдысы бар. Халқымыз осы қасиетінен айырылмай, діні мен дәстүрін үйлестіріп, Құдайға құлшылығын жасап, дархан мінезінен танбай келеді. Жақсылыққа жаны жақын жұрттың қашан да өмірі сәулелі болмақ.

Иә, біздің салт-дәстүріміз тәрбие мен тағылымға, ізгілік пен адамгершілік құндылықтарға тұнып тұр. Халқымыздың күнделікті тұрмысында әдетке айналып кеткен әдеп-ғұрыптардың астарына үңілсек, шарифаттың бір талабы тұрғанын байқаймыз. Сәби дүние есігін ашқанда құлағына азан шақырып ат қою, ақиқа құрбандығын шалып, келінге қалжа жегізу, баланы қырқынан шығару, шілдехана-бесік той жасау, тұсау кесу, сүндет той, атқа мінгізу, тоқымқағар, тілашар, т.б. жоралғылар – Исламда бар рәсімдер немесе асыл дініміз құптаған игі амалдар.

Жоралы жұртымызда сәби туылғанда осынау қуанышты хабарды ағайын-тумаға жеткізушілердің сүйінші сұрайтын дәстүрі бар. Ал қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде дүниеге келген нәресте үшін сүйінші сұрау көрініс тапқан. Алла Тағала Зәкәрия (ғ.с.) пайғамбарды сәбимен сүйіншілегені туралы былай

дейді: «Ол михрабта намаз оқып тұрған сәтте оған періштелер: «Расында, Алла сені Жақиямен (Яхиямен) қуандырады», – деп дауыстады» («Әли-Имран» сүресі, 39-аят). «Ей, Зәкәрия! Расында, сені Жақия атты бір ұлмен қуантамыз (сүйіншілейміз). Біз бұрын мұндай атты ешкімге қоймаған едік» («Мәриям» сүресі, 7-аят).

Алты тараудан тұратын кітапта балалық шақ, бала тәрбиесі, жігіттік шақ, отбасы салттары, діни ғұрыптар, дінге қатысты салттар, дүниеден өтуге қатысты салттар туралы баяндалады. Біз бұл кітаппен қазақ қоғамына жаңалық ашып жатқан жоқпыз. Бар болғаны, кезінде бабаларымыз қалыптастырып кеткен, кейіннен көмескі тарта бастаған салт-дәстүрімізді жаңғыртып, дінмен үйлесім тапқан әдет-ғұрпымызды жамағатқа кеңінен насихаттау. Мақсатымыз – ұлттық табиғатымызбен сабақтас шариғаттағы мәзһабымыз бен танымдық мектебімізді тұғырлап, асыл дүниелерімізді, жауһарларымызды жарыққа шығару, үзілгенімізді жалғап, жоғалтқанымызды түгендеу, сан ғасырлық тарихы бар діни дәстүрлерімізді қалпына келтіру.

Дін мұраттарын қалың бұқараға ұғынықты етіп жеткізу үшін де алдымен қазақтың тілі мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жетік білу қажет. Имамдар мен уағызшыларымызға осындай талап қойылады. Сонымен қатар, ұлттық таным мен әдет-ғұрыптардың мұсылманшылықпен сабақтастығын саралап көрсететін сүбелі еңбектер де жазылуы керек. Қолыңыздағы кітап сондай игі бастаманың жалғасы деп атар едім.

Бұл туынды дінін ұстанып, дәстүрін ардақтаған жұртымыз үшін пайдалы еңбек болады деген үміттемін. Алла қаласа, дін мен дүние ісінде жастарға жол сілтеуші құнды кітапқа айналады деген ниеттемін. Сонымен қатар, дін төңірегіндегі сұрақтарға «Дін мен дәстүр»

(тал бесіктен жер бесікке дейін) жауап бере алады деп санаймын.

Алла Тағала елімізге бақ-береке нәсіп етіп, жұртымызға жақсылығын жаудырғай! Әумин!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ
*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти*

КІРІСПЕ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ، وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ أَشْرَفِ الْمُرْسَلِينَ وَعَلَى آلِهِ
وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ

*Аса мейірімді, Мейірбан Алланың
атымен бастаймын.*

*Барлық мадақ әлемдердің Иесі Аллаға тән.
Салауат пен сәлем елшілердің төресіне,
оның әулеті мен сахабаларына болсын.*

Ұлтты діннен бөліп қарауға болмайды. Кейбіреулер қазақ тіліне еніп, төлтумасына айналған ұғымдар мен сөздерді мұның түбі арабтікі, сондықтан түпкі негізіне қайтарып, сол күйінде жазу қажет. Соған басымдық беру керек деп жатады. Бір қарағанда, мұның өзі бір жағынан білімпаздық болып көрінгенмен, әсілінде, Исламды қазақтан алшақтатын тәсіл.

Бұрын қазақтың тілі мен дәстүрін әсіресе, одан мүлде бейхабар, мәдениеті басқаша қалыптасқан жандарға үйрету керектігі өзекті болса, қазірде қазаққа бірден-бір жанашыр деген дін ғалымдары мен қызметкерлерінің өзін қазақтың дәстүрі мен тіліне үйрету қажеттігі туындап отыр. Оның екі себебі бар: біріншіден – олардың көпшілігі дінді жеткілікті деңгейде игергенімен, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениетінен, тілінен бейхабар болып жататын жағдайы бар; екіншіден – қазақтың мәдениеті мен дәстүрін, тарихын, мемлекеттігін жоққа шығарып жүргендердің негізі өзге елдің мәдениетімен уланғандар болса, қазірде ондай адамдар дін оқығандардың арасында да бой көрсетіп қалуда. Себебі, олардың дені дінді

шет елде үйреніп, өмірлік көзқарастары мен ғылыми пікірлері сол жақта қалыптасқандықтан, көп жағдайда өз ұлтының ұлттық болмысы мен мәдениетінен, мол тілдік мұрасы мен әдет-ғұрыптарынан бейхабар қалып жататыны бар. Ал, осы олқылықтың орнын «есесіне, мен дінді жақсы білемін» деген максималистік ой басады. Ал, негізінде, өзінің ұлтына, еліне деген менсінбеушілік, өткеніне өштікпен қарап, болашағына сенбеудің арты жақсылыққа апармайды.

Тәуелсіздік таңы атқан соң өткенімізді еске түсіріп, жоғымызды түгендеп, етек-жеңімізді жинап, енді ел боламыз ба деп жатқанда, ұлтты алға бастайды деп үміт артқан, имандылықты ту еткен жас буынның кейбірінің кешегі қазақылығын мансұқтап, өзге елден үйренген кейбір діни дәстүрлерді таңсық көріп, талғамсыз ала беруі жанға батады, қабырғаны қайыстырады.

Қазірде көзі қарақты саналы діндарлар мәселенің бұлай дамуының қатерлі екендігін ұғынды. Қазақтың ешқашан да араб болмайтындығын білді. «Пәлен жерде алтын бар, барсаң бөдене де жоқ» демекші, ең асыл құндылық – иман, дінді жалау етіп, халықтың мәдениетін мансұқтау ұлттың тамырына балта шабумен тең.

Ұлтымыздың басқа ұлттардан өзіндік ерекшелігі бар екендігін, туыстан да, елден де асып, ешқайда бармайтындығын сезінді. Әрі мұның шарифатқа, дін талаптарына қайшы емес, жымдасып жататындығына көз жеткізді. Осы тұрғыда бұрынғы ғасырларда ғұмыр кешкен қазақтан шыққан діни сауатты кісілер мен қайраткерлердің даналығына бас иіп, солар салған таптаурын сүрлеудің ізін тапты. Сөйтсе, әрбір істің мәніне толық қанық болған ата-бабаларымыз ұлттық құндылықтарымызды Ислам мұраттарымен астарлас-

тырып, қиюын келістіріпті. Соның арқасында қазақ қазақ болып сақталып келеді екен.

Қазақтың салт-санасын хал-қадерінше зерттеп, зерделеген ғалым Жағда Бабалықұлы бір сөзінде «Саясат жерге көмген тарихты ғылым қайта ашып алады» дейді. Расында да, талай зұлматты замандарда ұмытылуға шақ қалған рухани құндылықтарымыз қазір де өз ретімен жаңғырып жатыр.

Енді осы діни-имани танымымызбен тарамданған ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа аманаттап тапсыру – бәріміздің міндетіміз. Құрметті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде былай деген еді: *«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз».*

Ендеше, қолыңыздағы «Дін мен дәстүр» атты кітаптың екінші бөлімі осы ізгі міндеттің үдесінен шығуды көздейді. Жаратқан Иеміз жар болсын!



I ТАРАУ



БАЛАЛЫҚ ШАҚ



Азан шақырып ат қою

Халқымызда жарық дүние есігін шыр етіп ашқан сәбиге есім беру рәсіміне қатысты өзіндік дәстүрі мен салт-жоралғысы бар. Мәселен, азан шақырып, ат қояр кезде кішкене сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен азамат болсын деген ниетпен ырым етіп, сәбидің ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады. Жақын-жұрағат жиналып, ат қоятын адам сәбиді қолына алып, «Аллаһу әкбар» деп азан шақырып, сәбидің оң құлағына есімін үш рет қайталап айтады. Бұл баланың есінде сол есім қалсын, құлағына сіңсін деген ниетпен жасалады. Сондықтан азан шақырып, ат қою қазақ халқының мұсылмандық жоралғысының қалыпты қағидаларының бірі болған. Әкесі өзі азан шақыра алмайтын болса, имам-молдаларды шақырып, баланың басын құбылаға қаратып, оң құлағына азанын айтып, ата-анасы таңдап қойған есімді «мұның аты пәленше ..., сенің атың пәленше ...» деп, үш мәрте айқайлап айтатын болған.

Рәсім аяқталған соң дұға оқылып, қатысқан туысқандары нәрестеге, оның ата-анасы мен туысқандарына ақ тілектерін айтып, үлкендер батасын берген. Міне, осы салт бойынша, ат қою рәсіміне жиналғандардың ішінен біреуі қазанның құлағын даңғырлата қағып, балаға қойылған атты үш рет қайталап, жұртқа жария ететін болған. Ат қою рәсімі аяқталған соң, ат қоюшы ата-ананың қалауымен сәбидің бетін ашып, көпшілікке көрсетеді. Бұл аты қойылған баланың елімен алғашқы жүздесуі деп есептелген. Міне, осындай әрбір іс-амалын, асылын дінімен астастыра білген халқымыздың тілінде «азан шақырып қойған аты» деген тіркес кең тараған.

Ал Ислам шариғаты бойынша да туылған баланың құлағына азан шақырып ат қою – сүннет. Яғни, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құп көріп жасаған ізгі істерінің бірі. Шариғат бойынша нәрестенің оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтылады. Имам Әбу Дәуіт пен имам Термези келтірген хадисте:

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي رَافِعٍ عَنْ أَبِيهِ قَالَ «رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ - أَدَّنَ فِي أُذُنِ الْحَسَنِ بْنِ عَلِيٍّ - حِينَ وَلَدَتْهُ فَاطِمَةُ - بِالصَّلَاةِ»

«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қызы Фатима Әлиұлы Хасанды босанған кезінде оның құлағына намазға азан айтқандай азан айтқан»¹. Сондай-ақ тағы бір хадисте:

«مَنْ وُلِدَ لَهُ فَأَدَّنَ فِي أُذُنِهِ الْيَمْنَى وَأَقَامَ فِي أُذُنِهِ الْيُسْرَى لَمْ تَضُرَّهُ أُمَّ الصَّبِيَّانِ»

«Кімнің баласы туылғанда, оның оң құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтса, ол нәрестеге «умму сибян» (сәбиді ауру ететін жел немесе жынның кесірі) әсер етпейтін болады»² – деп айтылған.

Ислам шариғатында жаңа туылған баланың құлағына азан шақырудың тағы бір мән-мағынасы – оның бойына иман сөзін жастайынан сіңіру. Өйткені азан мәтінінде адам баласының Алла Тағалаға деген сенімі мен мұсылмандығын айғақтайтын куәлік сөздер қамтылған. Яғни «*Әшһәду ән лә иләһә илла алла уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уа расулуһу*» калима шаһадат сөзі мен «*Лә иләһә илла алла*» калима таухид сөздері келтірілген. Бұл сөздер мұсылманның шыр етіп

¹ Әбу Дәуіт Сүлейман ибн әл-Ашғас әс-Сижистани. Сүнән Әби Дәуіт. – Дәр әл-китаб әл-арабия-Бейрут. IV том, 488-бет.

² Ахмад ибн Али ибн әл-Муснад Әбу Яғла әл-Мусили әт-Тәмими. Мүснәд Әби Яғла. Баспаға әзірлеген Хусейн Сәлим Әсәд. – Димашқ, 1984. XII том, 150-бет. № 6780 хадис.

дүние есігін ашқандағы еститін алғашқы да сөзі әрі дүниеден өтер сәтінде оған айтылатын соңғы да сөзі болып табылады. Нәрестенің құлағына айтылған азан сөздері оның жүрегіне жетіп, иманды ұрпақ болып өседі.

Мұнымен қоса азан айтудың тағы бір сыры – азан сөздерінен шайтанның ат-тонын ала қашатынында. Өйткені ол нәрестені туылғанша бақылайды. Әрбір пенденің жанында қосақ-шайтаны (қарин) болады. Ал шайтан малғұн азанның дауысын естіген кезде құты қашып, жөнеліп кетеді.

«Азан шақырып, ат қою» жоралғысын сәби туылғаннан кейін жетінші күні жасаған жөн. Қандай да бір себеппен сәби кезінде құлағына азан айтылмаған кісінің құлағына өсе келе азан шақырудың да зияны жоқ. Бірақ оның мәні мен маңызы туылған кезде шақырылғандай болмайды.

Ат қою мәдениеті (мұсылманша есімдер мен тыйымдар)

Сәбиге есім қоюға қатысты әр ұлттың өзіне тән мәдениеті, дәстүрі қалыптасқан. Сол секілді қазақ халқының да есім беруде ұстанатын өзіндік қағидалары болған. Баһадүр батырларға ұқсасын деген ниетпен ер жүрек батырлардың есімдерін берсе, кейде болашақта елге елеулі азамат атансын, өскенде дана, ғалым болсын деп, кемеңгер ғалымдардың аттарын қоятын. Дегенмен ат таңдауда мынадай талаптарды ескерген жөн:

1. Туылған сәбиге қашан ат қойылады?

Шариғат жолы бойынша нәресте дүние есігін ашқаннан кейін жақсы есім қою – ата-ананың бала алдындағы міндеті. Көпшілік ата-ана нәресте дүниеге келмей тұрып, «ұл болса, пәленше», «қыз болса, пәленше қоямыз» деп есімін таңдап жатады, негізінде,

ең дұрыс пікір бойынша және Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне сай нәрестенің аты туылғаннан кейін бірнеше күн өткен соң қойылады.

Сахаба Әнас ибн Мәліктен (р.а.) жеткен хадисте «*..нәрестеге туылғаннан үш күн өткен соң ат қойылады*» делінсе, Сумраның келтірген дерек көзінде «*...жетінші күні қойылады*» деп айтылған.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларының балаларына есімдерін туылған күні қойғандығы жайында да риуаяттар бар. Мысалы, Әбу Мұсадан (р.а.) жеткен риуаятта ол өзінің ұлы туылғанда оны Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алып барады, сонда Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның атын Ибраһим деп қойып, таңдайын құрмамен сүртеді. Мұнымен қоса, Әбу Усәйд (р.а.) деген сахабаның ұлы туылып, оны Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алып барғанда оның атын Мунзир деп қойған.

Имам Мүслімнің «Сахих хадистер» жинағында Әнестен (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Бүгін менің ұлым туылды. Мен оны атамның атымен Ибраһим деп атадым*», – деген.

Дегенмен бұрынғы өткен пайғамбарлардың ішінде Зәкәрия (ғ.с.) пайғамбардың ұлы туылмастан бұрын алдын-ала сүйіншіленген болатын. Ұзақ уақыт перзентсіздік зарын тартқан Зәкәрия пайғамбарға (ғ.с.) ерекше сүйіншілеу болатын бұл. Құран Кәрімде бұл жайында былай делінген:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا زَكَرِيَّا إِنَّا نُبَشِّرُكَ بِغُلَامٍ اسْمُهُ يَحْيَى لَمْ نَجْعَلْ لَهُ مِنْ قَبْلُ سَمِيًّا﴾

«Уа, Зәкәрия! Біз сені Жақия (Яхия) деген ұлмен қуантамыз! Біз бұрын оған ешкімді аттас қылмап едік!» («Мариям» сүресі, 7-аят).

2. Нәрестеге ат қоюға кім құқылы әрі лайықты?

Балаға ат қоюға ең бірінші кезекте құқылы – ата-анасы. Егер олар ортақ бір шешімге келе алмаса, әкенің құқығы жоғары тұрады. Сондықтан әкесі қаласа сәбидің атын өзі қояды немесе жұбайына ұсынады. Қаласа, екеуі өзара жеребе тастау арқылы бұл мәселені шеше алады.

Баланың атын қоюға оның әкесі лайық екендігіне кез келген адамның аты оның әкесінің атымен (мысалы, Төлегенұлы Айбар деген сияқты) қосарланып айтылатындығы дәлел болады. Бұл жайында Құран Кәрімде Алла Тағала былай дейді:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿ادْعُوهُمْ لِآبَائِهِمْ هُوَ أَقْسَطُ عِنْدَ اللَّهِ﴾

«Оларды (яғни, асыранды балаларды) әкелерінің аттарымен қосып атаңдар, Алланың алдындағы ең әділі – сол» («Ахзаб» сүресі, 5-аят).

Мұндағы аятта асыранды балаларға қатысты айтылғанмен, жалпы мағынада балалардың аттары өзінің әкесінің атымен қосылып айтылуы ең әділ ұстаным екендігін білдіріп тұр.

Сондай-ақ, ақыретте де барша адам баласы өзінің әкесінің атымен шақырылады екен. Бұған қатысты Әбу Дәрдадан (р.а.) жеткізілген хадисте Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

عَنْ أَبِي الدَّرْدَاءِ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّكُمْ تُدْعَوْنَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ بِأَسْمَائِكُمْ وَأَسْمَاءِ آبَائِكُمْ فَحَسِّنُوا أَسْمَاءَكُمْ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ فِي

السُّنَنِ بِإِسْنَادٍ جَيِّدٍ.

«Сендер Қиямет күні өздеріңнің есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар, сондықтан да есімдеріңді жақсартыңдар», – деген³. Сондықтан баланың атын таңдап қоюға ең бірінші оның әкесі лайықты.

Дей тұрғанмен, әке-шешесі баланың атын қоюға басқаларға рұқсат бере алады. Мысалы, атасына, әжесіне немесе әулеттегі құрметті ақсақалға, яки болмаса танымал тұлғаға т.б. Әрдайым үлкендерді құрметтеп тұратын қазақы салт-дәстүр бойынша баланың атын көбіне ата-әжелер қойып жатады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – дұрыс дәстүр. Сондай-ақ, жоғарыда айтып өткеніміздей, баланың атын аса қадірлі, тақуа, ізгі жандарға, ғалымдарға қойдырған жөн. Көптеген сахабаның балаларының аттарын Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қойған. Мысалы, «Ұлыңның атын Абдуррахман деп қой», «Абдулла деп ата» деген секілді хадистер көп.

3. Есім таңдауда атына сай болу үшін жағымды, ұнамды (көркем) есімдер таңдау, жағымсыз есімдерді қоймау

а) Жағымды есімдер

Баланың есімі оның өмірлік жолдасы болғандықтан, ат қойғанда, көркем, мән-мағынасы жоғары, жақсы есімдерді таңдап қою керек. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) есімдердің ішінде әдемі һәм мағыналы есімдерді жақсы көретін. Әбу Уаһб әл-Жашмиден жеткен хадисте Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

³ Әбу Дәуіт Сулейман ибн әл-Ашғас әс-Сижистани. Сүнән Әби Дәуіт. – Дәр әл-китаб әл-арабия, Бейрут. IV том, 442-бет. № 4950 хадис.

عَنْ أَبِي وَهَبِ الْجَشْمِيِّ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «تَسَمُّوا بِأَسْمَاءِ الْأَنْبِيَاءِ وَأَحَبُّ الْأَسْمَاءِ إِلَى اللَّهِ عَبْدُ اللَّهِ وَعَبْدُ الرَّحْمَنِ وَأَصْدَقُهَا حَارِثٌ وَهَمَامٌ وَأَفْبَحُهَا حَزْبٌ وَمُرَّةٌ».

«(Балаларыңа) Пайғамбарлардың есімдерін қойыңдар, әрі есімдердің Аллага ең сүйіктісі – Абдулла («Алланың құлы»), Абдуррахман («Рахманның құлы»), ең шынайысы – Харис («Диқан»), Гәммәм («Қайратты»), ал ең жағымсызы – Харб («Соғыс») және Мурра («Ащы, ауыр, қайғылы»)»⁴.

Жоғарыдағы хадисте айтылғандай, Абдулла және Абдуррахман – Жаратқанның құзырында ең сүйкімді есімдер. Осы тұста айта кететін бір жайт, Алла Тағаланың 99 көркем есімі бар. Оның қай-қайсы да ең жақсы есімдердің қатарына жатады. Алайда бұл есімдерді қояр кезде арабша «абдун» деген қосымшасын тіркеп қою керек. Мысалы, Раззақ – Абдурраззақ, Саттар – Абдуссаттар т.б. Міне, осы көркем есімді білген дана бабаларымыз балаларының аттарын қазақшалап, Әбдіразақ, Әбдісәттар деп қоятын болған.

Мұнымен қоса қазақи дәстүріміздегі есім қою әдетінің де өзіндік үлкен тәрбиелік мәні бар. Мәселен, тарихта өткен би-шешендеріміз бен дана бабаларымызға ұқсасын деп, Наурызбай, Төлеби, Абай, Шоқан, Ахмет және қазіргі күніміздегі Нұрсұлтан сынды есімдер жақсы дәстүрдің нышаны деп айтуға болады.

ә) Жағымсыз есімдер

Бала есімінің өсе келе өз ортасына, тума-туыстары мен ата-анасына да әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан қай халық болмасын мағыналы, жақсы есімдерді

⁴ Мұхаммад ибн Исмайл Әбу Абдулла әл-Бұхари әл-Жуғфи. әл-Әдәбу әл-Муфрад. Баспаға әзірлеген Мухаммад Фуад Абдулбақи. – Бейрут, 1989, I том, 284-бет. № 814 хадис.

таңдап отырған. Ал баланың жағымсыз есімінің жаман жағынан әсер ететіндігі айтпаса да түсінікті. Міне, Ислам шариғаты бұған аса мән берген. Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жаман есімді ұнатпайтын. Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жаман, жағымсыз есімді кесірдің басы деп есептейтін. Тіпті, жағымсыз атаулы жерлерге қонбайтын. Имам Мәлік «әл-Муатта» атты хадистер кітабында мынадай хадис келтірген.

وَفِي الْمَوْطَأِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لِلْقُحَّحَةِ: «مَنْ يَحْلِبُ هَذِهِ؟»، فَقَامَ رَجُلٌ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا اسْمُكَ؟»، فَقَالَ لَهُ الرَّجُلُ: مُرَّةٌ، فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اجْلِسْ»، ثُمَّ قَالَ: «مَنْ يَحْلِبُ هَذِهِ؟»، فَقَامَ رَجُلٌ آخَرُ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا اسْمُكَ؟»، فَقَالَ: حَزْبٌ فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اجْلِسْ»، ثُمَّ قَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ يَحْلِبُ هَذِهِ؟»، فَقَامَ رَجُلٌ فَقَالَ لَهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا اسْمُكَ؟»، فَقَالَ: يَعْيشُ، فَقَالَ لَهُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اجْلِبْ».

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір түйені әкелдіріп сахабалардан: «*Мынаны кім сауып береді?*» – дейді. Сонда бір кісі орнынан тұрады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Атың кім?*» – деп сұрайды. Ол кісі: «Мурра» (Ащы), – деп жауап береді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Онда отыр*», – дейді. Сосын тағы да: «*Мынаны кім сауып береді?*» – дейді. Тағы да бір кісі орнынан тұрады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) одан да: «*Атың кім?*» – деп сұрайды. Өлгі кісі: «Харб» (Соғыс), – деп жауап береді. Пайғамбар (оған Алланың сала-

уаты мен сәлемі болсын): «Онда отыр», – дейді. Со-
сын тағы да: «Мынаны кім сауып береді?» – дейді. Бір
кісі орнынан тұрады. Сонда Пайғамбар (оған Алланың
салауаты мен сәлемі болсын) одан да: «Атың кім?» –
деп сұрайды. Ол: «Яғиш» (Өмір сүреді), – деп жауап
береді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі
болсын): «Сен сау», – деп бұйырады (имам Мәлік
«Әл-Муатта» кітабынан). Тағы бір хадисте Сағид ибн
Мусәйиб әкесінен, әкесі атасынан мынадай риуаят
жеткізген:

عَنْ سَعِيدِ بْنِ الْمُسَيْبِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَدِّهِ قَالَ: أَتَيْتُ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ فَقَالَ: مَا اسْمُكَ؟ قُلْتُ: حَزْنٌ، فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَنْتَ سَهْلٌ،
قَالَ: لَا أُغَيِّرُ اسْمًا سَمَّانِيهِ أَبِي، قَالَ ابْنُ الْمُسَيْبِ: فَمَا زَالَتْ تِلْكَ الْحَزْوَنَةُ
فِينَا بَعْدُ. رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

«Мен (яғни, Сағидтың атасы) Пайғамбарға (оған
Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бардым. Ол
(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Атың
кім?» – деп сұрады. Мен: «Хазн» (Бұдыр), – дедім. Ол:
«Сен Сәһлсің» (Жазық), – деді. Мен: «Әкемнің қойған
атын өзгертпеймін», – дедім. Оның немересі Сағид
ибн Мусәйиб: «Әлі күнге дейін біздің әулеттен сол
бұдырлық (яғни, қатқыл) қалмай келеді», – деген екен
(имам Бұхари риуаяты).

«Хазн» сөзі «бұдыр жер, қатқыл», ал «Сәһл» «жазық
жер, жұмсақтық» деген мағынаны білдіреді. Келесі ха-
дисте:

عَنْ يَحْيَى بْنِ سَعِيدٍ أَنَّ عُمَرَ بْنَ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ لِرَجُلٍ: مَا
اسْمُكَ؟ قَالَ: جَمْرَةٌ، قَالَ: إِنَّ مِنْ؟ قَالَ: ابْنُ شِهَابٍ، قَالَ: مِمَّنْ؟ قَالَ: مِنْ
الْحَرَقَةِ، قَالَ: أَيْنَ مَسْكَنُكَ؟ قَالَ: بِحَرَّةِ النَّارِ، قَالَ: بِأَيِّتِهَا؟ قَالَ: بِذَاتِ لَطَى،

قَالَ عُمَرُ: أَذْرِكُ أَهْلَكَ فَقَدِ احْتَرَفُوا، فَكَانَ كَمَا قَالَ عُمَرُ. رَوَاهُ الْإِمَامُ مَالِكٌ فِي الْمَوْطَأِ.

Яхия ибн Сағидтен жеткен риуаятта бірде Омар ибн Хаттаб (р.а.) бір кісіден: «Атың кім?» – деп сұрайды. Ол кісі: «Жамра» (Шоқ), – деп жауап береді. «Кімнің ұлысың?» – деп сұрайды Омар. «Шинабтың» (Отты жұлдыз) ұлымын», – дейді әлгі кісі. «Қай жерденсің?» – деп сұрайды Омар. «Әл-Харқаданмын» (Күйгеннен), – дейді кісі. «Үйің қайда еді?» – деп сұрайды Омар. «Харрат ән-Нар» (Оттың ыстығы) деген аймақта», – дейді кісі. «Оның қай тұсында еді?» – деп сұрайды Омар. «Зәту лаза» (Жалынды) деген тұста», – дейді кісі. Сонда Омар: «Онда жанұяңа тез жет, олар өртеніп жатыр», – дейді. Барса, шындығында Омар айтқандай болған екен (имам Мәлік әл-Муатта кітабында риуаят еткен). Ал, Сумра ибн Жундубтен (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

عَنْ سُمْرَةَ بِنِ جُنْدُبٍ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا تَسْمِينَ غُلامَكَ يَسَارًا وَلَا رَبَاحًا وَلَا نَجَاحًا وَلَا أَفْلَحَ فَإِنَّكَ تَقُولُ أَنتُمْ هُوَ فَلَا يَكُونُ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ فِي صَحِيحِهِ.

Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Балаңның атын Ясар (Жеңіл), Рабах (Ұтқыр), Нажах (Сәтті), Афлах (Ең сәтті) деп қойма. Шындығында, сен расымен солай болар ма екен дейсің, бірақ олай болмай шығады», – деген. (Мүслім Сахихте риуаят еткен).

Мұнымен қоса періштелердің аттары мен Құран Кәрімдегі адамның атын білдірмейтін сүрелердің және аяттардың аттарын қоюды да кейбір ғалымдар құптамаған. Өйткені бұл есімдер періштелерге тән, ал

аяттар мен сүрелердің ұғымы бір Аллаға ғана мәлім, яғни ұғымын Алла біледі деген сөз.

Жағымсыз аттың кесірі туралы қазақта екі шешеннің сөз таластыруы туралы хикая бар. Ертеде Жапалақ деген сөзге жүйрік кісі Торайғыр деген шешеннің даңқын естіп, онымен сөз таластырмаққа еліне келеді. Жапалақтың атын бұрыннан білетін Торайғыр амандық-саулықтан соң қонағын бірден сүріндірмек болып: «Уа, сіздің атыңыз Жапалақ па?» – деп сұрайды. Жапалақ: «Иә, солай», – деп жауап береді. Сонда Торайғыр: «Олай болса, мына көлді бір айналып келші», – дейді. Жапалақ көлді атымен бір айналып келеді. Сосын Торайғырға: «Уа, сіздің атыңыз Торайғыр ма еді?» – дейді. Торайғыр: «Иә, солай», – деп жауап береді. Сонда Жапалақ шешен: «Олай болса, биыл біздің үйде бір байтал қысыр қалып тұр еді», – дейді. Сонда қарсыласының бұл қолқасына жауап қата алмай, сөзден тосылған Торайғыр шешен жеңілгенін мойындаған екен дейді. Міне, осындай мысалдар, баяғы уақыттары халық арасында түрлі жағымсыз аттардың болғандығынан хабар береді. Мұндай есімдер туралы аңыз-әңгімелер халқымыздың салт-дәстүрін зерттеген зерттеушілердің жазбаларында да бар. Жалпы ат қоюда діни-танымдық, рухани тәрбиелік құндылықтарды басты назарда ұстаған жөн.

4. Шарифат тұрғысынан тыйым салынған есімдерге мұқият болу

Кей есімдердің шарифат тұрғысынан да, тілдік тұрғыдан да тыйым салынатын кездері болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағалаға қарсы келетін мағыналарды білдіретін есімдерді қоюдан тыйған. Тізбектеп айтар болсақ:

а) «Құл» деген мағынаны білдіретін «абдун» сөзін Алла Тағаланың есімі мен сипаттарынан басқа атауларға тіркеуге болмайды. Мысалы, Абдулузза – «Уззаның құлы» (Узза Исламнан бұрын табынатын пұттың аты болған), Абдулқағба – «Қағбаның құлы» деген сияқты есімдер.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «تَعَسَّ عَبْدُ الدِّيَارِ، تَعَسَّ عَبْدُ الدِّرْهَمِ،
تَعَسَّ عَبْدُ الحُمَيْصَةِ، تَعَسَّ عَبْدُ القَطِيفَةِ». رَوَاهُ البُخَارِيُّ.

Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Динардың құлы оңбасын, дирхемнің құлы оңбасын, өкшенің (етіктің) құлы оңбасын, матаның құлы оңбасын», – деген (Бұхари риуаят еткен).

ә) Алла Тағаланың көркем есімдерін сол күйінде балаға есім етіп беруге болмайды. Мысалы, Алла, Рахман, Халиқ, Ахад, Разиқ, Бәри, Раббы деген сияқты.

б) Жын-шайтандардың, кәпірлердің, дінсіздердің көсемдері мен т.б. халық арасында жаман жағынан танылған кісілердің аттарын қою да мұсылман баласы үшін дұрыс емес. Мысалы, Ібіліс, Ифрит, Перғауын, Наман, Жалұт, Әжүж, Мәжүж, Хосрау, Цезарь, Ленин, Сталин, Энгельс, Маркс, Тельман, Дарвин, Коммуна, Партия т.б.

в) Сонымен қатар «Патшалардың патшасы», «Әкімдердің әкімі», «Сұлтандардың сұлтаны» деген мағыналарды білдіретін есімдер. Сахаба Әбу Нурайрандан жеткен риуаятта Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алланың алдында есімдердің ең нашары – «Патшалардың патшасы», – деген. Осыған қатысты тағы бір хадисте:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَعْظَمُ رَجُلٍ عَلَى اللَّهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَأَخْبَثُهُ وَأَعْيَظُهُ عَلَيْهِ رَجُلٌ كَانَ يُسَمِّي مَلِكِ الْأَمْلَاكِ لَا مَلِكَ إِلَّا لِلَّهِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

«Қиямет күні Алланың ашуын тудыратын, ең нақұрыс адам «Билік-мүліктің патшасы» деп аталатын адам. Бүкіл билік тек Аллаға ғана тән», – деген (хадисті имам Мүслім жеткізген).

Халқымыз балалары шетінеп кете беретін жағдайда балаларына Күшік, Итбай, Итемген, Малай, Башай деген секілді қолайсыз аттарды қоятын болған. Бұл «баланың өмірі ұзақ болсын» деген ниеттен туған. Жалпы айтқанда, ырым – халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туатыны белгілі. Бірақ кейде «Қазақ ырым етеді, ырым қырын кетеді» деп те айтып жатады. Бұл сөз ырымның бәрі бірдей орындала бермейтінін ескерткені деп түсіну керек. Ырымның барлығына бірдей сене беруге де болмайды.

5. Жазымсыз лақап ат беруден сақ болу

Кісіге лақап ат беруден гөрі өз есімімен атаған жөн. Лақап деп адамның кәсібіне, түр-тұлғасына, қадір-қасиетіне, сипатына қарай қойылатын атты айтамыз. Мысалы, етікші Асан, Қосмүйізді Ескендір, Ақсақ Темір, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек би, Жаяу Мұса т.б. Лақап аттың да жақсы не жаман сипаттары бар. Құран Кәрімде мұсылмандардың бір-біріне жаман лақап аттар қоюына тыйым салынған.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلَا تَنَابَرُوا بِالْأَلْقَابِ بِئْسَ الْأِسْمُ الْفُسُوقُ بَعْدَ الْإِيمَانِ وَمَنْ لَمْ يَتُبْ فَأُولَئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ﴾

«Және жаман лақап аттармен атамаңдар. Иман келтіргеннен кейінгі сұмпайы ат қандай жаман? Ал,

кім одан тәубе етпесе, міне, солар нағыз залымдар» («Хужурат» сүресі, 11-аят).

Ғалымдар егер бір кісінің өз есімі адамдардың арасында ұмытылып, жағымсыз мағынадағы лақап атымен ғана белгілі болса, оны қолдануға болады деп санаған. Ал, араб халқының есімге қатысты дәстүрінде «куния» деп аталатын сөз бар. Куния дегеніміз әкесін баласының атымен байланыстырып атауы. Мысалы, Әбу Абдулла – Абдулланың әкесі, Умму Ахмет – Ахметтің анасы. Кейде лақап мағынасын да білдіреді. Мысалы, атақты сахабаның лақабы Әбу хурайра – «Мысықтардың әкесі, иесі», Әбу Туффах – «Алманың атасы» – «алма сатушы» не «бағбан» деген мағынаны білдіреді.

Алайда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзіне тән куниясын, яғни Әбул-Қасым – Қасымның әкесі деген кунияны қолдануға тыйым салған. Хадисте:

عَنْ أَنَسٍ قَالَ: نَادَى رَجُلٌ رَجُلًا بِالْبُقَيْعِ: يَا أَبَا الْقَاسِمِ، فَالْتَفَتَ إِلَيْهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، إِنِّي لَمْ أَعْنِكَ إِنَّمَا دَعَوْتُ فُلَانًا، فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «تَسْمُوا بِإِسْمِي وَلَا تُكْنُوا بِكُنْيَتِي».

رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әнестен (р.а.) жеткен риуаятта бір кісі әл-Бақида (Мәдинадағы қорымның аты) басқа бір кісіні: «Уа, Әбулқасым! (Қасымның әкесі!)» – деп шақырады. Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған бұрылып қарайды. Әлгі кісі: «Уа, Расулалла! Сізді айтып тұрғаным жоқ, ана пәленге айттым», – дейді. Сонда Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Менің атыммен адамдарды атай беріңдер, алайда кунияммен атамаңдар*», – дейді (Мүслім риуаяты).

Дегенмен, бұл мәселеге қатысты көптеген ғұламалардың пікірі бойынша Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) куниясына, яғни Әбулқасым деген есімге өзінің тірі кезінде ғана тыйым салған, ал ол өмірден өткеннен соң пайдалануда тұрған күнә жоқ дегенге тоқтаған.

Сонымен қатар «Мәнсуб» есімдер де бар. Мәнсуб дегеніміз туған жеріне немесе ру-тайпаға қатыстылығына байланысты қойылатын есімдер. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фараби – «Фарабтық Әбу Насыр», Абдулла әт-Туркистани – «Түркістандық Абдулла», Асан ат-Тарази – «Тараздық Асан» т.б. Мұндай аттар, оның ішінде ру-тайпаға қатыстысты қазақтарда көп кездесетін болған. Мысалы, Үйсін Төле би, Қаракерей Қабанбай, Балқы Базар, Шапырашты Наурызбай т.б. секілді.

6. Кейбір есімдерді кейіннен өзгертуге бола ма?

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жаман (тұрпайы) мағынаны білдіретін есімдерді ұнатпаған, ондай есімдерді жақсы есіммен ауыстырып отырған. Жақсы есімді жақсылыққа жоритын болған.

Мысалы мына хадисте:

عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ: «كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُغَيِّرُ الْأَسْمَ الْقَبِيحَ». رَوَاهُ الترمذي.

Айша анамыз (р.а.): «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жаман есімдерді өзгертетін», – деген (Термези риуаят еткен).

عَنِ بْنِ عُمَرَ أَنَّ ابْنَةَ عُمَرَ كَانَتْ يَقُولُ لَهَا عَاصِيَةً فَسَمَّاهَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ جَمِيلَةً. رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Ибн Омардан жеткен риуаятта: «*Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Омардың Ғасия (қарсы шығушы) атты қызының есімін Жәмила (Әдемі) деп өзгерткен*» (Мүслім риуаят еткен). Ал Һәни ибн Язидтен жеткен риуаятта:

عَنْ هَانِيءِ بْنِ يَزِيدٍ قَالَ وَفَدَّ عَلَيَّ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَوْمٌ فَسَمَّعَهُمْ يُسْمُونَ عَبْدَ الْحَجْرِ، فَقَالَ لَهُ: «مَا اسْمُكَ؟»، فَقَالَ: عَبْدُ الْحَجْرِ، فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ: «إِنَّمَا أَنْتَ عَبْدُ اللَّهِ». رَوَاهُ ابْنُ أَبِي شَيْبَةَ.

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір қауымға келгенде олардың арасында Абдулхажар (Тастың құлы) есімді біреу болады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) одан атын сұрап білген соң: «*Сенің атың бұдан былай Абдулла болсын*», – деп өзгерткен (Ибн Әби Шәйба риуаят еткен).

Есімді өзгертуге байланысты айта кететін тағы бір жайт, қазіргі қазақ қоғамындағы дін жолына бет бұрған кейбір мұсылмандар тым жақсы қазақша аттарын арабшаға өзгертуді әдетке айналдыра бастаған. Жоғарыдағы хадистерден байқағанымыздай, Алланың Пайғамбары (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тек жаман мағына беретін жағымсыз есімдерді ғана өзгерткен. Жағымды мағына беретін есімдерді сол күйінде қалдырған. Ал, «мен намаз оқыдым, дінге бет бұрдым, сондықтан есімім де мұсылманша яки арабша болу керек» дейтін азаматтардың мұндай пікірлері жаңсақ түсініктен шыққан. Әсілінде, таза қазақы түбірлі есімдер де мұсылман есімдері, оларды мұсылман есімдері емес деп айтуға әсте болмайды. Өйткені Алла Тағала адамзатты ұлттар мен ұлыстарға бөліп, әрқайсысын өз ерекшеліктерімен жаратқан. «Мұсылман болу үшін тек таза араб тіліндегі есімдерді

алу керек, қазақ тіліндегі есімдер надандықтың белгісі» немесе «таза мұсылман аттары емес» деп ойлау осы жаратылысқа қарсы шыққанмен пара-пар. Сондықтан да кейбіреулердің жап-жақсы мағына беретін Берік, Болат, Жанұзақ, Өмірзақ сияқты т.б. қазақ есімдерін арабша Абдуллаға, Әбу Нурайраға, Омарға өзгертулерінің ешбір қисыны жоқ. Бұл – жалаң еліктеушілік. Хадистен аңғарғанымыздай, Қиямет күні әрбір адам өзінің алғашқы қойылған есімімен шақырылады. Ал, халқымыз баласына Серік деген есім таңдағанда, ол Құдайға серік болсын деген мақсатта қоймайды, «алдындағы немесе өзінен кейінгі балаға серік болғай» деген жақсы ниетпен қояды. Егер ата-анасы не туысқаны әу баста есім берерде оның дінге қарсы екендігін білместікпен қойса және кейіннен оның есімін өзгерткісі келсе, оның жайы бөлек.

7. Қазақ халқындағы кейбір ат қою үрдістері

Қазақ халқында егер туылған балалары қайтыс бола берсе: Тұрсын, Алмас, Аман, Өтеген, Өтепберген, Төлеген, Елемес, Елеусіз, Өлмес деген есімдерді ырымдап қоятын болған.

Туылған нәрестелерінің бәрі ылғи қыз болып, ұл баланы күтіп жүргенде тағы да қыз бала туса, кейінгі бала ұл болсын деген ниетпен Ұлболсын, Ұлбала, Ұлту, Ұлтуған, Жаңыл, Жаңылған деп қоятын болған.

Зарығып жеткен сәбилердің аты көбіне Аллаберген, Алдаберген, Құдайберген, Тұяқ, Тілеген, Тілепалды, Тілеуберген болып келеді.

Нәрестенің туылған уақытына, жеріне, еліне, жағдайына қарай Айтуған, Рамазан, Ережеп, Наурызбай, Қаңтарбай, Жайлаубай, Қазанбай, Боранбай, Тәшкенбай, Бұхарбай, Желдібай, Жаңбырбай, Сырбай, Еділбай, Алмат, Найманбай, Адайбай, Жеңіс, Қуаныш,

Базарбай, Аманкелді, Төрегелді, Қожагелді, Жолдыбай, Олжабай т.б. деп те қойылады.

Әкесінің не атасының жасына қарай Елубай, Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай деп қоятын дәстүр де бар.

Баланың болашағынан үміт етіп, бай болсын деген ниетпен Сансызбай, Жұтамас, Мұңайтпас, Әмірбек деп, қадірлі болсын деген ниетпен Қадірбек деп, ғалым болсын деген ниетпен Ғалымбек, Данабек, Қари, Қазидеп, ержүрек, батыл болсын деген ниетпен Жолбарыс, Арыстан, Батыр, Қаһарман деп, өмір-жасы ұзақ болсын деген ниетпен Өмірзақ, Жанұзақ, Көпжасар деп те қойылады.

Сондай-ақ, жалпы мұсылманға ортақ аттар да молынан кездеседі. Алайда мұндай аттардың көпшілігі араб тілінде болғандықтан қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты олардың түрлі нұсқалары қалыптасқан. Мысалы, Абдуллаһ (Алланың құлы) деген есімнің Абдолла, Абдулла, Абдул, Әбілда, Әбділда, Ғабдулла, Ғабдолла, Ғабділда, Қабдулла, Қабдолда, Қабдол, Қабілда деген нұсқалары бар. Ал, Мұхаммед деген есімнің де Мұхамбет, Махамбет, Маханбет, Мәмет, Мәмбет деген сияқты талай нұсқалары және осы есімнен өрбитін есімдердің, мысалы, Бай-Мұхаммедтің – Баймұхамбет, Баймұқамбет, Баймағанбет, Баймағамбет, Бәйімбет, Бейімбет деген сияқты нұсқалары кездеседі.

Жалпы ат қойғанда ырымға, белгілі бір уақиғаға немесе құбылысқа қарап емес, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде айтып өткендей, ізгі, жақсы мағынадағы есімдерді қою керек.

Ақиқа

Әуелі «ақиқа» сөзінің тілдік мағынасына тоқталар болсақ, араб тілінде екі түрлі мағынасы бар: біріншісі, «*мойынсұнбау, ата-ананың тілін алмау, қарсылық таныту*»; екіншісі, «*туылған нәрестенің шашы*» дегенді білдіреді. Ал, шарифаттағы терминдік мағынасы: «нәресте туылғанда Алла Тағаланың ұрпақ бергені үшін нығметіне шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандықтың түріне айтылады».

Сонымен, Ислам шарифатында ақиқа деп нәрестенің шашы алынғанда сойылатын құрбандық малға айтылады. Бұған қатысты ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірнеше хадистерін келтіруге болады. Имам Бәйһақидың риуаятында мынадай дерек келтіріледі:

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ -صلى الله عليه وسلم- سُئِلَ عَنِ الْعَقِيقَةِ فَقَالَ : «لَا أَحِبُّ الْعُقُوقَ». وَكَأَنَّهُ إِنَّمَا كَرِهَ الْإِسْمَ وَقَالَ : «مَنْ وُلِدَ لَهُ وَلَدٌ فَأَحَبَّ أَنْ يَنْسُكَ عَنْ وُلْدِهِ فَلْيَفْعَلْ».

Бірде Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ақиқа жайында сұралғанда: «*Мен ақиқаны (яғни қарсы шығушылықты) ұнатпаймын*» – деді. Негізінде, Пайғамбар бұл сөздің атауын ұнатпағандай болды. Сосын: «*Кімнің баласы туылып, перзенті үшін құрбан шалғысы келсе, шалсын – деді*»⁵.

Келесі хадисте сахаба Сумрадан жеткен деректе Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

⁵ Әбу Бәкір Ахмад ибн әл-Хусейн ибн Али әл-Байһақи. Әс-Сүнән әл-кубра. – Хайдарабат, хижри 1344 ж. IX том, 300-бет. № 19753 хадис.

عَنْ سُمْرَةَ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «كُلُّ غُلَامٍ مَرْتَهَنٌ بِعَقِيْقَتِهِ، وَيُذْبِحُ عَنْهُ يَوْمَ سَابِعِهِ وَيُحَلِّقُ رَأْسَهُ وَيُسَمِّي».

«Әрбір бала өзінің ақиқасына тәуелді, оның атынан жетінші күні сойылып, оның (баланың) шашы алынады және есімі қойылады»⁶.

Шариғат бойынша ақиқа малын соятын кезде, «Бисмилләһ, бұл – пәленше ұлы пәленшенің ақиқасы» деп ниет етіп, тәкбір айтып, бауыздау керек. Ал оның етіне қатысты құрбандық шалғандай садақа жасап, етін таратса да болады. Бұл сауапты амалға жатады. Сондай-ақ, өзі де жей алады, тіпті қонақ шақырып дастархан жаю – сауапты іс. Өйткені ақиқа шалу – үлкен қуаныш, мереке. Мұнда Алла Тағалаға шүкіршілік етіп, алғыс ретінде садақа жасау ниеті бар. Сонымен қатар ақиқа – дүниеге келген нәрестенің өміріндегі ең алғашқы құрбандығы. Сол құрбандықтан дәм татқан адамдардың нәресте үшін жасаған дұға-тілектері қабыл һәм өмірінде пайдалы болмақ. Мұнымен қоса ақиқа құрбандығы туылған баланың аман-сау, ғұмырының берекелі болуына және шайтанның азғыруынан аулақ тұруына себін тигізуі әбден мүмкін.

Дүниеге келген нәресте ер бала болса, екі қой сойылғаны абзал, ал қыз бала болса, бір қой жарамды.

Хадисте:

«عَنْ الْغُلَامِ شَاتَانٍ مُكَافَأَتَانِ وَعَنْ الْجَارِيَةِ شَاةً».

«Ұл бала үшін екі қой, қыз бала үшін бір қой»⁷ делінген.

⁶ Сүлеймен ибн Ахмад ибн Аюб Әбу әл-Қасим Ат-Табарани. әл-Муғжам әл-кабир. – Әл-Мусал, 1983, VII том, 201-бет. № 6829 хадис.

⁷ Ахмад ибн Ханбал. Мүснад әл-имам Ахмад ибн Ханбал. – Муассасагу ар-рисала, 1999. II том, 320-бет. № 6713 хадис.

Жоғарыдағы хадисте айтылғандай ер бала үшін сойылатын малдың екі қошқар болуы оның жаратылысындағы артықшылығынан емес, алайда мұра бөлісудегі, куәлік берудегі артықшылығы болса керек.

Қалжа

Халқымыз қыз баланы болашақ ана ретінде қай кезде де болмасын жоғары құрметтеген. Соған орай әйел кісілерге тән салт-жоралғылар қалыптасқан. Соның бірі – ана атанған келінге арнайы қалжа жегізу. Қалжа дегеніміз – босанған келінге арнап байланған қой. Ал, қалжалап беру – қазақтың дәстүрлі отбасылық салтындағы ғұрып. Босанған әйелге «Жас босанған әйелдің тісі әлсіз болады, түсіп қалуы мүмкін» деп суық ас жегізбеген. Енелер келініне қойдың етін ұсақтап турап, жас сорпамен терлетіп отырған. Жақсы қалжалаған келіннің сүйектері қақсамай, тістері түспей, буындары тез бітіп, алты күннің ішінде үй тіршілігіне араласып кететін болған. Қалжаға сойылған қойдың алты буыннан тұратын мойын омыртқасын бірінші күні келіннің өзіне тісін тигізбей, қолымен мүжіткен. Еттен тазарған жұлынды тік таяқшаға кигізіп, баланың мойны қатқанша керегенің басына ілген. Кейде ашқарак, тамаққа өте сұғанақ жандарды көрсе, «шешесі қалжаға тоймаған ғой» деп әзілдесетін ырым бар.

Сонымен қазақтың осы дәстүріне сай мейлі ол бай болсын, мейлі ол кедей болсын әйеліне қалжа жегізетін. Тіпті, бұған өзінің шамасы келмейтін болса, ауқатты (дәулетті) адамдар қалжасын әкеліп берген. Өйткені қалжа әкеп беру де сауабы үлкен іс саналған. Қалжаның күнделікті желінетін еттен айырмашылығы – ол жас босанған ана мен баланың сыбағасы. Әрі құрметті ас саналады. Қалжа, біріншіден, дүниеге келген нәрестенің құрметіне арналса, екіншіден, жас анаға дүниеге пер-

зент әкелгені үшін арнайы сойылатын. Күнде келінге сорпасын ішкізіп, етін жегізіп отырғандықтан, жас босанған ана өзінің жоғалтқан күш-қуатын осы қалжа арқылы қалпына келтіреді. Босанғаннан кейінгі күтімге қалжаның тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Қалжа жеп, жас сорпа ішкен келіншектің сүті де маңызды, құнарлы болады. Баланың тез ет алып өсуіне әсер етеді.

Қалжа малын шалудың да өзіндік сыры, бөлекше қыры бар. Жол-жоралғысы бар. Өйткені дүниеге бала әкелу қай анаға болса да оңай шаруа емес. Баланы тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, соңында толғатып босанған әйелдің буын-буыны босап, үш жүз алпыс екі тамыры түгел ашылады. Ащы толғақтан әбден шаршайды, қалжырайды. Көп қан жоғалтады. Көңілін, жүрегін үрей билейді. Толғақ үстінде мың өліп, мың тіріледі. Ананың осындай қалжыраған күйін, әлсіреген жайын білетін ері әрі әйелдің денсаулығы үшін және нәрестенің амансаулығы үшін бір малын қалжаға арнап соятын. Әйел қалжасын жесін, қалжырағанын бассын, кеткен қаны толсын, денсаулығы мығым болсын, сорпа-су ішіп күтінсін деп, қас-қабағын бағады, аялайды. Қазақта босанған әйел *«тозақтың есігін жеті ашып, қақпасын жеті қағып, «Алла, жаным» деп құлын даусы көкке жетіп, шыбын жаны тозақтан жаннатқа ауысады»* деген сөз бар.

Сондықтан тіліміздегі «қалжа» сөзінің өзіндік мән-мағынасы жоғары.

Қалжаны кей өңірлерде қыздың төркіні де әкеп беретін болған, бірақ қалжа, негізінен, келіншектің күйеуінің мойнындағы міндеті болып есептеледі.

Қалжаға қатысты мынадай бата сөздер бар:

Алдыңа келген ас екен,

Астың аты «қалжа» екен.

«Шілде терінді» шығарар,

Ұлықпан тапқан дәрі екен.
Ер марқаяр – олжадан,
Қатын ұлғаяр – қалжадан.
Ақсарбас қойдың еті бұл,
Ішіп ал қалжа сорпадан.
Дәмді болсын асыңыз,
Аман да болсын басыңыз.
Қошқардай ұлдар туа бер,
Ғұмырлы болсын жасыңыз.
Бақытты болсын баласы,
Аман да болсын анасы.
Білімді болып ер жетсін,
Халықтың тақуа данасы.
Қалжалы әйел – олжалы,
Олжалы әйел – қормалы.
Туғаныңды құттықтап,
Туыстар тұр, міне, әлі.
Баланың бауы берік болсын,
Өзіңе, өміріңе серік болсын.
Маңдай бағы жарық болсын,
Елі сүйіп, қарық болсын.
Қалжадан – балаға «жете» қонсын,
Бастағы бағы өзгеден өте қонсын.
Алладан тілеген бар тілек,
Айналып басыңа төте қонсын.

Мұнымен қоса, «Қалжалы бала – батыр, қалжасыз бала – қалжыр», «Әйел қалжадан ұлғаяды, ер олжадан марқаяды», «Қалжасы жарасқан әйелден қанжардай ұл өседі, Қалжасыз әйелден қаншырдай қатқан қыз өседі», «Қалжалы әйелден олжалы ұл өседі», «Қалжа, қалжа түбі – олжа» деген тәрбиелі тәмсіл сөздер бар.

Ал, кейде қазақ азаматтары бір-бірімен шекісіп қалған жағдайда қалжыңдасып «*Менің де шешем бір қой қалжа жеген*» деп өзінің бойындағы қару-қайратын,

азаматтығының өлшемін қалжамен білдірген. Демек, қалжа – ертеңгі күні баланың зор тұлғалы, сымбатты азамат болып өсуінің кепілі. Ал халқымыз әлдебіреулер әлжуаз, қорқақ, қоянжүрек, жасықтарды көргенде «*Әй, сенің шешең бір қой қалжа жемеген бе?*» деп оған сын айтатын болған.

Қысқасы, қалжа – дәстүрімізде өзіндік орны бар ерекше ас. Анаға да, балаға да қуат сыйлайтын, ойды өсіріп, мінезді қалыптастыратын, Құдай Тағаланың бергеніне шүкірлік айтатын нәрлі ас.

Тахник жасау және баланың аузына түкіру

Халқымыздың дәстүрінде кең тараған ырым – нәрестенің, сәбидің аузына түкіру. Халқымыз ел арасында аты шыққан би-шешендер мен ақындарға, батырларға, аузы дуалы ақсақалдарға балаларын әкеліп, аузына түкіртетін болған. Мұндағы мақсат – сәби өскенде сол сияқты үлкен азамат болсын, солардың қасиеті жұқсын, өнегелі кісі болсын деген ниеттен туған. Тіпті мұны ел арасында мақтаныш етіп айтатын болған. Перзентінің болашағына үлкен үмітпен қарайтын ата-анасы баласының «аузына түкірген» адамы туралы құлағына құйып, сол азаматтай үлгілі болу керектігін үнемі айтып отырған. Халқымыз өзінің батырларын, атақты ақындарын, билерін, шешендерін өте жоғары бағалағандықтан, өз баласының да соларға ұқсағанын жақсы көрген. Сол себепті сондай адамдардан баласының «аузына түкіруді» сұраған.

Аты аңызға айналған, ел таныған ақындар мен шешендер, дуалы ауыз билер мен ақсақалдарға сәбидің аузына түкіртіп алу – ежелгі дәстүрлі ырымдардың бірі. Оның орындалуы, ишара түрінде, ауызға түкіру нышаны ғана жасалады. Аталған ырым – халық салт-дәстүрінде үлгі, тәрбие құралы ретінде жүргенін әр ата-

ана есте ұстаған жөн. Сондықтан – бұл халқымыздың жақсы ниетінен туған әрі ел ішінде әлі жалғасын тауып келе жатқан игі дәстүр. Бұл дәстүрді заманымызға сай түрде жасаған дұрыс деп есептейміз.

Ал, тахник жасау сүннет амалға жатады. Тахник деп баланың таңдайына тәтті нәрсемен сүртуді айтамыз. Яғни нәрестенің аузына шайналған құрманы салып, саусақпен таңдайына жағып, уқалайды. Таңдай уқалаудағы мақсат – жаңа туған нәрестенің ауыз бұлшық еттерін нығайтып, емшек емуге дайындау болса керек. Мұны көп жағдайда көпті көрген салихалы, ізгі адамдарға тапсырған жөн. Бұл үрдісті кезінде саңлақ сахабалар да жасаған. Айталық, қайсыбірінің үйінде дүниеге сәби келсе, дереу Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алып барып, аузына құрманы шайнатып, таңдайына сүрткізетін. Имам Бұхари мен имам Мүслімнің «Сахих» (сенімді хадистер) жинақтарында мынадай дерек бар. Бірде Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) өзінің ұлы туылғанда оны Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) апарды. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның есімін Ибраһим деп қойып, құрмамен таңдайын уқалап, береке тілеп, дұға жасайды. Сонымен қатар тағы бір хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Әбу Талханың ұлы туылғанда бірнеше құрманы шайнап, сосын оны нәрестенің аузына салып, таңдайын сүрткен. Сосын баласының есімін қойған.

Міне, осы секілді ізгі істер әлі де өз құндылығын жойған жоқ. Мұсылман әлемінде бұл іс жалғасын тауып келеді. Біздің дана бабаларымыздан қалған ауызға түкіру дәстүрінің де түп төркінінде осындай сүннет амалдың бар екендігін айтуға болады.

Тахник жасағанда баланың таңдайын құрмамен сүрту міндетті емес, құрма табылмаған жағдайда, кез келген тәтті нәрселермен істеуге болады.

Қырқынан шығару (баланың шашын алу)

Сәбидің өмірге келгеніне 40 күн толғаннан кейін тағы бір салтанатты рәсім орындалады. Оны «қырқынан шығару» деп атайды. Әдетте, ер баланы ерте жетіледі, жылдам өседі деген түсінікпен 40 күн толмай жатып қырқынан шығарған. Ал қыз бала, керісінше, жеңілтек болып кетпесін, байсалды, орнықты болсын деп, анық қырық күн толғаннан кейін қырқынан шығару рәсімін орындаған. Бұл күні жиналған әйелдер баланың шашын, тырнағын алып, жақсылап шомылдырған. Мұндайда әдеттегідей қарапайым сумен емес, ішіне күміс салынған, қырық қасық тап-таза су құйылған ыдысқа шомылдырады. Тіпті, баланы шомылдыру мәртебесі кез келген әйелге емес, ел арасында сыйлы, көп балалы ана атанған, үлгі боларлықтай ақ жаулықты анаға бұйырған. Баланың басына қасықтап су құйған сайын, жиналғандардың әрқайсысы өз тарапынан тілектерін білдіріп отырады. Соңынан барлық әйел су түбіндегі күміс тиындар мен әшекейлерді өзара бөлісіп алады. Негізі, суға салынған әр заттың өз мағынасы бар. Бұл жайлы «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» кітабында «Баланы шомылдыратын суға күмісті ол адал, ақ, пәк болсын деп салады. 40 қасық суды ырыздығы мол болсын деп құяды» делінген. Қырқынан шыққан бала адам қатарына қосылды, қауіпті кезеңнен өтті деп саналып, ел ішіне шыға бастаған. Яғни, дүниеге келген сәби 40 күннің ішінде айналадағы ортаға бейімделіп, жүйке жүйесі қалыптаса бастайды екен. Адамдардың даусына, айналада болып жатқан құбылыстарға деген сезімталдығы пайда болады. Ғылыми тұрғыдан да

жаңадан туылған сәбидің алғашқы 40 күнінде жүйке жүйесінің қалыптасатындығы дәлелденген.

Баланы шомылдыру тек қырқыншы күні ғана іске аспайды, оған дейін де әр күні шомылдырып отырады. Шомылдырар сәтте дайындалған суға бірінші күні тұз, екінші күні сабын, үшінші күні хош иісті шөп (киікоты) қосып, кезек-кезек шомылдырады. Тұзды суға шомылып өскен баланың денесі шымыр болып, кішігірім жарақаттарға қатты қиналмайды, тез жазылады. Ал сабынның бактерияларды жоятындығы белгілі. Мұнымен қоса, халықтың орналасқан аймақтарына қатысты өз ерекшеліктері болады. Сол секілді баланы қырқынан шығару кезінде де әр өңірде аздаған өзгешеліктер болуы мүмкін. Мысалы, кейбір аймақтарда қырқынан шығарар кезде шомылдыратын суға түрлі заттар салады. Айталық, еліміздің оңтүстік аймағында сәби ұл болса, оны қырқынан шығарар кезде шомылдыратын суға асық салады, ал қыз болса, онда суға тиын ақша, алтыннан жасалған әшекей бұйымдар салады. Сөйтіп сәбидің шашын алған адамға шашының салмағындай алтын береді. Шашты сақтап қояды. Одан кейінгі кездерде шашын алса, адам аяғы басып жүрмейтін жерлеге тастайтын болған немесе жерге көміп қойған. Қазақта «ит жейде» (ит көйлек) деген бар. Ол – сәбидің қырқынан шыққанша киетін жейдесі. Оның түймелері болмайды, алды ашық болады да сәбиді киіндіріп-шешіндіріп жүруге өте оңай келеді.

Сонымен баланы қырқынан шығару – тіршілік цикліне қатысты атқарылатын рәсімнің бірі. Қазақ халқы бала дүниеге келгеннен қырқынан шыққанға дейінгі алғашқы қырық күндікті қауіпті, қатерлі «өтпелі кезең» санап, жаңа туған нәрестені қадағалап, қасынан адам үзілмей қарайтын болған. Мұнымен қоса қырқынан шыққанша «сүт тырнағын», «қарын шашын» алмайды.

Қырық күннен аман өткен нәрестені «қарақұлақтанды» деп қуанып, «қырқынан шығару» тойын жасайды. Шомылдыратын ыдыстың түбіне күміс салуды адалдықтың белгісі деп бағамдайтын болған. Яғни күміс салынған су – ең таза су болып есептеледі және оған жын-шайтан жоламайды деп санаған.

Байырғы орта түсінігінде берілетін әшекейлер баланың денсаулығы мен өмірінің ақысы болып саналатындықтан, баланың анасы немесе әжесі «қырқынан шығару» мерекесіне келген әйелдерді, кіндік шешені ренжітпей, риза қылып, қалауын беріп аттандырған⁸.

Ал шариғат бойынша нәрестенің шашын туылғаннан біраз уақыт өткен соң ала беруге болады. Яғни, қазақы дәстүрдегідей 40 күн күту шарт емес. Кей хадистерде жетінші күні алу керек екендігі де айтылған. Мұнда баланың шашын алғаннан соң, сол шаштың салмағындай садақа беру керек. Бұл амалдың екі түрлі пайдасы бар. Біріншісі – денсаулыққа пайдасы, яғни шаш алу нәрестенің құйқасының, жалпы ағзасының күшеюіне әсер етеді. Екіншісі – әлеуметтік пайдасы, оның шашының салмағындай садақа беру мұсылман қоғамындағы әлеуметтік ынтымақты нығайтады. Нәрестенің шашын алуға қатысты төмендегідей хадистер келген.

Имам Мәлік өзінің «әл-Муатта» атты кітабында Жағфар ибн Мұхаммедтен таратқан риуаятында Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қызы Фатиманың (р.а.) ұлдары Хасан мен Хүсейін, қыздары Зейнеп пен Умму Күлсімдер туылғанда

⁸ Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.

олардың шашын алып, сол шаштың салмағындай садақа бергендігі туралы айтылған.

Ал имам Термезидің Мұхаммед ибн Әли ибн әл-Хүсейіннен жеткізген хадисінде Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қызы Фатима (р.а.) Хасанды босанған кезінде: *«Уа, Фатима! Оның шашын алып, сол шаштың салмағындай күміспен садақа бер»*, – деп бұйырған.

Шаш алу мәселесінде шаштың бір бөлігін алып, бір бөлігін қалдыру, кекіл, тұлым қою сияқты мәселелер туындайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шашты ала-құла алуға қатаң тыйым салған. Бұхари мен Мүслим риуаят еткен хадисте: *«Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шаштың бір бөлігін алып, бір бөлігін қалдыруға тыйым салды»*, – делінген.

Сонымен қатар, шашты бей-берекет далаға шашпау, аяқ асты етпеу де халық ғұрпында мұқият сақталған. Әйел кісілердің де тарақтан түскен шаштарын жинап, жерге көміп отырған немесе өртеген. Сондықтан шаш алудың да, оны тастай салмаудың да астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр.

Жоғарыда айтып өткеніміздей қазақ халқында қалыптасқан салт бойынша нәрестеге байланысты әдет-ғұрыптардың көпшілігі біраз уақыт өткен соң, кейде қырық күннен кейін жасалатындығы белгілі. Баланың шашы да сол кезде алынады. Бұның астарында климаттық, тұрмыстық ерекшеліктер жатқан болуы ықтимал.

Емізу мәселесі

Дүниеге келген жас сәбиді анасы уызына тойдыруы керек. Мұны бүкіл ғалымдар мақұлдаған. Баласын толық емізгісі келген ана екі жыл емізеді. Алла Тағала Құранда былай дейді:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَالْوَالِدَاتُ يُرْضِعْنَ أَوْلَادَهُنَّ حَوْلَيْنِ كَامِلَيْنِ لِمَنْ أَرَادَ أَنْ يُنَمِّ الرِّضَاعَةَ وَعَلَى الْمَوْلُودِ لَهُ رِزْقُهُنَّ وَكِسْوَتُهُنَّ بِالْمَعْرُوفِ لَا تُكَلَّفُ نَفْسٌ إِلَّا وُسْعَهَا لَا تُضَارَّ وَالِدَةٌ بِوَلَدِهَا وَلَا مَوْلُودٌ لَهُ بِوَلَدِهِ وَعَلَى الْوَارِثِ مِثْلُ ذَلِكَ فَإِنْ أَرَادَا فِصَالًا عَنْ تَرَاضٍ مِنْهُمَا وَتَشَاوُرٍ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا وَإِنْ أَرَدْتُمْ أَنْ تَسْتَرْضِعُوا أَوْلَادَكُمْ فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ إِذَا سَلَّمْتُمْ مَا آتَيْتُم بِالْمَعْرُوفِ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرٌ﴾

«Аналар балаларын егер толық емізгісі келсе толық екі жыл емізсін. Ал баласы туылған (яғни, әкесі) әділ түрде ананың ризығы мен киімін қамтамасыз етуі тиіс. Ешкімге өзінің мүмкіндігінен тыс нәрсе жүктелмейді. Сондықтан да ана баласы үшін зиян шекпесін, сондай-ақ туылған баласы үшін әке де зиян тартпасын. Мирасқордың (яғни, баланың) міндеті де сол сияқты. Ал, егер өз разылықтарымен және өзара кеңесіп, баланы емізуден шығарғылары келсе, ешқандай күнә жоқ. Егер де сүт ана жалдағыларың келсе, белгілі ақысын беру шартымен мұнда да еш күнә жоқ. Алладан қорқындар. Шынында, Алла Тағала істеген нәрселерінді көруші» («Бақара» сүресі, 233-аят).

Бұл аяттан төмендегідей үкімдер шығады. Құран бойынша емізудің толық мерзімі – екі жыл. Бұл – баланың құқығы. Егер анасы мен әкесі келісіп, кеңесіп, нәрестені екі жылға жетпей емізуден шығарғысы келсе әрі одан сәбиге ешқандай зиян келмейтін болса, шығаруларына рұқсат. Қазіргі жас келіншектер дене пішінін сақтаймын, ұйқыдан қалдырады деп, сәбилерін емізуден ерте шығарады. Бұл дұрыс емес.

Ана омырауынан сүт еміп, уызына тою – баланың құқы. Егер де анасы емізуден бас тартса, Алланың

алдында күнәһар деп саналып, о дүниеде бұған жауап береді. Алайда емізуден бас тартқан ананы шешім шығарушы қазы мәжбүрлей алмайды. Бірақ кейбір жағдайлар туындаса, ананы баласын емізуге мәжбүрлей алады. Ол жағдайлар төмендегідей:

1. Емшектегі сәби өз анасының омырауынан басқа әйелдікін ембесе. Мұндай жағдайда баланы аман алып қалу үшін анасы емізуге міндеттеледі.

2. Анасынан басқа емізетін жан табылмаса. Бұл жағдайда да анаға емізу – міндет.

3. Тек анасымен жалғыз қалған немесе әкесінің бөгде әйелді сүт ана ретінде ақыға жалдауға күші жетпеген жағдайда да анасының емізуі керек.

Аталған жағдайлар тумаса, емізуден бас тартқан ана мәжбүрленбейді. Әке ақыға сүт ана жалдауы керек. Анасы мәжбүрлі түрде емізсе, әкесі оған сүт ақысын бермейді. Себебі ол онсыз да әйелдің нәпақасын тауып беріп отыр, емізгені үшін бөлек ақы төлеуге міндетті емес. Ал, бірақ баланың анасымен ажырасқан болса немесе талақтың мерзімін күтіп жатса, мұндай жағдайда анаға емізгені үшін ақы береді. Бұл жайында Алла Тағала былай дейді:

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿فَإِنْ أَرْضَعْنَ لَكُمْ فَآتُوهُنَّ أُجُورَهُنَّ﴾

«Егер де балаларыңды емізіп беретін болса, оларға ақыларын беріңдер» («Талақ» сүресі, 6-аят).

Ақыға емізуге келіскен бөгде әйелмен сәби арасында туыстық орнайды, әйелдің балалары емген баламен сүт бауыр болып саналады.

Шілдехана-бесік той

Сәбиге арналған шілдехана, бесік тойдың да аражігі ажыратқысыз, бір-біріне жалғасқан, дүниеге келген баланың құрметіне арналған қуанышты тойлар.

Құранда дүниеге келген нәресте үшін сүйінші сұрау көрінісі бар. Халқымыздың әу бастан сәби дүниеге келсе, ағайынға ат шаптырып, сүйінші сұратуы осыдан алынған өнегелі іс десе болады. Алла Тағала Зәкәрия (ғ.с.) пайғамбарды сәбимен сүйіншілегені туралы былай дейді: **«Ол михрабта намаз оқып тұрған сәтте оған періштелер: «Расында, Алла сені Жақиямен (Яхиямен) қуандырады», – деп дауыстады»** («Имран» сүресі, 39-аят). **«Ей, Зәкәрия! Расында, сені Жақия атты бір ұлмен қуантамыз (сүйіншілейміз). Біз бұрын мұндай атты ешкімге қоймаған едік»** («Мәриям» сүресі, 7-аят).

«Мал – баланың шашуы» деген халқымыз дүниеге сәби келісімен, «Шілдехана», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару», уақыт өте келе «Тұсау кесу», «Сүндет той», «Атқа мінгізу», «Тоқымқағар», «Тілашар» сияқты тойларын жасап, қуанышы мен қызығын ағайынмен бірге өткізген.

Кезінде көшіп-қонып тұрмыс кешкен қазақ халқы туылған сәбиге сүйінші сұратып, ұл туса – «ат ұстар» немесе «жылқышы», қыз туса – «көйлек тігер» немесе «сауыншы туды» деп хабарлаған.

Сүйінші! Сүйінші!

Дүниеге алтын айдарлы ұл келді!

Ат ұстар, елін қорғар жан келді!

Немесе:

Қылығы тәтті, сүйсінтер жанды,

Ақылына көркі сай ару келді! – деп сүйіншілеп, сүйіншісін алған. Мұны естіген туған-туыстар, көршілер және алыс-жақын ағайындар шілдеханаға жиналып, «бауы берік болсын» деп тілек айтып, шашу шаша келеді.

Шілдехана тойын мұсылмандық дәстүр деп айтсақ та болады. Яғни, ақиқаның бір көрінісі іспеттес. Ақиқаны – нәресте туылғанда Алла Тағаланың

ұрпақ беру нығметіне шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандықтың түрі десек, қазақтың шілдеханасын шариғаттан шет кетпеген ұлттық салт деуге болады.

Шілдеханадан кейін қуанышпен жалғасымын табатын дәстүрдің бірі – бесік той. Өзге халық тұрмысында кездеспейтін, қазақтың өзіне ғана тән бесікке бөлеу дәстүрі – көшпелі өмір кешкен халқымыздың қажеттілігінен туындаса керек. Бесік – қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, тәрбие құралы, нәрестеге арнап жасалынған ағаш төсек. Сәбиді желдің өтінен, жердің сызынан, аптаптың ыстығынан қорғайтын – киелі ұя. Әрбір қазақ баласы осы бесіктен өсіп шықты.

Бесік – ықшам, аттың жалында, түйенің қомында өңгеріп алып жүруге ыңғайлы. Тазалық мекені, денсаулық қорғаны, тербелмелі – сәбиге жұбаныш сыйлар жайлы орын. Бір сөзбен айтқанда, бесікке бөлеу – баланың дене тазалығына, ұйқысының жайлылығына, денсаулығына орасан пайдалы.

«Бесік алып беру» – қазақтың келін болып түскен қызының тұңғышын босанғанда орындалатын дәстүр. Бесіктің жасауын қыздың анасы даярлайды. Оған қоса киітін, зергерлік бұйымдары мен дастарқанға қойылатын тәттілерін салып алып барады. Алып барған киітінің ішіне тоғыз түрлі заттар салады. Тоғызға бағалы киімнен бастап, ұсақ заттарға дейін кіреді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетінің бір-бірімен бір атаның баласындай тату әрі бауыр болуын өсиет еткен. Бесіктойға жиналған қонақтар асқа отырып, шүйіркелесе әңгімелеседі. Сонан соң «бесікке салу» ырымын жасайды. Құдағилары алып келген бесікті ашпас бұрын, сол үйдің басқа келіндері көрімдік сұрайды. Бесікті ашатын әйел көрімдігін береді. Нәрестені бесікке бөлемес бұрын, бесікке салушы бесіктің жабдықтарын

орындарына қойып, шашу ретінде алып келген шайлық тәттілері мен ұсақ, ақшалай сыйлықтарын араластырып, бесіктің түбек байлайтын тесігінен өткізіп, қолын тосқан әйелдерге «тыштыма» деп үлестіріп береді. Жаңа бесікке олар байғазыларын береді. Әкелінген бесікке көріп отырғандар баға беріп, бесік әкелушілерге киіт беріледі. Құдағилар білезік пен жүзіктерін бір-біріне сыйлайды. Жаңа туған баланы бесікке салудың да жоралғысы болады. Бесікке салу жолы үлкен, елдегі тәрбиелі, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. *«Әлди-әлди ақ бөнем, Ақ бесікке жат бөнем»* деп бесік жырын айтып, көңіл көтереді.

Сонымен бесіктегі бала көбінесе омыраудан шыққанша жатады. Ит көйлегі тозып, қарын шашы алынған бала талпынып, артынан бақа тірсегі бір бүктеліп, бір созылып еңбектей бастайды. Бұл кезде дөңбекшіп бесікке өзінің де жатқысы келмейді. Бала бұл шамаға келгенде бесікті аса қадірлейтін, оны әдемілеп тазалап, келешек ұрпақ тезірек келсін, енді сол жатады деп үйдің ең бір сенімді жеріне сақтайды. Халқымыздың бесікті құрметтейтіні, сақтайтыны соншалық – атасы жатқан бесікке немерелері жатады. Кейде қазақтың туған жерді «алтын бесік» деуі осы ардақтаудан шыққан болар. Сондықтан бесік тойы қазақ өмірінде үлкен орын алады. Бесікке баланы қырқынан шыққан соң салады. Оған дейін бала жөргекте болады.

Сол үшін бесікке салу сол отбасы үшін үлкен қуаныш. Бесікке қатысты халқымызда *«Тәрбие басы – тал бесік»*, *«Бесіктегі баланың, күлгенін көрген бір мұрат. Алдына түсіп ананың, жүргенін көрген – бір мұрат»* деген нақыл сөз бар. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: *«Ел боламын десең, бесігіңді түзе»* деп текке айтпаса керек.

Бесік – халқымызда ұлттық әдет-ғұрыпқа жататын дүние. Баланы бесікке бөлеу жайында шарифатта нақты

аят-хадистер келмегенімен, білім іздеу жайлы: «Білімді талап ету – тал бесіктен жер бесікке (табытқа) дейін» деген нақыл сөз бар.

Қалай десек те, күллі тәрбиенің бастауы осы бесіктен басталары шындық.

Тұсаукесер

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿الْمَالُ وَالْبَنُونَ زِينَةُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا﴾

Құран Кәрімде мынадай аят бар: «**Мал мен бала-шаға – дүние тіршілігінің сәні**» («Кәһф» сүресі, 46-аят). Иә, Алланың берген мал-дүниесі мен адам өмірінің жалғасы саналатын бала-шаға қызығын көрудің өзі де бір бақыт! Сондай-ақ, бұл – Алла Тағаланың берген аманаты. Дүниені адал тауып, дұрыс жұмсау керек болса, бала-шағаны да адалынан бағып, дұрыс тәрбие беру – басты міндетіміз.

وَقَدْ رَوَى الْبُخَارِيُّ فِي صَحِيحِهِ مِنْ حَدِيثِ نَافِعٍ عَنِ ابْنِ عُمَرَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «كُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، فَالْأَمِيرُ رَاعٍ عَلَى النَّاسِ وَهُوَ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالرَّجُلُ رَاعٍ عَلَى أَهْلِ بَيْتِهِ، وَأَمْرَأَةُ الرَّجُلِ رَاعِيَةٌ عَلَى بَيْتِ بَعْلِهَا وَوَلَدِهِ وَهِيَ مَسْئُولَةٌ عَنْهُمْ، وَعَبْدُ الرَّجُلِ رَاعٍ عَلَى مَالِ سَيِّدِهِ وَهُوَ مَسْئُولٌ عَنْهُ، أَلَا فَكُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ».

Бұхари өзінің *Сахихында* Ибн Омардан Алланың елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін риуаят еткен: «*Сендердің бәрің де бақташысыңдар, бәрің де қол астыңдағыларға жауапкерсіңдер. Әмірші – адамдарға бақташы, өзінің қол астындағыларға жауапкер, ер кісі – өз отбасына бақташы, өзінің қол астындағыларға жауапкер,*

ал әйел – күйеуінің үйіне және баласына бақташы әрі соларға жауапкер, кісінің құлы (қызметкері) – қожайынының малына бақташы әрі соған жауапкер. Әлбетте, бәрің де бақташысыңдар әрі әрқайсысың өз қол астындағыға жауапкерсіңдер».

Әр халықтың өзіне тән ұлттық тәрбиесі бар. Сол секілді қазақ дәстүрінде тәрбиелік мәні жоғары жоралғы бар: ол – тұсаукесер тойы.

Шілдехана-бесік тойдан кейін сәби өмірінде ерекше аталып, үлкен той ретінде өткізілетін салттың бірі – тұсаукесер. Аталмыш салт сәби қаз тұрғаннан кейін «тез жүріп кетсін» деген тілекпен жасалады. Мәселен, тұсаукесер жіпті «көбейіп, көгере берсін» деп көк шөптен есіп жасаса, «бай болсын» деп малдың тоқ ішегінен де өреді.

Тұсаукесер – бала өмірінің үлкен белесі. Өйткені, бала бауырын жазып, қаз-қаз тұрып, қадам басқан кезде, тұсауын кеседі. Тұсаукесердің түпкі мақсаты – баланың қуанышын бөлісіп, алғашқы қадамына жақсылық тілеу. Яғни, сәбидің жүргеніне қуанып, оны ағайынмен бөлісіп және көпшілік алдында балаға игі тілектер айту.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқы тұсаукесерде ала жіп қолданған. Ақ жіп пен қара жіптің екеуін айқастыра отырып есіп, ала жіп дайындаған. Бұл – тіршіліктің нышаны. Түсіне білсек, мұның мағынасы тым әріде жатыр. Қарап отырсақ, өмірде барлығы жұп-жұп болып жаратылған. Өмір сынақ мекені болғандықтан, ол ылғи қатар келіп отырады. Айталық, қараңғы мен жарық, ыстық пен суық, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық тағы басқасы. Бұлар қатар жүреді, бірінсіз бірі болмайды. Осының барлығын мінсіз жаратқан бір Алла ғана жалғыз.

Ал, енді тұсаукесерде қолданылатын ала жіпті бала өскенде өзгенің «ала жібін аттамасын», «ұрлық

қылмасын», «қиянат жасамасын», «жаман жолға түспесін», яғни «біреудің дүниесіне көз тікпесін, қолын сұқпасын» деген ниетпен дайындайды. Ала жіпті көпті көрген, талай немере-шөбере сүйген әжелер әдемілеп ақ батасын беріп, баланың аяғына байлап береді. Тұсау кесетін адамды ата-ана алдын-ала сайлайтын болған. Қыз бала болса, қимылы ширақ әрі пысық, ақжарқын мінезді, көпке қадірлі, ісін тиянақты әрі тындырымды атқаратын елге сүйкімді келіншектерге, ал ұл баланың тұсауын «пәленше ағасындай сері болсын, үлкен азамат болсын», «анау ағасындай саятшы, аңшы болсын» дегендей ел аузында, елдің алдында жүрген ер-азаматтарға кескізген. Қалай десек те, өзіміздің ата-бабамыз істеп келе жатқан салттың астарында үлкен мән, әдемі тілек, жақсы ниет, мазмұнды тәрбие жатыр. Мұсылман танымында да жақсы бастаған істі жақсылыққа балап, игіліктен үміт ету – тәфәул жасау үрдісі бар. Балаларға қамқорлық жасап, тәрбиелеумен қатар олар үшін Алладан дұға тілеуді де ұмытпаған жөн. Алла ата-ананың өз перзенті үшін жасаған дұғасын сөзсіз қабыл етеді.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «ثَلَاثُ دَعَوَاتٍ مُسْتَجَابَاتٍ لَا شَكَّ فِيهِنَّ: دَعْوَةُ الْمَظْلُومِ وَدَعْوَةُ الْمُسَافِرِ وَدَعْوَةُ الْوَالِدِ عَلَى وَلَدِهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَأَبُو دَاوُدَ وَابْنُ مَاجَةَ.

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Үш түрлі дұға сөзсіз қабыл болады: жәбір көрушінің дұғасы, жолаушының дұғасы және ата-ананың баласына жасаған игі дұғасы (тілегі)»* (хадисті Әбу Дәуіт, Термези, ибн Мәжа жеткізген).

Тұсаукесердің тағы бір мәнісі – алғашқы қадамын тәй-тәйлап басқан баланың ендігі жерде сүрінбеуі, басқан қадамының сәтті болуы, бастысы, «аяғын нық бассын, өзінің туған жерінде аяғын нық басып жүрсін»

деген көп тілегі. Бұл – баланың үлкен өмірге алар жолдамасы, тойдың басы, өмірге бастар қадамының алғашқы баспалдағы.

Тұсаукесерде шашу шашылады. Бұдан соң «жүйрік бол!», «шауып кет!» деген секілді тілектерді айта отырып, екі қолынан екі адам жетектеген баланың тұсауын таңдалып алынған адам кесіп жібереді. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам ортаға алып шығады да, тез-тез жүгіреді. Осы кезде **«Тұсаукесер» жыры шырқалады:**

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Қаз-қаз, балам, қаз балам.
Тақымыңды жаз балам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін,
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық,
Қаз-қаз, балам, жүре ғой ...
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе.

Қарап отырсақ, қазақ халқы «Тұсаукесер» салтын бала өміріндегі әрбір кезеңінің әр қадамының сәтті болуы үшін жақсы ниетте жасаған. Тіпті қиылған ала жіпті ағайындар «сондай күнге біз де жете берейік» деп алатын болған. Тұсаукесер дәстүрі сәби өміріндегі

келесі бір кезеңнің басталғандығын білдіреді. Аяғын тәй-тәй басқан бүлдіршіннің жолы ашық болып, келешекке нық қадам басып, көп сүрінбеуіне үміт ете жасалатын жоралғы. Шариғатта мұсылмандар жақсы көрген игі дәстүрлер де жағымды саналады.



II ТАРАУ



БАЛА ТӘРБИЕСІ



Жас ерекшелігі

Халқымыз көнеден бері адам *жасына* байланысты түрлі атаулар берген. Отбасы тәрбиесінде және қоғам өмірінде сол жас ерекшеліктері бойынша аталып, ақыл-кеңес беріліп отырған. Қала берсе, өлең-жырларға да қосқан. Әрине, мұндай жас ерекшеліктердің атауы әр ұлтта бар дәстүр. Бірақ қазақ халқының бұл атаудағы дәстүрі ерекше екені анық. Халқымызда әрбір шаққа қатысты төмендегідей атаулар берілгенін атап өтейік:

1 жасқа дейін – шақалақ, нәресте:

1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – бөпе / ұл бала-бөбек

2 жастан 3 жасқа дейін – бұлдіршін

3 жастан 5 жасқа дейін – балдырған

6 жастан 7 жасқа дейін – сәби

8 жастан 12 жасқа дейін – ойын баласы

13 жастан 15 жасқа дейін – ересек бала

16 жастан 19 жасқа дейін – бозбала

20 мен 30 жас аралығы – жас жігіт

30 бен 40 жас аралығы – дүр жігіт

40 пен 50 жас аралығы – ер түлегі

50 мен 60 жас аралығы – жігіт ағасы

60 пен 70 жас аралығы – ел ағасы

70 пен 80 жас аралығы – ақсақал

80 жастан жоғары – қарт, қария

Мүшел жас:

мүшел – 13 жас (ер жете бастау)

2 – мүшел – 25 жас (жігіттік жас)

3 – мүшел – 37 жас (ақыл тоқтату)

4 – мүшел – 49 жас (орта жас)

5 – мүшел – 61 жас (орта жас)

6 – мүшел – 73 жас (қарттық)

- 7 – мүшел – 85 жас (кәрілік)
- 8 – мүшел – 97 жас (қалжырау)
- 9 – мүшел – 109 жас (шөпшек сүю)
- 10 – мүшел – 121 жас (немене сүю)

Кейбір жас ерекшеліктері:

10 жасқа дейін – «қозы жасы» деп қозы-лақ бақтырған

10 мен 20 жас аралығын – «қой жасы» деп қой, ешкі бақтырған

20 мен 30 жас аралығын – «жылқы жасы» деп жылқы бақтырған

30 жас – орда бұзар

40 жас – қылыш жас, қырықта қамал алар

50 жас – ел ағасы, ердің жасы

60 жас – пайғамбар жасы, алпыстың асқары, алпыстың асуы, асқаралы алпыс

70 жас – жетпістің белесі

80 жас – сексеннің сеңгірі.

Шариғат бойынша жергілікті қолданыстағы дәстүр Ислам дініне қайшы болмаса, ондай дәстүрді жалғастыруға, ұстануға рұқсат етеді. Жоғарыда аталған жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылған атаулар діни сенім мен қағидаларға қайшы болмағандықтан, бабаларымыз өз тұрмыс-тіршіліктерінде дәстүр ретінде сақтады. Ал, Ислам діні бойынша мұндай жас ерекшеліктері бар ма деген сұрақ туындайтыны анық. Дінде жас ерекшеліктерінің атауына қатысты арнайы ереже болмағанымен кейбір жастар жайында айтылған. Шариғатта адам жасына қатысты айтылған мәселелер, негізінен, құлшылықпен байланысты қарастырған. Мәселен, мына хадисте баланы 7 жастан бастап намазға үйрету бұйырылады.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مُرُوا أَبْنَاءَكُمْ بِالصَّلَاةِ وَهُمْ أَبْنَاءُ سَبْعٍ وَاضْرِبُوهُمْ عَلَيْهَا وَهُمْ أَبْنَاءُ عَشْرِ وَفَرِّقُوا بَيْنَهُمْ فِي الْمَضَاجِعِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَأَبُو دَاوُدَ.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Балаларыңыз жеті жасқа келген шақта намаз оқуға бұйырыңдар. Олар он жасқа келгенде намаз оқымаса, (жалқаулық танытса), тәртіпке салыңдар. Әрі олардың жатын орындарын бөлектеңдер»* (Имам Ахмет, Әбу Дәуіт риуаят еткен).

Шариғат бойынша адамның Алла құзырында жауапты болатын жас «балиғат» жасы деп атайды. Балиғат жасы ер балалар үшін 13 жас болса, қыз балалар үшін 10-11 жас аралығы. Әр аймақтың климатына байланысты адамдардың физиологиялық тұрғыдан жетілуі әр түрлі. Сол себепті ұлы сөздің ұяты жоқ демекші, қыз бала етеккір көргеннен бастап балиғат жасына толған болып саналады. Қазақ халқының «Он үш жаста отау иесі» деп, осы жаспен мүшелге толтыруы жай айтылмаған. Өйткені шариғат бойынша 13-ке толған жасөспірім балиғат жасына толғаны және діни құлшылық жасауымен міндеттеледі. Балиғат жасына қатысты ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде айтылған.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «رُفِعَ الْقَلَمُ عَنْ ثَلَاثٍ: عَنِ الصَّبِيِّ حَتَّى يَبْلُغَ، وَعَنِ النَّائِمِ حَتَّى يَسْتَيْقِظَ، وَعَنِ الْمَجْنُونِ حَتَّى يُفِيقَ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَالتِّرْمِذِيُّ.

Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай дейді: *«Үш адамнан қалам көтерілген (күнә жазылмайды): балиғатқа жеткенге дейін сәбиден, оянғанға дейін ұйқыда жатқаннан және айыққанға дейін ақылынан адасқаннан»* (Ахмет, Термези риуаят еткен).

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِأَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا: «يَا أَسْمَاءُ إِنَّ الْمَرْأَةَ إِذَا بَلَغَتِ الْمَحِيضَ لَمْ تَصْلُحْ أَنْ يَرَى مِنْهَا إِلَّا هَذَا وَهَذَا (وَأَشَارَ إِلَى وَجْهِهِ وَكَفَفِيهِ)». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірде Әбу Бәкір қызы Әсмаға (р.а.): «*Уа, Әсма! Әйел балиғат жасына жеткен кезде, оның мына мүшелерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс болмайды*», – деп, қолдары мен жүзіне ишарат еткен (Әбу Дәуіт риуаят еткен).

Дінімізде 40 жас мәселесі де айтылып өткен. Шариғатта 40 жас адамның кемелденген, ақыл тоқтатқан, тәжірибелі ғұмыр белесі ретінде айтылады. Сол секілді осы жаста көптеген пайғамбарларға пайғамбарлық келген. Ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да 40 жасынан бастап уахи түсе бастады. Көптеген дін ғалымдарының да осы жастан кейін қалам алып, кітап жазғаны туралы тарихи деректер де бар.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَوَضَعْنَا الْإِنْسَانَ إِحْسَانًا حَمَلَتْهُ أُمُّهُ كُرْهًا وَوَضَعَتْهُ كُرْهًا وَحَمَلُهُ وَفِصَالُهُ ثَلَاثُونَ شَهْرًا حَتَّىٰ إِذَا بَلَغَ أَشُدَّهُ وَبَلَغَ أَرْبَعِينَ سَنَةً قَالَ رَبِّ أَوْزِعْنِي أَنْ أَشْكُرَ نِعْمَتَكَ الَّتِي أَنْعَمْتَ عَلَيَّ وَعَلَىٰ وَالِدَيَّ وَأَنْ أَعْمَلَ صَالِحًا تَرْضَاهُ وَأَصْلِحْ لِي فِي ذُرِّيَّتِي إِنِّي تُبْتُ إِلَيْكَ وَإِنِّي مِنَ الْمُسْلِمِينَ﴾

Құран Кәрім сол 40 жас жайында былай дейді: «Адамды біз ата-аналарына жақсылық жасауға бұйырдық. Адамдарды анасы ауырлап жүріп, құрсағында көтерді, қиналып туады. Құрсақ көтеру, емшек емізіп бағу мерзімі отыз айға созылады. Нәресте өседі, қырық жасқа да толады. (Сонда ол): «Тәңірім! Сенің өзіме берген және ата-анама берген

игілігіне шүкірлік етуім үшін, сен риза болатындай ізгіліктер жасауым үшін маған медет бер. Менің ұрпағымның да тағдырын онда. Мен Саған шын тәубе еттім. Мен шынайы мұсылманмын», – дейді» («Ахқаф» сүресі, 15-аят).

Халқымызда «40 жас – қылыш жас, қырықта қамал алар» деген нақыл тектен тек айтылмаған.

Дінімізде алпыс үш жас «Пайғамбар жасы» деген түсінік қалыптасқан. Себебі Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарымыз алпыс үш жасында қайтыс болған еді. Пайғамбарымыздың үш халифасы да алпыс үш жасында дүние салған. Сондықтан 63 жасқа толғанда «Пайғамбар жасына келдім» дейтін дәстүр халық арасында кең тараған. Алайда бұл hijри бойынша есептелген, оны миләди жыл санауымен есептесек, 61 жас болады.

Сүндет той

Атқа мінер жасқа толған, яғни үш жасқа толған ұл балаға тән тағы бір той – сүндет тойы. Баланы сүндетке отырғызу қазақ халқы Ислам дінін қабылдағаннан кейін салтымызға кірсе де, кейін бірте-бірте салтымызға сіңісіп кеткен дәстүрдің бірі. Халық түсінігінде баланы сүндетке тақ жасында отырғызады. Яғни үш жаста, бес, жеті, тоғыз, одан тым кешіккенде он үш жаста. Бұл жастан кешіктіруге болмайды. Өйткені шарифат бойынша ұл бала 13 жаста, қыз бала 10-11 жаста балиғатқа толады.

Қазақ халқы сүндетке отырғызылған баланың қамшы ұстар азамат болғанын білдіріп, ұлан-асыр той жасайтын болған. Бар жақсысын баласына, ұрпағына арнаған қазақ халқы құрсақтой, шілдеhana, бесіктой, қырқынан шығару, тұсаукесерден кейін осы сүндет тойды жасаған. Сүндет той жасау бала қарақұлақтанып қатарға қосылған күннен бастап ат жалын тартып

мініп, азамат атанғандығының алғашқы белгісі саналады. Мұндайда бай-қуатты адамдар ат шаптырып, балуан күрестіріп, ұлан-асыр той жасаған. Сүндеттелген бала ата-анасының сұрауы, өзінің қалауы бойынша жиналған қаржыны өзі жұмсайды.

Баланың сүндетке отыруы – оның азаматтық өмірге қадам басуымен тең. Сүндетке отырғызу – тазалықтың, пәктіктің, мұсылмандықтың белгісі. Қазақ салтында, сүндетке отырған баланың нағашылары «нағыз азамат, мұсылман болдың» деп тай мінгізсе, ата-әжелері түрлі базарлығын сыйға тартқан.

Жоғарыда айтылғандай ер балаларды үш, бес, жеті не тоғыз жасында сүндетке отырғызу дәстүрге айналған. Сүндетке отырғызбас бұрын әрбір ата-ана баласын алдын-ала психологиялық тұрғыдан дайындаған. «Бір, екі, үш, төрт, бес, шүметайымның басын кес!» деп тақпақ үйретіп, «сүндетке отырғаннан кейін сен нағыз жігіт боласың» деп күнделікті құлағына құятын болған. Осындай әңгімелерге әбден еті үйренген бала осы бір күнді асыға күтіп, іштей дайын болып жүреді. Қазақ халқы:

«Ашамайлы атқа міндің,

Мұсылмандық таққа міндің.

Сүндетке отырғаның – иманды болғаның,

Тойын тойлап, думанды болғаның», – деп баласын сүндетке отырғызған.

Бұрынғы кезде сүндеттелген балаға арнап кең әрі ұзын «сүндетжейте», «сүндеткөрпе» тігетін болған. Оны бала жарасы толығымен жазылғанша киген.

Сүндет тойын өткізетін сәтті күн алдын-ала белгіленеді. Кез келген ұл баланың арманы – жігіт болу, азамат болу, сол себепті ол да іштей осы күнді асыға күтеді. Бұл тойға қонақтарды баланың өзі шақырады. Сүндет тойға қонақты баланың өзі шақыруы –

есейгендігінің белгісі. Айшықты тарланбозға мінген, сәнді киінген бозбала мен құйрығын шарт түйіп, тайға мінген сүндет бала көпшілікті тойға шақырады. Оның бауырсақ пен тәттілер толтырылған қоржынынан тойға шақырылған үй иесі дәм татады.

Өз тойына шақырып келген балаға барған жерінде шашу шашқан. Сыйлығын беріп, қоржынына тәтті салған. Ол бала ауылына келгенде «бізді де осы күнге жеткізсін» деген ниетпен елдің салған шашуынан барлығы да сарқыт алған. Тойға келген туған-туыс, жекжат-жұрағат балаға міндетті түрде сый алып келген. Тіпті, кейбір туыстары бала тойға шақырып барған кезде-ақ атаған малын жетектетіп жіберген.

Тойға келген адамдар «сүндетің қабыл болсын!» деп баланың айналасына жеміс-жидек пен тәтті дәмін толтырып, жастығының астына ақша салатын болған.

Қазіргі таңда сүндет той дәстүріне тоқталар болсақ, біршама өзгешеліктер бар. Айталық, көп жағдайда қазіргі заманға сай етіп жарасымды түрде өткізілуде. Алайда кейінгі кездері «сүндет» деп аты айтылып отырған тойды ішімдікпен өткізу үрдіске айналып барады. Мұсылмандық той бұлай жасалмайды. Баланың ғұмырында ерекше орын алатын мұндай қуанышты ұлттық дәстүріміз бен діни танымымызға сай өткізген жөн.

Ал мұсылмандық шарифатқа келетін болсақ, баланы сүндетке отырғызу дінімізде үлкен мәнге ие әрі хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннет амалын жасау болып табылады. Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен бір хадисте Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْفِطْرَةُ خَمْسٌ: الْإِحْتِنَانِ، وَالْإِسْتِحْدَاذُ، وَقَصُّ الشَّارِبِ، وَتَقْلِيمُ الْأَظْفَارِ، وَنَتْفُ الْإِبطِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

«Бес нәрсе фитрадан (әуелгі жаратылыстағы әдеттерден). Олар: баланы сүндетке отырғызу, шаттың түгін қыру, мұртты басу, тырнақты алу және қолтықтың түгін кетіру»⁹.

Хадисте айтылғандай, сүндетке отыру – адамзат жаратылысымен астасып жатқан сипаттардың бірі. Бұл дәстүр – Ибраһим пайғамбардан (ғ.с.) бері келе жатқан ханифи дінінің рәмізі. Деректерде басқа да пайғамбарлар сүндетке отырып, дәстүрге айналдырған. Мысалы, өздерін Мұса пайғамбардың (а.с.) үмбеті санайтын яһуди дініндегілерде де сүндеттеу дәстүрі бар. Тазалық әдеттерін сақтауды Ибраһим (ғ.с.) пайғамбарға Алла Тағала бұйырған. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарымыздың хадистерінде Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың Алланың әмірімен сүндетке отырғаны айтылады.

Төрт мәзһаб бойынша сүндетке отырудың үкімі түрлі көзқараста. Яғни төрт мәзһаб имамдарының үшеуі: имам Мәлік, имам Шафиғи және имам Ахметтің пәтуалары бойынша сүндетке отыру – әрбір ер мұсылманға уәжіп, міндетті іс деп есептейді. Тіпті имам Мәлік сүндетке отырғызылмаған адамның имамдыққа шығуына да болмайды, әрі ондай адамның куәгерлігі де қабыл алынбайды деген қатал тұжырым жасаған.

Ал, имам Ағзам Әбу Ханифа сүндетке отыру – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті, діннің рәмізі деген үкімге тоқталған.

⁹ Хасан Аббас Қутуб. Сахих Муслим бишархи ән-Нәуәуи. – Ар-Рияд: Дәр аламу әл-кутуб, 2003. (Китаб ат-таһара) III т. – 146 б. Жалпы: 243 бет.

Бәсіре

Қазақ халқының әрбір жасаған әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері мағыналы, мазмұнды әрі тәрбиелі. Сондай салттың бірі ретінде бәсірені атай аламыз. Бәсіре – қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны нәрестенің бәсіресі деп атау салты. Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Яғни, бала туған кезде немесе есі кіріп, оң-солын таныған соң, «сүндет тойына» немесе мектепке барғанда атасы немесе өз атанасы оған тай атайды. Оны «бәсіре» тай дейді. Бала оны ерекше күтімге алады, бағады, үйретеді. Және сол арқылы мал бағуға, еңбекке үйренеді. «Бәсіре» атау баланың көңілін өсіреді, өмірге бейімделе бастайды. Өз қатарына «бәсіре тайым бар» деп мақтанып жүреді. Мұның бәрі баланың көңілін өсіріп, ынталандырып тәрбиелеудің бір жолы.

Бәсіре атын мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Есейе келе бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі түзу болады.

«Жастайынан бағып ем,

Бәсіре ғып торы тайым» (Х.Талғаров).

Сонымен қатар, есі кіріп 4-5 жасқа келген жас балаға да бәсіре тай тарту етіледі. Егер балаға арналған бәсіре аты үйретіліп, мінуге жарап тұрса, онда баланы соған мінгізеді. Салтанатты түрде үйретілген бәсіре тайға ашамай ерттелінеді. Кейде бәсіре тай белгілі бір себептерге байланысты мінуге жарамаса, баланың өзімен шамалас жуас, жүрісі жайлы, әрі сыр-сымбаты жарасқан құнан не дөнен ат таңдалады.

Баланың сол қолына аттың тізгінін, оң қолына қамшы ұстатады, аналар шашу шашып, тілектерін айтады. Баланы атқа мінгізген жігіт атты ерттеп, көрші-колаң, ауыл-ауылды аралатады. Ашамайға мінгізу рәсімін өткізген бала келген үйдің бәрі шашу шашып, баланың киіміне үкі, шашақ, теңге, моншақ қадайды.

Бала шаршады-ау деген кезде үсті-басы әшекейге толып, ауылға қайтып оралады. Сол күні мал сойылып, ат шаптырылып, той жасалады. Ашамайға баланы мінгізіп, аттың басын жетектеген жігітке, бата берген ақсақалға әке-шешесі сыйлық береді.

Бата сұрау

Бата сұрау – байырғы қазақ халқынан бүгінгі күнімізге дейін еш үзіліссіз жалғасып келе жатқан дәстүр. Халқымызда *«Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер»*, *«Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас»*, *«Жақсы сөз – жарым ырыс»* деген сөздер де бар. Алайда қазақ халқындағы сан ғасырлардан бері қалыптасып келе жатқан бата сұрау мен бата беру үрдісінің түп-төркіні асыл дініміз Исламда жатыр. Ардақты сахабалар Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағаладан өздері үшін дұға тілеуін сұрайтын. Өйткені, жан-дүниесі таза Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дұғасы қашан да қабыл болатын. Бірде сахаба Әнестің (р.ғ.) анасы Умму Суләйм (р.а.) Алла Елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: *«Уа, Расулалла! Әнас сіздің қызметшіңіз. Ол үшін Алладан дұға тілеңізші»*, – деп өтінеді. Сонда Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Уа, Алла! Оның малы мен жанын көбейте көр! Оған бергеніңнің құт-берекесін бере гөр»*, – деп тілек тілейді. (хадисті Бұхари мен Мүслім риуаят еткен). Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)

былай дейді: «Мұсылман адамның бауырына сырттай жасаған дұға-тілегі қабыл болады. Оның басында арнайы белгіленген періште тұрады. Кісі бауырына жақсылық тілеген кезде белгіленген періште: «Әмин! Саған да сондай жақсылық болсын», – деп тілейді» (хадисті Әбу Дарда (р.а.) жеткізген).

Бата – жақсылық пен игі ықыластың, ақ тілектің көрінісі. Бата сұрау – өзі қалаған адамнан ықылас пен ризалық, жақсы тілек пен жарасымды алғыс сұрау деген сөз. Қазақ халқында үйіне келген қонаққа барын беріп, сыйлы қонағына бір малын көлденең тартып, батасын алып соятын да салт бар. Үй иесі малын әкеліп қонағына «Әумин» деп қолын жайғанда, қонақ та қолын жайып батасын береді.

Бата беру жоралғысы ертеден қалыптасты. «Бата» дегеніміз «Фатиха» сөзінен шыққан. Фатиха – Құран Кәрімдегі ең бірінші сүренің аты. «Фатиха» сөзі «ашушы, беташар» деген мағынаны білдіреді. Яғни, аталмыш сүре – Құдай Тағаланың Кітабының алғашқы сүресі болғандықтан солай аталған. Батаның Фатихадан өрбитіндігіне бұл сөздің қазақ тіліндегі нұсқалары дәлел. Қазақта «бата оқыр» деп бір елге не қабірге барып, марқұмға Құран оқып қайтуды айтқан. Сүгірдің термесінде өзіне «Бәтихасын алам деп» кейбір келіндерінің шай құйып беретіндігі айтылады. Демек, «бата» сөзінің түп-төркіні – «Фатиха». Соған қарағанда ертеректе дінімізден ажырамай, мұсылмандығымызға мығым кезімізде ізгі адамдар елге айтатын бата-тілегін Фатиха сүресінен бастаған болуы керек. Халық арасындағы баталы, қазыналы қарттарымыз «Әлхамдының берекесін берсін!» деп бата-тілек айтып жатады. Міне, сол «Әлхамды» – Фатиха сүресі.

Бата беру өте құрметті іс деп саналады. Бата айтыларда бата тілеуші адам немесе жамағат алдымен

алақанын жайып, ишарат білдіруі тиіс. Ақсақал қауым әуезді үнімен мәнерлеп, бар ынтасымен бата береді. Бата аяқталған кезінде, жиналған қауым бір ауыздан «әумин» деп ас қайырып, «айтсын», «айтқаның келсін» деп бет сипасады.

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан бата беру дәстүрі тамаша сөз өнерінің де белгісі. Бата беру – сұраушыға жақсы тілек тілеп, адал ниетті білдіру. Ақ бата адамға рухани қуат, күш сыйлайды. Бата қандай жағдайда берілмесін адамды кісілікке, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Әдетте, бата беру ауылдың үлкендерінің, қадірлі қариялардың, атақты батырлардың, ақындарының, би-шешендерінің, ақсақалдарының, жолы үлкен адамдардың, құдайы қонақтың үлесіне тиген. Батаның бірнеше түрлері бар, яғни қысқасы және ұзыны болады. Мұның бәрі бата берушінің ақыл-ой, парасатының деңгейіне, шешендігіне байланысты. Егер де сөздері қадірлі, әрі ақ ниетпен айтылса, қысқа батаның да, ұзын батаның да қасиеті, күдіреті, күші бірдей. Батаның қабыл болуын тек жалғыз ғана Жаратқаннан тілеген жөн.

Қазақ халқындағы сан ғасырлардан бері қалыптасып кеткен бата сұрау, бата беру үрдісінің түп-төркінін асыл дініміз – Исламда жатқанын көреміз.

Бірде қатты қуаңшылық болып, адамдар Пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алладан жауын сұрауын өтінеді. Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дұға қылған сәтте-ақ көптен бері жаумаған нөсер құйып кетеді. Сол секілді ізгі пенделердің, ұстаздардың, ата-аналардың дұғалары қабыл. Олардан барып, бата-дұға сұрауға болады. Бірде Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Омарға (р.а.): *«Сендерге Йеменнен келетін көмекші әскерлермен бірге Қаран*

тайпасының Мурад аталығынан Уәйіс ибн Амир деген адам келеді. Оның алапес ауруы бар болған, кейін денесінің дирхем мөлшеріндей жерінен өзге жері түгел жазылған. Оның тілін екі етпей құрметтейтін анасы бар. Ол Аллаға ант ішсе, Алла оның дұғасын қабыл етеді. Егер одан өзің үшін Алладан жарылқау тілеуін сұрағың келсе, сұра», – дейді. Айтылған кісі Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірден озған соң Омардың (р.а.) халифалығының тұсында келеді. Мұсылмандардың халифасы одан өзі үшін, мұсылмандар үшін дұға қылуын сұрап, өтінеді. Басқа бір хадисте мұсылман адамның басқа мұсылманға жасаған тілегінің қабыл болатындығын, періштелердің «саған да сондай жақсылық болғай» деп «әмин» айтып тұратындығы туралы да айтылады. Бұл батаның негізі туралы түсінік.

Батаның да түрлері бар. Ақ бата көбінесе жаңа туған нәрестеге, өмір жолын жаңа бастаған ұл-қызға, жас отауға, алыс жолға шығушыларға, үлкен істі қолға алушыларға, түрлі жақсылықтарға арнап жасалынған тойларға, асқа, тасаттыққа, жиналған егін мен садақаға, құрбандыққа және ақ дастарханға беріледі.

Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Теріс батаны ата-ана сенімін ақтамай, әулетін, ата-тегін масқаралаған, қолын, тілін тигізіп, дінін, тілін, Отанын сатқандарға, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып бата берген. Батаның бұл түрі халық ішінде өте сирек қолданылады. Ата-анасының теріс батасын алғандарды ел ішінде, туған-туыс арасында жақтамаған, қыз беріп, қыз алыспаған, дос болмаған. Яғни, теріс бата ұрпақтан-ұрпаққа қара таңба болып қалған. Теріс батаны қайтару, қайтып алу үшін алқалы жұртты жинап, Алла Тағаладан теріс батаны өзгерту сұралып, жалбарыну рәсімдері жасалынған.

Тірі болса ата-анасы «Теріс батамды қайтарып алдым», – деп айтқан. Дегенмен, «Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табар» демекші, адамдардың қанша ашу мен ызаның үстінде отырса да, намыстанса да теріс бата беруге асықпағаны жөн. Өйткені хадистерде теріс бата беруге, мұсылманға жамандық тілеуге тыйым салынған.

Бата беру қазақ халқында әртүрлі жағдайларда орындалып отырған. Салт-дәстүрдегі белгілі бір рәсімдердің орындалуы кезінде, мәселен қыз ұзату кезінде ұзатылып бара жатқан қызға үлкендер бата берген. Бата айту арқылы қызға рухани күш-жігер беріп, бақыт тілеген. Барған жеріндегі қызға келін болудың қыр-сырын түсіндіретін болған. Бата шаңырақ көтеріп, жеке үй-жай болғандарға да беріледі.

Қадірлі адамдардың батасын алу – үлкен абырой. Қазақ халқы арасында кең таралған «пәленшеден бата алған» деген сөз – осының айғағы. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолындағы» Құнанбайдың баласы Абай үшін Ахмет Риза хазіреттен бата сұратқанын айтуға болады.

Әбу Ханифаның атасы Зұта ардақты сахаба Әлимен (р.а.) кездеседі. Сонда баласы Сәбитке игі тілек тілеуін өтінеді. Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) Жаратқаннан оның ұлына жақсылық, құт-береке тілеп дұға етеді. Сол дуалы сөзден шыққан ізгі тілектер қабыл алынып, Сәбиттен әлемге Әбу Ханифа атымен мәшһүр болған Нұғман есімді ұл дүниеге келеді. Бұл да болса «жақсыдан – шарапат» деген сөздің дәлелі болса керек. Кейіннен Әбу Ханифа да Әли (р.а.) ұрпақтарын айрықша құрметтеген екен.

Қонақжай қазақ халқы дастархан басында да бата беруді ұмытпаған. Батаның бұл түрі көп жағдайда ас ішіліп болған соң айтылатын болған. Астан соң айтылған батада, үй иесінің қонақжайлығы мен жомарттығына

қатысты сын мен мадақ қамтылған. Егер дастархан иесіне батагөй риза болса, жақсы тілектермен батасын жаудырған. Ал, көңілі толмаса үй иесін өткір сөздермен сынап отырған.

Қарап отырсақ, бата адамды теріс қылықтардан сақтандырады. Ал жастарды ізгілікке, қайырымды істерге баулиды. Қандай бір іске кірісерде немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда ақсақалдардан бата алатын болған. Сондай-ақ, үйіне келген құдайы болсын, құттысы болсын қадірлі қонағынан да бата алып қалуды дәстүрге айналдырған. Мысалы, «Абай жолындағы» Барлас пен Байкөкше жыраулардың Абайға берген батасынан да байқаймыз.

Асыл дінімізбен астасып жатқан бата сұрау дәстүрін ұмытпай, әрдайым ұрпаққа жеткізе білу қазір де маңызды. Ата-ананың, мүсәпір жолаушының, салихалы мұсылманның дұғалары қабыл болатын баталардың қатарына жатады.

Ұлттық ойындар

Әрбір халықты алып қарасақ, өзінің табиғаты мен болмысына сай ұлттық ойындары бар. Мәселен, қазақ халқында ежелден келе жатқан «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Тоғызқұмалақ», «Асық ойыны», «Ине, жіп және түйіншек», «Қызыл ту», «Теңге ілу» т.б. ұлттық ойындары еске оралады. Ұлттық ойын дегеніміз – баланың ақыл-ойын дамытып, көңіл көкжиегін кеңейтіп, дүние танымын қалыптастыратын тәрбие құралы. «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындардың түп мазмұнында осындай тәрбиелік мән жатыр.

Шынында, адамның тәні мен рухани дүниесіне пайдасы көп спорт түрлерінен қазақ халқы кенде болмаған. Әсіресе, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде айтылатын

күш-қуатты, біліктілікті, ептілікті шыңдайтын спорт түрлерін ата-бабаларымыз ұлттық сана негізінде дамытып, сүннетпен бекітіп, ғасырдан-ғасырға жеткізген.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «الْمُؤْمِنُ الْقَوِيُّ خَيْرٌ وَأَحَبُّ إِلَيَّ مِنَ الْمُؤْمِنِ الضَّعِيفِ، وَفِي كُلِّ خَيْرٍ».
رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Күшті мүмін Алла үшін әлсіз мүміннен гөрі қайырлы әрі сүйікті. Алайда әрқайсысында да қайырлылық бар»*. Мүслим риуаят еткен.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «حَقُّ الْوَالِدِ عَلَى الْوَالِدِ أَنْ يُعَلِّمَهُ الْكِتَابَةَ وَالسَّبَاحَةَ وَالرَّمِيَّ، وَأَنْ يُؤَدِّبَهُ طَيِّبًا». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Әкенің баланың алдындағы міндеті: жазу-сызуды, жүзуді және садақ атуды үйрету әрі жақсы етіп тәрбиелеу»*, – деген. Бәйһақи риуаят еткен.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَلِّمُوا أَبْنَاءَكُمْ السَّبَاحَةَ وَالرَّمِيَّ، وَالْمَرْأَةَ الْمِعْزَلَ». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Басқа риуаятта Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Балаларыңа жүзуді, садақ атуды, ал әйел баласына тоқуды үйретіңдер»*, – деген. Бәйһақи риуаят еткен.

كَتَبَ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِلَى أَهْلِ الشَّامِ أَنْ عَلِّمُوا أَوْلَادَكُمْ السَّبَاحَةَ وَالرَّمِيَّ وَالْفُرُوسِيَّةَ. رَوَاهُ السِّيُوطِيُّ.

Әділетті халифа Омар (р.а.) Шам еліне жазған хатында: *«Өз балаларыңа садақтан оқ атуды, суда*

жүзуді және атқа мінуді үйретіңдер», – деген. Ас-Сиюти жеткізген. Міне, осыдан анық білеміз: егер ойындар ақыл-ойды дамытып, денеге күш-жігер сыйлайтын болса, оның дінге қайшылығы жоқ.

Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сынды қазақтың белгілі ағартушылары ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні жоғары екенін айтып өткен.

Ұлттық ойындар өскелең ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Халық арасында «Денсаулық – зор байлық» деп тегін айтылмаған. Ұлттық ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – адам ағзасының дұрыс әрі сергек өсуінің кепілі. Сонымен қатар, ұлттық ойын барысында балалар көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бейімделеді.

Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы М.Жұмабаев ұлттық ойындарды «халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі» деп тұжырымдаған. Ұлттық ойындар – халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындар халықтың өмір сүру әдісін, тұрмыс-тіршілік еңбегін, ұлттық дәстүрлерін, батырлық-батылдық туралы түсінігін дәріптеп қоймай, адалдыққа, күштілікке ұмтылуға, шыдамдылыққа т.б. құндылықтарға тәрбиелеген. Бірнешеуін мысалға келтірейік:

Мәселен, **асық ойнау** – қазақ халқының дәстүрлі ойындарының бірі. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Асық – ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулитын тәрбиенің көзі. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды.

Асық – төрт түлік мал мен аңдардың тілерсегінде болатын, бітісі бөлек, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Ешкі, қой, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан сыртқы формасы бір пішіндес, мүсіндес зат. Жылқы асығы бұларға ұқсамайды, басқа пішінде болады. Қасқыр асығы да басқа.

Ойын аттары – «Ханталапай», «Хан атпақ», «Хан жақсы ма?», «Ханды қара басты», «Хан мен уәзір», «Үйірмекіл», «Сасыр», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Үштабан», «Омпы», «Алтыатар», «Шықетер», «Тисінқабат», «Табан», «Төрт асық», «Бес асық» тағы басқа түрлері қазақ даласына кең тараған.

Асық ойыны тек көңіл ашу, құмарлық ойыны ғана емес. Бейне шахмат ойынының төркініндегі әскери стратегия сияқты. Бұл да халқымыздың ел болуы мен Тәуелсіздігі жолындағы ішкі-сыртқы қорғаныс мәселесін терең зерттеуден туған. Ұлттың ілкідегі елдік ішкі кемелін, ірге бекітуін, хан мен қараша арасындағы бірлік пен байланысты нығайтуды ойлауы арыдан жалғасын тауып келген ұлттық негіздің ойын түріндегі көрінісі.

Жалпы ұлттық ойын түрлерінің астарында игілікке айналған істің, оқиғаның, негіздің болатыны даусыз. Ол тағы уақыт өте келе сөзсіз дәстүр түрінде істелетін салттық іске не ойнайтын ұлттық ойынға айналып, жалпы ұлттық өң алып, халықпен бірге жасайды. Немесе ол оқиғаны ұлттың күллі азаматтары, жастары, балаларына дейін білетін болады. Оның кейін неге ойынға айналу себебін де біледі (білдіріледі), түсінеді. Түсінгесін тұтынады. Тұтынғасын олар өздерінің дәстүрі етіп жалғастырады.

Асықтың сипаттарына келсек, **сақа** – патша, асықтың патшасы деген мәнді берсе, **алшы** сөзі – бағы

асқан хандық мерейді білдіреді. **Тәйке** – уәзір, ханның орынбасары деген мәнді берсе, **бүге** – бүк түсу, бүгілу, бағыну, міндет атқару деген мазмұндарды беру арқылы жалпы әскерлік түсті білдіреді. **Тұрық** – тұру, тақ, тақта тұру, тірек, тіреу, тұғыр, тұрақ мәндерді өз ішіне алу арқылы орнында отырған ханды, оған тұрақ болар мекен мен ел-халықты меңзесе, **жаттық** – түзулік, тыныштық, жайлылық мәнін білдіріп, тұрақпен үндесіп тұр. **Оңқай** мен **солақайды** – оң қанат, сол қанат әскери жүйе деп ұққан еш қате тудырмайды.

Демек, бір асықтың алты жағына қойылған аттың өзі патша-ханмен, ол басқаратын әскермен, мекенмен, халықпен үндесіп жатуы қазақ асық ойынының жай ғана балалар ойнайтын ойын түрі емес екенін, құмарлық ойыны тіпті де емес екенін, керісінше, тұнып тұрған елдік, әскери стратегия екенін білеміз. Асық ойыны жайлы:

«Қой асығы демегін,
Қолға жақса сақа (хан) ғой.

Жасы кіші демегін,

Ақылы асса аға (патша) ғой!» – деген өлең жолдарынан да анық байқаймыз.

Бірақ кейін заман өте келе асық ойынындағы елдік қорғанысқа құрылған мазмұндар ұрпақ алмасудан, жалаң ойындық, тіпті кейде құмарлық түс алған.

Оның осы құмарлық жағы дендей бастағанда бабаларымыз ұрпағына ескертіп:

«Асық ойнаған азады,
Тобық ойнаған тозады.

Бәрінен де қой бағып,

Құйрық жеген озады!» – деп жас өскінді құмардан қайтарып, адал еңбекке шақырып отырған.

Асық ойынының дінімізге еш қарсылығы жоқ, ол құмарлық ниетінен туындамайды. Құран тек қана құмар ойынға қарсы. **Бұл туралы Құран былай дейді:**

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَامُ

رَجْسٌ مِنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ﴾

«Уа, иман келтіргендер! Расында мас қылатын ішімдіктер, құмар ойындар, тас пұттары мен пал ашатын жебелер шайтанның лас іс-әрекеттерінен болып табылады. Одан аулақ болындар, мүмкін сендер құтыларсындар» («Мәида» сүресі, 90-аят).

Көне кезден бүгінге жалғасып жеткен **көкпар** – ұлттық ат спорт ойындарының бірі.

Көкпар – қазақ сияқты көшпенді халықтардың байырғы заманнан бері келе жатқан ұлттық ойыны. Көкпар үлкенді-кішілі той-томалақта, жеңісті, қуанышты күндерде өткізіледі. Қаза мен қайғыда көкпар ойналмайды. Көкпар ойынның шығуы жайлы зерттеушілер көкпар тартудың әу бастан әскери машық қажеттілігінен туғанын айтады. Мысалы, түркі қағандығы кезіндегі «дербес жасақтар» осындай жаттығулар нәтижесінде сынақтан өткен жауынгерлерден жасақтаған. Әскери машықтың бұл түрі бейбіт күндерде көкпар тарту ойынына ұласып отырған көрінеді.

Расында, көшпенділердің өмір сүру салтында, жауынгерліктің маңызы зор. Бұл ретте Махамбеттің «ат үстінде күн көрмей... ерлердің ісі бітер ме?» деген өлең жолдарын мысалға келтіруге болады. Шынында, ат үсті майдан даласында дайындықсыз сарбаздың ажал құшуы мүмкін. Сол себепті, көкпар сияқты ұлттық ойын түрлерін жетілдіру арқылы жауынгерлік дайындықтың мәні зор. Айталық, қырғын шайқас кезінде жараланған жолдасын жау қолына тастап кетпес үшін, оның денесін

жерден іліп алып, майдан ортасынан алып шығу керек. Ал, бұл көкпар тартып әбден машықтанған сарбаз үшін қиынға соқпайды. Демек, көкпар дегеніміз – жауынгерлік өнер.

Көкпар тарту үшін сойылған ешкі түлігін қолданады. Алтай қазақтары көкпарға көк түсті ешкіні (лақ, серке) тартатын болған. Сондықтан да ол өңір көкпарды «көксерке» немесе «көклақ» деп те атайды. Көкпарға лақ немесе үлкен серкенің таңдалуының өзіндік ерекшелігі бар. Лақты жас балалар тайға мініп тартса, серкені сақа жігіттер тартады.

Көкпар – тек қазақ халқы ғана емес, Орта Азия халықтары арасында да кең тараған ойын түрі. Көкпардың қырғыз «кукбури», өзбек тілдеріндегі атауы «Улак тартыш». Ал, көкпар тәжік тілінде «бузкаши» деп аталады. Сонымен қатар, Ауғанстан халқының «бузавиш» ойыны көкпарға өте ұқсас болса, Аргентина халқының да осы тәрізді ат спорты ойындары бар.

Халық тарихына зер салсақ, Алладан аманат болған Құран аяттарына амал еткен халқымыз сүннеттен тыс өмір сүрген жоқ. Оны халқымыздың Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетінде ардақталған ат спортына ерекше мән беруінен байқаймыз.

Бұл орайда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«الْخَيْلُ مَعْقُودٌ فِي تَوَاصِيهَا الْخَيْرُ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ الْخَيْلُ ثَلَاثَةٌ: هِيَ لِرَجُلٍ أَجْرٌ، وَهِيَ لِرَجُلٍ سِتْرٌ، وَهِيَ عَلَى رَجُلٍ وَزْرٌ، فَأَمَّا الَّذِي لَهُ أَجْرٌ فَالَّذِي يَتَّخِذُهَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَيُعِدُّهَا لَهُ هِيَ لَهُ أَجْرٌ لَا يَغِيبُ فِي بُطُونِهَا شَيْءٌ إِلَّا كَتَبَ اللَّهُ لَهُ أَجْرًا».

«Аттың кекіліне (жалына) жақсылық байланған, ол Қиямет күніне дейін жүріп тұрады. Аттың үш

түрлі жақсылығы бар: ат – ер жігіттің сыйы; ат – ер жігіттің абыройы; ат – ер жігіттің ауыртпалығын көтереді. Ал жақсылық (марапат) жазылатын ат – Алланың жолына шыққан ат. Бұл аттың сауабы оның иесіне жазылады. Бұл сауаптың ешбірі жоғалмайды. Оның барлығын Алла жазып қояды» деген¹⁰.

Бұл хадистегі аттың бейнесін бірнеше жағдаймен салыстырып қарауға болады. Біріншісі, ат – береке. Оның жалынында жақсылық бар. Ол – жақсылық, өзінің иесіне Қиямет күніне дейін сауап пен береке әкеледі. Екіншісі, ат – ер жігіттің сәні мен сыйы. Ертеде аты бар жігітті ермен теңеген. Үшіншісі, ат – ер жігіттің абыройы. Ер жігіт атқа мінгенде бойын түзеп, көкірегін керіп өзін абыройлы сезінген. Аты бар жігіттің әлеуметтік жағдайы да жақсы дегенді білдірген. Төртіншісі, ат – ержігіттің ыстығын да, суығын да көтеретін қасиетті жануар. Қасындағы сенімді серігі, арқа сүйер досы десек артық айтқан болмаймыз. Ал мына хадисте жылқы малының сұлулық символикасы білдірілген. Хадисте: «بمن الخيل في الشقر» («юмну әл-хайли фи әш-шукри») «Аттың сұлуы – сарғылт түсті (жирен) болуы»¹¹.

«Аттың да сұлуы бар» – деп Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аттың түсін сұлулықпен теңейді. Араб тайпаларының арасында ең қымбат түйе – қызыл түйе болып табылады. Сол секілді бұл хадиске сәйкес аттың әдемісі – сарғылт түсті ат екенін білеміз.

¹⁰ Ат-Тирмизи. әл-Жамиғу ас-сахиху сунан ат-Тирмизи. Баспаға әзірлеген Ахмад Мухаммад Шакир. Бейрут: Дәр ихия ат-турас әл-араби, 1962. 4 т. – 173 б. (№ 1636 х.) 717 бет.

¹¹ Ат-Тирмизи. әл-Жамиғу ас-сахиху сунан ат-Тирмизи. Баспаға әзірлеген Ахмад Мухаммад Шакир. Бейрут: Дәр ихия ат-турас әл-араби, 1962. 4 т. – 203 б. (№ 1695 х.) 717 бет.

Мұндай атқа кез келген адамның қолы жете бермейтін нығмет, байлық екенін көреміз. Себебі, хадисте келген бірінші «юмну» сөзі қазақ тілінде «неткен керемет!» деген мағынаны да білдіреді. Демек, сарғылт түсті атқа – неткен керемет, деп айта аламыз.

Келесі хадисте: *«Адам баласы атты соңғы күнге дейін тастамас, өйткені сол арқылы оның бұл дүниеде де олжасы бар, ақыретте де сыйлығы бар»* деген (әл-Бұхари; Имам Мүслім).

Хазірет Омар ибн әл-Хаттаб: *«Өз балаларыңа садақтан оқ атуды, суда жүзуді және атқа мінуді үйретіңдер»*, – деген.

Сонымен халқымыз көкпар ойынына жасқа толған серкенің семізін таңдаған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 20-30 кг мөлшерінде келеді. Өйткені көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін, сондай-ақ жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастыратын спорт түрі.

Егер көкпарды қауіпсіздік әрі шарифи талаптарға сай өткізетін болса, оның дінге қайшылығы жоқ. Ал адам өліміне, жарақатқа соқтырып, мұсылмандарды арасында жікшілдік, өшпенділік тудырып, құмар ойынға айналатын болса, оған тыйым салынады.

Мұсылман елдерінде поло сияқты ат өнері ежелден дамыған. Ата-бабаларымыздан дәстүр болып қалыптасқан әрі шарифатта өсиет етілген ат өнерін қайта жаңғыртып, дамыту қазіргі заманның талабы болып отыр. Сондықтан қазір ат өнеріне тыйым салу емес, керісінше, оны қайта жаңғырту күн тәртібінде тұр. Атқа мініп, ауруынан айығып, емделіп жатқан жандар қаншама. Тек шектен шығуға жол бермеу қажет.

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет

тойларының думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі самдағай әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», – деп айтқан. Салт-дәстүрдің аясында қалыптасқан көптеген ұлттық ойындардың астары дінімізден бастау алғанын толық аңғартады. Біз олардың мазмұнын меңгеріп, дін мен дәстүр аясында заманға сай дамытқанымыз жөн.

Аударыспақ – салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысы. Бұл ойынға қайрат-күші мол, батыл да төзімді, шапшаң қимылдап, ат құлағында ойнай білетін жігіттер қатысады. Ежелгі заманнан келе жатқан бұл ойын жаугершілік кезінде найза ұстап, қылыш шабатын жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған.

Күрес – қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан спорт ойындарының бірі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің өзіндік ерекшеліктері көп.

Кеңес дәуіріне дейін қазақша күрес негізінен әдет-ғұрыпқа байланысты және еңбек процестерінде жеткен жетістіктерін дәріптейтін жиын-тойларда өткізілді. Бұрын қазақша күрес «Күш атасын танымайды» деген түсінікпен салмағына, дәрежесіне, жасына қарамай өткізіле берген. Тіпті, ағасы мен інісі күресіп қалатын кезі де болған. Сондай-ақ, күрестің белгілі бір жүйеге түскен белдесу ережесі де болмаған. Күреске түскендер үлкен-кішілігіне қарамай, қайсысы күшті болса, сол жеңіске жеткен. Жиын-тойларда ғана күш сынасып

қоймай, кім жеңеді деп егеске түскен екі балуан кездескен жерде ат үстінен түсе қалып, белдесе кететін болған. Ел ішінде атағы жайылған Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар т.б. осындай алып балуандар болды.

Қазан төңкерісіне дейін ас беру, қыз ұзату, күзем алу, наурыз сияқты жиын-тойларда белдесу күресі өтетін жерлерге текемет төселіп, балуандар күресуге шыққанда, аяқтарына мәсі киіп немесе жалаң аяқ шыққан. Үстеріне тізеден төмен түсетін шапан киіп, беліне екі-үш қабат белбеу байлаған.

Төреші күресуге шыққан балуандарды қолдарын айқастыра ұстап белдестіреді. Бұл белдесуді қазақтар «қоян-қолтық ұстасу» деп атайды. Белдесу барысында, ереже бойынша, қолды белбеуден босатуға болмайды.

Белдесу барысында жеңіске жеткен балуан орнында қалады. Егер ол өзімен белдесуге шыққан жаңа балуанмен күресуден бас тартып, басқамен күресемін десе, онда оған рұқсат етіледі. Бірақ соңында жеңімпаз аталатын балуан біреу ғана. Оның барлық кездесуде де жауырыны жерге тимеуі керек.

Белдесу барысында қарсыластардың біреуі жығылып, жауырыны жерге тисе, қарсыласы оның басынан аттап кетсе, ол жеңілген болып есептеледі. Егер де, қарсыластың біреуі әдіс қолданғанда, екіншісі оған қарсы әрекет жасап, екеуі бірдей құлап түссе, онда бұл белдесу «итжығыс» (ешқайсысы жықпаған) деп аталады. Мұндайда, төреші оларды қайта күрестіреді.

Күрес адамның бұлшық еттерін қатайтып, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, тез ойланып, тез әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақша күрес – күш жетілдіретін спорт, қорғанудың ұлттық өнері.

Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады, мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу,

салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқ басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде; арнаулы жазық жерде, тегістегі қар үстінде белдесіп күресе береді. Ойынның ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес күресуші бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады.

Міне, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде айтылатын күш-қуат, біліктілікті, ептілікті шындайтын спорт түрлерін ата-бабаларымыз ұлттық негізге сай дамытып, ғасырлар көшінде сүннетті берік ұстанған.

Ұлттық ойындар қатарындағы аламан бәйге, жамбы ату, аударыспақ, теңге алу, асық, білектесу (қол күрес) тағы да басқа ойындарымыз адам денсаулығын жақсартумен қатар, арадағы бауырмашылықты арттыратын қасиеттерге ие.

Сахаба Әбу Һурайра жеткізген хадисте хазрет пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы мәселеге байланысты:

«الْمُؤْمِنُ الْقَوِيُّ خَيْرٌ وَأَحَبُّ إِلَى اللَّهِ مِنَ الْمُؤْمِنِ الضَّعِيفِ وَفِي كُلِّ خَيْرٍ».

«Екеуінде де өз қайыры болса да, қуатты мүмін Аллаға, әлсіз мүміннен жақынырақ және сүйіктірек», – деген (Имам Мүслім).

Аталмыш күрес түрлеріне қатысты, әйгілі ғалымдарымыздың бірі ибн Абидин былай дейді: «Күрес бидғатқа жатпайды, өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әл-Асуад әл-Жумәһи және Руканамен күреске түскен. Ол кезде, Рукана Алла елшісіне егер пайғамбар жеңсе, Исламды қабылдайтынын айтып шарт қойған. Сонда Алланың

пайғамбары (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оны үш рет қатарынан жерге жыққан». Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Руканамен күрескенін айғақтайтын әңгіменің толық нұсқасы мынадай.

Меккелік бір адам ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Арабиядағы атақты жауырынын жерге тигізбеген палуан Руканаға барып, оны Исламға шақыруға ұсыныс жасайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұсынысты қабыл алып, Рукананы көруге барды.

Рукана есіктің алдына жақындағанда, Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) одан куәлік сөздерін айтуын, яғни Алладан басқа Тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Оның елшісі екеніне куәлік етуін сұрайды. Рукана бойы өзінен аласа әрі дене бітімі де екі есе кіші Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қарап, мысқылдай күледі де, лезде келісе кетеді. Алайда бір шартты орындаса ғана, яғни Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзімен күресіп, білек сынасуға келіссе ғана, ұсынысын қабыл алатынын айтады. Егер Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жеңіске жетсе (Рукана мүлдем мүмкін емес нәрсе деп білді), онда ол Ислам дінін қабылдайды, ал егер өзі жеңсе, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) райынан бас тарту керек болды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның бұл ұсынысына келісті, күрес 3 күннен кейінге белгіленеді.

Меккеліктер Рукананы қолпаштап, қолдаумен болды. Соған қарамастан Әбу Бәкір (р.а.) көздері жасқа толы жыларман күйде жүріп Мұхаммедтің (оған

Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жағында болды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Әбу Бәкірден көз жасын төгуінің себебін сұрайды. Сонда Әбу Бәкір пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жауырыны жерге тиіп, жеңілгенін көруге шыдай алмайтындығын айтады. Себебі, сүйікті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) соңғы үш күннің ішінде нәр де тартпаған болатын, ал Рукана болса, қарны тоқ, аузы астан босамайтын алып еді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған: *«Руканаға күш берген Жалғыз Иеміз, жеңісті де Беруші - Алла қазір менімен бірге»*, – деп жауап қайтарады.

Рукана мен Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) белгіленген жерде кездескен кезде, Рукана Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұрын-соңды күресіп көрген-көрмегендігін сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған ешкіммен күресіп көрмегенін айтады. Рукана жекпе-жектің ережелерімен таныстырады: жеңімпазды анықтау үшін біріншісі қарсыласына шабуыл жасаса, екіншісі сәйкесінше қорғануы керектігін және кейін керісінше болатындығын айтады.

Рукана Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қарсы шабуылды бірінші болып бастағысы келмес пе екен деп сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұсыныстан бас тартып, өзінің адамзатқа рақым ретінде жіберілгенін және өз үмбетінің ішіндегі адамдарға қол көтеріп, қарсы шабуыл жасаған адам ретінде есте қалғысы келмейтіндігін айтады.

Сөйтіп Рукана Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бас салып, шабуыл жа-

сайды, ал ол болса Рукананы өте епті түрде әрі өте ақырын көтеріп алып, кеудесіне дейін жақын ұстап, кейін оны жерге түсіреді, дәл бір баласына қамқорлық, жанашырлық танытқан анасындай. Рукана орнынан лезде атып тұрып, келесі шайқастың басталуын сұрайды. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіседі. Екіншісінде, тіпті үшінші ретте де пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дәл соны қайталайды.

Бұған дейін бірде-бір рет жеңіліп көрмеген, болған жайттардың бәріне сене алмай таңқалған Рукана орнынан атып тұрып, былай дейді: *«Мен Алладан баска Тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік етемін»*, – дейді.

Кей риуаятта Рукана Исламды Мекке алынғаннан кейін қабылдады деп айтылады (әл-Хәким, Әбу Дәуіт, Өт-Термези). Барлық халық бұл көрініске қатты таң қалып, көңілдері қалып, қамыққан күйі тарасады. Оның ең жақын достары келіп: «Ей, Рукана! Сен қалай Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алланың елшісі екеніне куәлік еттің? Ол сені дуалап алды ма?» – деп сұрайды. Сонда Рукана шөлдің қақ ортасында, күннің мынадай аптап ыстығында Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оны көтеріп алып, кеудесіне тақаған сайын жүрегінің салқындығын сезгенін айтады. Сондай-ақ, әдетте палуан қарсыласын көтеріп алған соң оны жерге алып ұруы керек еді дейді.

Рукана өзін көтеріп алған Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сол күшіне, байыппен жерге түсіргендегі махаббаты мен рақымына куә болған еді. Әрине, Алланың шынайы елшісі ғана (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осылай істеуге қабілетті.

Міне, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осындай күресін түсінген халқымыз күресті сүннет деп бағалаған. Және соған орай өз ережелерін қалыптастырған. Тіпті «Күш – атасын танымас» деген нақыл айтқан.

Имандылық тәрбие

Имандылық тәрбие – адамның иманына, ар-ұяты мен адамгершілігіне негізделген тәрбие жүйесі. Алайда, бұдан имандылық тек қана жекелеген тұлғаның адамдығын айқындайтын мінез сипаты деген ұғым тұмаса керек. Өйткені, халқымыздың ұғымында «Отан отбасынан басталады» деген түсінік бар. Баласына бесігінде жатқанында-ақ:

Тәтті айтқанда бал тамған,

Ащы айтқанда қан тамған.

Ақын болар ма екенсің?

Не болмаса жүректі,

Күш, қайратты, білекті,

Кемшілікке көнбейтін,

Батыр болар ма екенсің? – деп, кішкене періштені елге тұтқа болар зор азамат болуға баулыған. Даналардан қалған «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – атаға жете туады, бір бала бар – атадан кері кете туады» сынды нақыл сөздер – осы сөзіміздің айғағы. Бұл ретте имандылық тәрбиесінің алар орны зор.

Ислам дінінде бала – өмірдегі сынақтардың бірі ретінде қаралады. Сол себепті сынақтан сүрінбей өту үшін балаға өмірде жақсы-жаманның, обал-сауаптың не екенін, қалай жақсы адам болудың жолдарын үйрету, парасатты тәрбие беру – ата-анаға міндеттелген іс. Алла Тағала алдындағы ата-ананың жауапкершілігі осындай. Мінез-құлықты қолдан жасауға болатыны үшін, бала тәрбиесі туралы айтылған хадис шәрифтерде былай деп бұйырылған:

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «افْتَحُوا عَلَيَّ صِبْيَانَكُمْ بِلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ». رَوَاهُ الْحَاكِمُ.

«Балаларыңның тілін «Лә иләһә иллаллаһпен» ашыңдар» (имам Хаким).

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَأَنْ يُؤَدَّبَ الرَّجُلُ وَلَدَهُ خَيْرٌ مِنْ أَنْ يَتَّصِدَّقَ بِصَاعٍ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

«Кісінің өз баласына бір мәрте әдеп үйретуі бір сағ садақа бергеннен артық» (имам Термези).

فَعَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُعَوِّذُ الْحَسَنَ وَالْحُسَيْنَ وَيَقُولُ: إِنَّ أَبَاكُمَا كَانَ يُعَوِّذُ بِهَا إِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ: أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّةِ ، مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَهَامَّةٍ ، وَمِنْ كُلِّ عَيْنٍ لَامِئَةٍ . رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) немерелері Хасан мен Хүсейінге сақтандыру дұғаларын оқығанда: «Расында, аталарың (Ибраһим пайғамбар) Исмаил мен Исхақты осы дұғамен сақтандыратын: Алланың кәміл сөздерімен әрбір шайтаннан, зиянкестен әрі әрбір өткір көзден сақтанамын». Бұхари риуаят еткен.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: جَاءَ أَعْرَابِيٌّ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: أَتُقْبَلُونَ الصَّبِيَّانَ فَمَا نُقْبَلُهُمْ؟ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: "وَأَمْلِكُ لَكَ أَنْ نَزَعَ اللَّهُ مِنْ قَلْبِكَ الرَّحْمَةَ". رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Бірде Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір бәдәуи араб келіп: «Сіздер сәбилеріңізді сүйесіздер ме?» – деп танданды. Сонда Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі

болсын) оған: «Егер Алла жүректеріңнен мейірімді алып қойған болса, не істейін?» – дейді. Бұхари риуаят еткен.

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَدْعُوا لِلْحَسَنِ وَالْحُسَيْنِ: «اللَّهُمَّ إِنِّي أَحِبُّهُ فَأَحِبَّهُ وَأَحِبَّ مَنْ يُحِبُّهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хасан мен Хүсейін үшін: «*Уа, Алла! Расында, мен осыларды жақсы көремін, Өзің де жақсы көр, әрі оларды жақсы көргендерді де жақсы көр*», – деп дұға ететін. Бұхари риуаят еткен.

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَلِّقُوا السَّوْطَ حَيْثُ يَرَاهُ أَهْلُ الْبَيْتِ، فَإِنَّهُ لَهُمْ أَدَبٌ». المعجم الكبير للطبراني.

Ибн Аббас (р.а.) жеткізген риуаятта Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Үйлеріңдегі жандар көруі үшін қамшыны іліп қойыңдар. Расында, ол олар үшін әдеп*», – деген. Табарани риуаят еткен.

Әңгімені дұрыс тыңдай білу де өнер. Қазақта «Тыңдай білу – ұлылық», «Тыңдалмаған сөз жетім» деген мақалдар бар. Әңгіме, не дәріс айтылып жатқанда байыппен, мұқият тыңдай білу үлкен сабырлықты, әдептілікті талап етеді. Бабаларымыз жеткіншек ұрпақты қасына алып, өткен-кеткеннің өнегелі қиссалары мен шынайы өмірден алынған ғибратты жайттардан сыр шерткен. Ол үшін жас ұрпақты әңгіме, өсиетті, үлкендерді ақылын дұрыс ұғыну үшін тиянақты тыңдай білуге баулыған. Мұның өзі дала халқындағы этикет тәртібінің аса биік болғандығын білдіреді. Басқаны тыңдай үйрену, негізінде, үлкен өнегелік.

Тіпті, айтылып жатқан нәрсеге келіспеушілігің не алып-қосарың болса да, ақырына дейін тағат ете тыңдау – шынайы тәрбиелілік нышандарының бірі. Осы қағидатты берік ұстанған ата-бабаларымыз ғасырлардан жеткен ел мұралары мен діни білімді құлаққа құйып, кейінгіге жеткізе алды. Өскелең ұрпаққа: «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді, құйма құлақ құйып алады» деп, айтқанды лезде қағып аларлық қағылездікке үйретті. Халқымыздың ғасырлардан бері келе жатқан этнопедagogикасында кездесетін осынау этикет қағидаттарынан көзі қарақты жан білім алудың алғышарттарын, асыл дініміздің шуағын табады.

Әуелде Жаратқан Иенің Өзі жаратылысын әмір-тыйымдарын жақсылап тыңдап, Өзінен қорқуға әрі Өзіне бағынуға шақырады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ وَأَسْمِعُوا وَأَطِيعُوا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ендеше шамаларың жеткенше Алладан қорқындар, тыңдандар әрі бағынындар» («Тағабұн», 16).

قَالَ الْحَسَنُ بْنُ عَلِيٍّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا لِإِبنِهِ: يَا بُنَيَّ، إِذَا جَالَسْتَ الْعُلَمَاءَ فَكُنْ عَلَى أَنْ تَسْمَعَ أَحْرَصَ مِنْكَ عَلَى أَنْ تَقُولَ، وَتَعَلَّمَ حُسْنَ الْإِسْتِمَاعِ كَمَا تَتَعَلَّمُ حُسْنَ الصَّمْتِ، وَلَا تَقْطَعْ عَلَى أَحَدٍ حَدِيثَهُ وَإِنْ طَالَ حَتَّى يُمْسِكَ (مِنْ كِتَابِ الْأَمَالِيِّ لِأَبِي عَلِيٍّ الْقَالِيِّ).

Хасан ибн Әли (р.а.) өзінің ұлына: «Уа, балам! Егер ғалымдармен бірге мәжілісте отырсаң, көп тыңдап, сөйлемеуге тырыс. Жақсы тыңдауды, көркем түрде үндемей отыруды үйрен. Қанша ұзақ болса да, ешбір адамның сөзін кеспе», – деген.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «نَضَرَ اللَّهُ امْرَأً سَمِعَ مِنَّا شَيْئًا فَبَلَّغَهُ كَمَا سَمِعَ فَرَبَّ مُبَلِّغٍ أَوْعَى مِنْ سَامِعٍ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бізден бір нәрсе естіп, оны дәл сол естігеніндей етіп басқаларға жеткізген адамның жүзін Алла жарқын етсін», – деген. Термези риуаят еткен.

Ислам тағылымы ұлмен бірге қыз баласының тәрбиесіне де ерекше көңіл бөледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне нәзік жандыларға ерекше қарауды үйреткен.

Парасатты, ізгі тәрбие және тәрбиенің кемелдігі неден басталмақ? Бұл ең әуелі баланың өз ата-анасын сыйлауы, иманды болып өсуі, жанашыр, адал, еңбекқор, кішіпейілділік секілді ізгі қасиеттерді бойға сіңіруі. Есейгенде қоғамға пайдалы азамат болуы деген – жас кезінен анаша, есірткі, сыра, арақ, темекі, зинақорлық секілді теріс қылықтарға үйір болмауы, ешкімнің ала жібін аттамауы. Әдепті болу, қай кезде де текті тәрбиенің жемісін көрсету деген сөз. Міне, мұндай ұрпақ – Абайша айтсақ, ата-ананың көз қуанышы, қызығы мен сүйініші.

Егер ата-ана баласын мейірімге бөлеп, ойы мен жүрегін ізгілікке бағыттап, өздерін әрі қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелесе, ұлтқа тұлға болатын берік тірек сыйламақ. Керісінше, адамдық қасиеттеріне көңіл бөлмей, тек материалдық тұрғыдан қамтамасыз етумен шектелсе, онда бала қоғамды ішінен ірітетін зиянкес болып өспек. Ағаштың түрі мен тіршілігі жалғасу үшін оның тұқымы қаншалықты маңызды болса, адамзат тіршілігі мен ұрпақ жалғастығында да баланың рөлі сондай екенін ұмытпаған жөн.

Өзінің істеуі харам болған нәрсені баласына жасатқан адамның өзі де сол күнәға ортақ болады.

Балаларының тура жолдан адасып, көшеде етек жайған жаман мінездерді бойына сіңіруіне себепші болған адам да ертеңгі күні Алла Тағала алдында жауапкер. Дініміздің негізі де осыны мұрат етеді. Иманды, адал мен арамды, адамдық парызды үйретуді діттейді. Алла Тағала пайғамбарларды сол үшін жіберген. Егер өскелең ұрпаққа Алланың хақ ілімі үйретілмесе, қоғам да азғындыққа түседі. Осымен байланысты «Тах-рим» сүресінің 6-аятында: **«Ей, мүміндер! Өздеріңді және үй-іштеріңді (жанұяларыңды) тозақ отынан қорғаңдар!»** деп бұйырылған. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистері баланың адам болуы мен надан болуында ата-ананың қаншалықты орны барын былайша жеткізеді: *«Барлық балалар фитратпен (таза) болып туылады. Кейін оларды ата-аналары насара, яһуди және мәжуси етеді»* (Табарани риуаяты).

Қазақ халқы қай уақытта да бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараған. Себебі, бала – ертеңгі ел қорғаны. Ел тұтқасы. Сондықтан да баланың намыспен ұятты білуіне зор мән берген. «Батыр бір рет өледі, қорқақ мың өледі», «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұлт мүддесі жолында жанын құрбан етерлік азамат болуын тілеген. «Көсіру, жетілдіру» мағынасын білдіретін араб тіліндегі тәрбие сөзінің мағынасы да осы болса керек. Бұл туралы Шығыс халықтарында айтылатын «Бала қандай қымбат болса, бала тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөз бар. Оның бастау көзі Исламнан басталады. Ол туралы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Мен көркем мінез-құлықтарды толықтыру үшін жіберілдім»*.

Қазақ халқы бала тәрбиесін сөз өнерінің, дәлірек айтсақ, ауыз әдебиетінің құдіретімен жүзеге асырды,

төрт жүз жылға созылған қазақ хандығын сақтады. Бұл тұста ата-бабаларымыз:

- біріншіден, кез келген іс адал-арамға, жақсы-жаманға, обал-сауапқа, дұрыс-бұрысқа бағыттталып отырған. Бірін – жақсы, екіншісін – күнә дейді. Күнә нәрселер адам баласына зиян келтіреді. Сондықтан да ондай іс-әрекеттер қылмыс, жөнсіз жасалып, кез келген қоғам мүшесі ондай әрекеттерден аулақ жүрген;
- екіншіден, күнә жасаушылар болмауын қоғамның өзі қадағалап, бола қалған жағдайда оның шығу себебін анықтап, оның жайылып кетпеу жағы қарастырылады;
- үшіншіден, күнә жасаушы міндетті түрде жазасын тартуы, жасаған күнәсына өкініш білдіруі, екінші рет істемеуге шешім қабылдауы және қылмыс пен күнәнің кешірілуі көзде тұтылады;
- төртіншіден, мұны жүзеге асырушы билер, ақсақалдар және билік басындағылар жақсы біліп қана қоймай, оларды жаман жолдан қайтарып, имандылыққа жетелеген;
- бесіншіден, кез келген қылмысты іс, дау-дамай жариялы түрде, халық алдында өткен. Сөйтіп, жазаның әділдігі өзгелер алдында анықталып, оның үстіне өзгелерге сабақ, үлгі (сот шешімдері) болған¹².

Қазақ даласындағы имандылыққа негізделген тәрбие, ең біріншіден, ауыз әдебиеті, одан беріде жыраулар поэзиясы арқылы халыққа жол тартса, екіншіден, мектеп-медреселердегі үгіт-насихат арқылы жүзеге асты. Әсіресе, алдыңғы жол қазақ халқының иманының күшеюіне қатты әсер етті. Себебі, діни да-

¹² Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. Алматы 2002ж. 103-б.

стандар, қисса, жыраулық дәстүрі қазақтың рухани сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге сырттан келген діни миссионерлерге, рухани экспанцияға да қарсы тосқын бола білді. Себебі қазақ дүниетанымындағы Исламның түп тамыры сонда жатқан болатын.

Сонымен қазақ халқының имандылық тәрбиесі кешегі ата-бабаларымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері негізінде және солар ұстанған діни нанымдары мен шарифат жоралғылары аясында қалыптасты.

Медресе

Қазақ даласындағы медреселердің пайда болып, нақты жұмыс жасаған тұсы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы. Тұңғыш этнограф ғалым Ш.Уәлиханов, алғашқы ағартушы Ы.Алтынсарин, хакім Абай, сонымен қатар А.Мұхамедиярұлы, Ә.Кердері, Н.Наушабайұлы, М.Жүсіп, Ш.Жәңгірұлы, Ш. Құдайбердіұлы, М.Қалтайұлы, т.б. сынды тарихымыздағы көрнекті тұлғалар – сол медреселердің түлектері. Бәрі медреседен тәлім алған.

Бастапқы кезде мұсылман медреселері Орынбор, Омбы, Троицк, Ташкент, Бұқара, Түркістан сияқты ірі қалаларда ашылып, қазақ балалары осы оқу орындарында білім алды.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде жаппай имандылыққа бетбұрыс басталды. Елімізде діни оқу орындары, жаңа заман талабына сай медреселер ашыла бастады. Олардағы оқыту үдерісі қазір бір жүйеге түсті деуге болады.

Қазіргі кезде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты 2001 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен елімізде жоғары білімді имамдар дайындайтын «Нұр-Мүбәрак» Египет Ислам мәдениеті университеті ашыл-

ды. 2002 жылы іргетасы қаланған имамдардың білімін жетілдіретін республикалық Ислам институтының да орны бөлек. Сонымен қатар еліміздің ірі-ірі облыс, аудан орталықтары мен қалалары мешіттері жанындағы екі жылдық діни сауат ашу курстары мен арнайы орта кәсіптік діни білім беретін медреселер де жұмыс жасауда.

Бұл Алла Тағаланың халқымызға берген баға жетпес үлкен нығметі деп білеміз. Сондықтан «Адамзатты махаббатпен жаратқан Алланы сүюге, Хақ жолы деп әділетті сүюге, бауырым деп адамзаттың бәрін сүюге» (Абай) тәрбиелейтін, тағылым беретін, білім нәрін құйып, ғылым үйрететін медресе есігі талапты жасқа әрқашан ашық.

Әліпті таяқ деп білу

Ежелуе. 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» «*ежіктеу*» сөзі жөнінде талдау жасалған. Сонда: Бұл сөз ежіктеу, ежелуе болып Қазақстан территориясында екі вариантта қолданылады. Республикамыздың оңтүстік облыстарында «*ежелеп оқу*» болып айтылады делінген. Шынын айтсақ, бұл екі сөздің қолданылуы Қазақстанның қай өңірінде болса да бірдей, жарыса жүреді. Ешқайсысы өзіне территория меншіктемейді және бір мағынада, синоним есебінде айтылады. Қазіргі кездегі түсіндірме сөздігіміз арқылы да бұған көз жетеді. Онда: *ежелеп оқу* – «сөзді әріпке, бірнеше бөлшекке бөліп, әрең оқу» деген мағынаны түсіндіретіні айтылса, ал «*ежіктеп оқу*» тіркесіне де дәл осындай анықтама берілген.

«*Ежіктеу*» жөнінде әңгіме сәл кейін болмақ. Алдымен «*ежелуедің*» төркініне іздеу сала келгенде, оның түркі тілдеріне жүйесі басқа тілдерден ауысқайдығын аңғару қиынға соқпайды. Мысалы, арабша: *һаджи* – буындап оқу, ал парсы тілінде: *һәджа* – буын. Сондықтан

да сөздің алғашқы төркіні не араб, не парсы тілі деп анықтай ажырата айту оңай емес. Бірақ түркі тілдеріне «*ежелеу*» сөзі осылардың бірінен ауысқандығы күмән тудырмайды. Сөйтіп, бұл деректер бойынша сөз төркіні араб не парсы тілі екен де, мағынасы жағынан «*ежелеп оқу*» дегеніміз «*буындап оқу*» дей аламыз. «*Қалима бұл күнде ежелеп хат таниды*» (Б. Тоқтаров, Ертiс.)¹³.

Құран үйрену

Қасиетті Құранның адамзат өмірінде алар орны ерекше. Ол – адамзатты қараңғылықтан жарық жолға бастайтын Жаратқанның мейірімі. Бұл туралы Құранда мынадай аят бар: «...**Елiндi қараңғылықтан жарыққа шығар...**» («Ибраһим» сүресі, 5-аят).

Алла Тағала Құранда адамды жер бетінің халифасы ретінде жаратқанын айтады. Яғни, адам – Алланың жердегі өкілі. Оны Құранда Алла Тағала: «**Ол сондай Алла сендерді жер жүзінде орынбасар етті...**» («Фатыр» сүресі, 39-аят), – деп негіздеген. Адамзаттың Жаратқанға деген құлшылығы тек намаз, ораза секілді ғибадат түрімен ғана шектелмейді. Құлшылық мәнінің түсіндіру ауқымы өте кең көлемде қарастырылады. Адамның нәпсінің соңынан еріп, ең төменгі дәрежеге түсіп, рухани құлдырауға бейім екенін: «...**Сосын оларды төмендердің төменіне қайтардық...**» («Тин» сүресі, 5-аят) – деп, оған қан төгуші, залым, қиянатшыл, ашкөз секілді жаман әдеттерден қашуды және өзін аулақ ұстауды үндеп, көркем мінез-құлықты, жамандық пен әділетсіздікке қарсы қоғамдағы құнды тұлға болып қалыптасуын талап етеді.

Алла Тағала қасиетті Құранда адамның қоғамдағы орны, оның өмір сүруі, тіршілігінің мәнін нақтылап,

¹³ Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994 жыл. ISBN 5-625-к2459-6

барлық сауалдарына жауап берген. Біздің ата-бабаларымыздың салып берген жолы, дәстүрі мен мәдениеті осы қасиетті Құраннан бастау алады. Олар Құранның мәнін терең түсіне біліп, оны өмірлік тәжірибесіне арқау еткен. Абай атамыз:

Құран рас, Алланың сөзі-дүр ол,

Тәуилин білерлік ғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

БІнтамызды бұзбастық иманымыз, – деген өлең жолдарымен ата-баба дәстүрінің Құранға, шарифатқа қайшы емес екенін негіздеп отыр.

Құран – Жәбірейіл періште арқылы хазреті Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарға уахи етілген Алла Тағаланың сөзі. Оқиғалардың ұрымтал кезінде, зердеге тез түйіп, тыңдағандар құлағына құйып алуға жеңіл етіп 23 жыл бойы түскен. Содан бері оның бір сөзі де, бір әрпі де өзгермеген және өзгермейді де. Өйткені, оның қорғаушысы Алла Тағаланың Өзі екені Құран Кәрімде: **«Құранды біз түсірдік, оны қорғайтын да өзіміз»** («Хижр» сүресі, 9-аят), – деп ескерткен.

Олай болса, Құран Кәрімді үйрену, үйрету және оқу – үлкен сауап. Құран Кәрімді тәжүидке (дұрыс оқу қағидаларына) сай үйрену керек және күнде аз болса да оқып тұруға тырысу керек. Құран Кәрімді оқу – сүннет, ал тыңдау – парыз. Яғни, тыңдаудың сауабы көбірек. Мусхафқа (Құран Кәрім кітабына) қарап оқудың сауабы одан да көбірек. Бұл жөніндегі хадис шәрифтерде: *«Сендердің ең жақсыларың – Құранды үйреніп және оны өзгелерге үйреткендер»* (имам Бұхари); *«Құран оқыған адам алжымайды»* (Термези риуаяты); *«Құран оқылған жерге мейірім мен берекет жауады»* (Бұхари риуаяты); *«Құран оқылған үйдің қайыры артады, үйдегілерді қыспайды, періштелер жиналады, шай-*

тандар ол жерден алыстайды. Құран оқылмайтын үй үйдегілерге тар болып келеді, қиыншылық береді, берекетсіз болады. Періштелер ұзақтап, шайтандар ол жерді толтырады» (Дарими риуаяты); «Әр түні он аят оқыған адам заңалдардан саналмайды» (Хаким риуаяты); «Құран оқыңдар! Өйткені ол қияметте сендерге шапағат етеді» (Мүслим риуаяты); «Кімде-кім бір аят үйренсе, бұл аят қияметте оған нұр болады» (Дарими риуаяты); «Бір аят үйрену жүз рәкат (нәпіл) намаз оқудан жақсырақ» (Ибн Мәжа риуаяты); «Құран оқылған жерге мейірім жауады, періштелер келеді» (Бұхари риуаяты); «Құраннан бір аят тыңдаған адам сансыз сауапқа қауышады» (Имам Ахмет риуаяты); «Құранды үйреніп, күндіз-түні оқыған адамға сүйсіну керек» (Мүслим риуаяты); «Адамдардың ең көп ғибадат еткені – ең көп Құран оқығаны» (Дәйләми риуаяты); «Құран кәрім оқып, жаттаған адам және халалды халал, харамды харам деп білген адам жәннатқа кіреді. Одан бөлек (мұсылман) туысқандарынан түгелдей тозақтық болған он адамға шапағат етіп, оларды тозақтан құтқарады» (Термези риуаяты); «Үйлеріңде Құран оқуды арттырыңдар! Құран оқылмайтын үйдің қайыры азаяды, жамандығы көбейеді, ол үй үйдегілерге тар болады» (Даракутни риуаяты); «Құран оқылған үй аспандағыларға жерден жұлдыз көрінгендей көрінеді» (Бәйһақи риуаяты).

Құран – Исламияттың негізгі кітабы. Ислам діні құқықтық жағынан үкімді фикһ әдіснамасы арқылы 4 дәлелге сүйене отырып шығарады. Олар – Құран, сүннет, ижма және қияс фуқаһа.

Құран Кәрім – барлық діни негіздердің бастауы. Адамның барлық рухани және материалдық қажеттіліктерін қамти отырып, екі дүние нығметтерін үйрететін ғылым, сондай-ақ, әмбебап, иләһи

кітаптардың соңғысы. Адам баласына қияметке дейін тура жолды көрсететін құбыланама.

Абайдың «Жиырма бесінші сөзіндегі» балаларды оқыту туралы пікірі осы ұстаз ойымен сабақтас. Абай: **«Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түрік танырлық қана таза оқытса болады... орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Дінге де жақсы – білгендік»**, – деп, дінді ғылыммен тануды мақсат етті. Бұл жерде Хәкім Абайдың айтып отырғаны – алдымен бала түрік танырлық, яғни білім алып қалыптасу үрдісінен өтуі керек. Бұл – білім алудың алғы шарты. Бүкіл ұлттық тәлім-тәрбиені, исламдық қағидаларды бойына толық орнықтырғаннан кейін ғана оны өзге оқуға беруге болады. Яғни ұлттық қасиетті тұла бойына сіңірген баланы ғана орысша оқуға беруге болады. Онда да орыстың пайдасына ортақ болу үшін оқыту жөн екендігін баса айтады.

Қасиетті Құранда бұрынғы иләһи кітаптардағыдай Аллаға, пайғамбарларға, періштелерге, кітаптарға, ақырет күніне, жақсылық та, жамандық та Алладан болатынына сену керектігі айтылған. Мал-жанын, ұлтын, отанын, дінін қорғау және дін негіздерін үйрену, барлық құндылықтарды бойға сіңіру туралы уағыздалған.

Сондай-ақ, пайғамбарлардың бірінен соң бірі келуінде діни өзгерістер болған емес. Уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік-саяси жағдайларға сай ғибадат пен шариғи үкімдер арасында ғана болмашы өзгешеліктер орын алып отырған. Алла Тағала пайғамбарлар жіберу арқылы діннің шариғи үкімдерін толықтыра түсті.

Құранда ақыретке дейін орын алатын әр жағдайға, әр мәселеге қатысты қағидалардың барлығы қамтылды. Оның мағына жағынан теңдессіз иләһи күші және парасатты ұйқастары осы жағдайларға сәйкес пайда болған.

Алла Тағала тек хазрет Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ғана емес, барлық пайғамбарларға да уахи жіберген. **«Ей, Мұхаммед! Біз Нұхқа және одан соңғы пайғамбарларға аян бердік, сол сияқты саған да ақиқатты аян еттік. Мұндай аян Ибраһимге де, Исмаилға да, Ысқаққа да, Жақыпқа да және оның әулеттері Исаға, Аюпқа, Жүніске, Һарунға, Сүлейменге де жіберілді. Дәуітке Забурды сыйладық»** («Ниса» сүресі, 163-аят). **«Әрі үстем, әрі хикмет иесі Алла саған да, сеннен бұрынғыларға да осылайша аян берді»** («Шура» сүресі, 3-аят).

Құран Кәрім – көркемдігі, әуездігі жағынан да теңдесі жоқ Кітап. Жекелеген сөздері мен сөйлемдерінен, баяндау тәсілдері мен сөздік мағыналарынан қылаудай кемшілік табу мүмкін емес.

Қолымыздағы қасиетті Құран Кәрім бүгінгі күнгі ұзын саны бір жарым миллиард болатын мұсылмандардың қолынан түспейтін Қасиетті Кітап. Хазрет Әбу Бәкір (р.а.) заманында жинақталып, хазрет Османның (р.а.) халифалық тұсында кітап болып ба-сылды. Құран Кәрім бүгінгі күнге дейін еш өзгеріссіз жетіп отыр.

Қазақ тілінде бастауын Құран мен хадистерден ала-тын көптеген сөз оралымдары мен мақал-мәтелдер бар.

Сауат ашу

Ілім алу, сауатты болу – Ислам дінінің ең басты тала-бы. Себебі, Алла Тағала Құранның алғашқы аяттарын-да осыған бұйырады: **«Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратты. Оқы! Сенің Тәңірің ең ардақты! Ол қаламмен жазу**

үйретті. Адамдарға білмегенін үйретті» («Алақ» сүресі, 1-5 аят).

Құран аяттарында: **«Отбасына намаз оқуды үйрет. Өзің де оны сабырмен жалғастыр»**, – делінген. Хадисте де: *«Баланың ізгі болуы – Алла Тағаладан, ал әдептілік – әкеден»* делінеді. Яғни, Жаратушы тағдырға ізгілікті жазғаннан кейін, әкенің міндеті – баланы мұсылмандық әдепке үйрету. Араб тіліндегі «әдәб» сөзі өзіне жақсы мінез-құлық, сөз және ісінде басқалардың алдында абыройлы болу, ұятқа қалудан сақтану тәрізді қасиеттерді қамтиды.

Мұхаммед пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Білім іздеу мұсылман әйелге де, ерге де парыз»*, *«Білім мен хикмет – мұсылманның жоғалтқан малы, қай жерден тапса, сол жерден алсын»*, – деп келетін хадистерін көкейге түйген мұсылмандар әрқашан ілімге ұмтылған. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз заманында он мұсылманға оқу-жазу үйреткен тұтқындарды босатып, сахабаларын мешітке жинап, ілімге үндеген. Біле-білсек, алғашқы ілім ошағы осылайша пайғамбар мешітінен бастау алған.

Тарихқа зер салсақ, мұсылмандар дін ілімімен ғана сусындап қойған жоқ, бұл дүниелік ғылымды да игеріп, оны адамзат игілігіне айналдырған. Атап айтқанда, медицина, математика, астрономия, химия, философия, тарих, география секілді ғылымдарды дамытқан. Әсіресе, халифа Харұн Рашид пен Мәмун кезеңдерінде мұсылмандар білімде ешкімге ат оздырмаған.

Исламды ғылым діні деп білген Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Хафиз ад-Дин Кердери, М.Х.Дулати, Хасан Әли Жалайыри, Мәшһүр Жүсіп, Шалкиіз, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин сынды

даналардың есімдері ұлттық тарихымызда өшпес із қалдырды.

Ислам діні ғылымға ерекше құрметпен қарайды. Мұсылмандар қай ғасырда да ғалым сөзіне ілтипат білдірген. Шәкірттері ұстаздарына екінші әке ретінде қарады. Өмірде алған ілімінің пайдасы мен берекесін көру үшін ұстаздарының ақ батасын алуға тырысқан.

Төрт халифаның бірі хазіреті Әли (р.а.): «Кім маған бір әріп үйретсе, соның қырық жыл қызметшісі болуға бармын», – десе, мәзһабымыздың негізін қалаған Имам Ағзам Әбу Ханифа: «Арамызда жеті көше болғанына қарамастан ұстазым Хаммадтың үй жағына әдепсіздік болмасын деп ешқашан аяғымды созып жатып көрген емеспін. Қанша жылдан бері әр намаздарымнан кейін ата-анаммен қоса ұстазымды да қайырлы дұғама қосып келемін», – деп ұстазға, ғалымға қаншалықты құрметпен қарау керектігін білдірген.

Бүгінгі ХХІ ғасыр – ғылым мен жаңа технологиялар дамыған заман. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген даналық сөз дәл қазіргі біздің дәуірімізге арналып айтылғандай. Негізінде, өнер, ғылым-білімге құмарлық мұсылмандарға тән сипат. Дініміз бізден осы нәрселерді талап етеді. Ардақты пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Фибадаттың ең артығы – ғылым іздеу»*, – десе, енді бір хадисінде: *«Қараңғы білімсіздер мен білім талабындағының парқы – өлі мен тірідей»*, – деп ілім иесінің әрдайым жоғары тұратындығын білдірген.

Ғасырлар бойы Ислам дінін ұстанған халқымыз: *«Жемісті ағаш жерге иіліп тұрады, білімді адам елге иіліп тұрады»*, – деп білімдінің берері көп екенін айтқан.

Махмұд Қашқари данамыз: *«Білімдінің сөзін тыңда, айтқанын үйрен, іске асыр»*, – десе, Шал ақын: *«Білімін болса-дағы ұшан-теңіз, пайдасы жоқ халқыңа қызмет*

етпей», – дейді. Ал, хәкім Абай он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де – ақымақшылдық...» – деп, қазақ халқының даналығы айтқандай «білектінің бірді, білімдінің мыңды жығатынын» қуаттай түседі. Бабаларымыз «Оқу инемен құдық қазғандай» деп келтіреді. Дегенмен, оның артықшылығы да осында.

Шежіре тарқату

«Шежіре» сөзі араб тілінде «бұтақ» немесе «ағаш» мағынасын білдіреді. Тарих ғылымында «шежіре» – ұлттың шығу тегін анықтайтын дереккөз ретінде қарастырылады. Осы ретте Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар тарихы», «Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди», сондай-ақ, Н.Аристов, А.Лепшин, В.Григорьев, Л.Мейер, М.Тевкелев, Н.Гродеков, Ә.Диваев, Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Тынышбаев, С.Мұқанов т.б. зерттеушілердің қалдырған шежірелері тарихымызды танудағы алар орны ерекше.

Жалпы, Қазақ халқы шежіре тарқатуды үш деңгейде қарастырған.

Біріншіден, ел ішінде әрбір ру-тайпаның шежіресі ауызша айтылып, халық өзінің ата-тегі тізбегін жаттап өскен. Сонымен бірге, әр дәуірде шежірелер хатқа түсіріліп, кітап болып та басылған. Дәстүрлі дүниетаным бойынша қарапайым азаматтар ең азында жеті атасының шежіресін білуі шарт болған. Мысалы, ру шежіресінің басында тұрған ұлы баба мен кейінгі буын арасындағы ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене және одан ары қарай қыз алыспайтын жүрежат, туажат, жекжатқа дейінгі тізбекті әрбір қазақтың баласы білуі міндетті саналған. Себебі, кешегі Кеңес үкіметі құрылғанға дейін қазақ халқының әкімшілік

бөлінісі ру-тайпа жүйесіне негізделді. Яғни, әрбір қазақ өзінің жеті атасы мен шежіресін білу арқылы әкімшілік жүйені саралайтын.

Екіншіден, XV ғасырдың екінші жартысында Дешті-қыпшақ даласын мекендеген түркі тайпалары Қазақ ұлты болып ұйысты. Қазақ халқын құрайтын 43 ру-тайпаның ұлт болып бірігуінің өзіндік тарихи себептері жоқ емес еді. Өмір сүрген кеңістігі, шаруашылығы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, діни нанымы, дүниетанымы, саяси діті бір 43 ру-тайпа ортақ мақсаттың негізінде ұлт болып құралып, Қазақ хандығы деген мемлекетті қалыптастырды. Яғни, Қазақ халқы шежіре тарқатудың келесі деңгейінде ұлттың құрам мен болмысты анықтайтын.

Үшіншіден, Қазақ халқы XV ғасырда тарих сахнасына шыққанымен оның тарихы тым әріде жатыр. Еуразия кеңістігіндегі байырғы Сақ, Ғұн, Түрік, Үйсін, Қарлұқ, Қарақан, Қидан, Қыпшақ, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан мемлекеттері Қазақ халқының жүріп өткен тарихы саналады. Осы тұрғыда, шежіре Түрік деген алып бәйтеректен оғыз, қарлұқ, қыпшақ топтарына бөліп, осының ішіндегі қыпшақ тобынан Қазақ халқын таратады. Ал, түріктің тегін Нұх пайғамбардың үш ұлының бірі Яфасқа әкеп тірейді. Яғни, шежіре ілімі Қазақ халқының арғы тегін Адам ата, Нұх пайғамбардан таратып, терең бойлай келе адамзат тарихына ұласады.

Сайып келгенде, шежіре өзінің кім екенінді танытып, қандай атадан, қандай ұлттан, қандай қауымнан тарайтынынды үйретеді. Шиырып айтқанда, шежіре тегінді, тарихынды, адамзаттық болмысынды түсіндіріп, тарқатып беретін ілім. Оны білмеу тексіздікке, ұлтсыздыққа, мақұрымдыққа ұрындырады.

Жеті ата

Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Далалық дәстүр бойынша ағайындықтары жеті атаға толмай жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді.

Немере – ер адамның баласынан тараған ұл мен қыз. Ағайынды кісінің балалары туыстық жақындығы жағынан немере аға, немере іні, немере қарындас, сол сияқты ағайынды кісінің қыздары да немере апа, немере сіңлі болып аталады. Шөбере – атадан санағанда немереден өрбіген ұрпақ. Қазақ қоғамында Шөбере немереден таралған ұл-қыздардан құралады. Шөпшек – атадан тараған төртінші ұрпақ. Немере мен шөбереден туғандар туыстық жағынан қашықтай бастайды. Шөпшекті кейбір жерлерде туажат деп те атайды. Немене – қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесі бойынша таратылатын жетінші ұрпақ. Жүрежат – алыс туысқандықты білдіретін атау, яғни туажаттан туған бала. Жүрежат – адамның өзінен санағанда жетінші буыннан қосылатын туысы. Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпы бойынша Жүрежаттың балалары бір-бірімен қыз алысып, құдандалы бола алады. Туажат – дәстүрлі қазақ қоғамындағы туыстық атау, немененің баласы. Туажат адамның өзінен бастап санағанда алтыншы буын. Ол туыстық қатынас жағынан бір атаның

баласы саналғанымен, одан кейінгі ұрпақтардың іргесі бөлініп, туыстық қарым-қатынасы алшақтай бастайды. Жұрағат – алыс туыстықты білдіретін ұғым. Жеті атасынан туысқандар үлкені кішісін Жұрағат дейді. Әдетте, бір рудан тараған адамдар да бірін бірі Жұрағат дей береді. Жекжат, жамағайын, жамағат – бір-біріне құдандалық, т.б. жақындығы бар адамдар. Жекжат атауы қандас туыстарға қатысты қолданылмайды. Жекжат – туыстығы жоқ, бірақ құданың құдасы, нағашының бөлесі, жиеннің балдызы сияқты туыстық қатысы бар адамдар арасындағы жақындықты білдіретін атау. Олар құда, нағашы, жиен сияқты туыстық, жақындық құқықтарды талап ете алмайды.

Қазақ жүздері мен рулары:

Ұлы жүз – Жалайыр, Дулат, Албан, Суан, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі, Қаңлы, Шанышқылы, Шақшам, Сары Үйсін.

Орта жүз – Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Қоңырат, Уақ, Тарақты.

Кіші жүз – Әлімұлы: Кете, Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Шекті, Шөмекей. Байұлы: Адай, Алаша, Алтын, Байбақты, Беріш, Есентемір, Жаппас, Қызылқұрт, Масқар, Таз, Тана, Шеркеш, Ысық. Жетіру: Табын, Тама, Керейт, Кердері, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан.

Жүзге кірмейтіндер – Қожа, Төре, Төлеңгіт, Сунақ.
– Ноғай Қазақ, Қият, Қырғыз.

Түрік шежіресі:

Алтайлықтар – хакастар, алтайлар кәмасиндер, шорлар т.б.

Қарлұқтар – өзбектер, ұйғырлар

Оғыздар – түрікмендер, әзербайжандар, түріктер, гәгәүздер, трукхмендер, терекмелер.

Қыпшақтар – қазақтар, қарақалпақтар, татарлар, башқұрттар, ноғайлар, қырғыздар т.б.

Аралас топтар – қыпшақ оғыздары (балқарлар, қарайымдар, қарашайлар, қырым татарлары), алтай қыпшақтары (қырғыздар).

Шариғат тұрғысынан да адамзат баласына өзі туып өскен жерін, ата тегі мен шежіресін біліп үйренуге үндейтінін айтуға болады.

Ардақты Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі де араб тайпаларының арасында өсіп, олардың салт-дәстүрлерінен, тілі мен ділінен, шежіресінен жете хабардар болған. Әрбір тайпаның өкілімен өз тілінде ескі танысын көргендей емен-жарқын сұхбат құрған. Соның арқасында олармен ортақ тіл табыса алған. Мұның өзі жаратылыстың ең қайырлысына деген Жаратушының ерекше мейірімі, хикметі деп айту керек. Хадисте:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «تَعَلَّمُوا مِنْ أَنْسَابِكُمْ مَا تَصِلُونَ بِهِ أَرْحَامَكُمْ، فَإِنَّ صَلَاةَ الرَّحِمِ مَحَبَّةٌ فِي الْأَهْلِ، مُثْرَةٌ فِي الْمَالِ، مُسْأَةٌ فِي الْأَثَرِ».

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта былай дейді: *«Шежірелеріңнен туыстық қатынастарыңды жалғайтын нәрселерді үйреніңдер. Шындығында, туыстық қатынасты жалғау әулетке сүйіспеншілік, малға өсім, ғұмырға ұзақтық әкеледі»* (имам Ахмет, Термези).

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) араб тайпаларының шежіресін жақсы білген. Сондай-ақ, ардақты сахабасы Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) шежіренің білгірі болған.

Еңбекке баулу

Кез келген қоғамның оның әлеуметтік қарым-қатынастарында көрініс табатын құндылықтар сатысы бар. Білек күшін қажет етер мал мен дән өсіру болсын, сол қара жұмысты жеңілдетер технологияларды даярлауға керек ой еңбегі болсын, мейлі, жан баулу сынды нәзік дүниелер болсын, еңбекті қажет етеді. Біле білген адамға өмір сүрудің өзі де үлкен еңбек.

Еңбек – адамды қоршаған ортамен байланыстырушы дәнекер буын, сол себептен оның адам болмысы үшін өзінің құндылығын жоғалтуы мүмкін емес. Себебі адам тұлғасын еңбексіз көзге елестету де қиын, тіпті бүгінде еңбек адам инстинктіне айналды десе де болады. «Тірі жан тіршілік етеді» дейді халық даналығында. Осы бір тұрақты сөз тіркесінен қазақ халқында өмірдің баламасы болып табылатын «тіршілік» сөзінің кей контексте жасалған еңбекті, іс-әрекетті білдіретіндігін де байқаймыз.

Сондай жан-жақты әрекеттер арқасында ғана адамның заңсыз әрекеттер жасауға өз сенімі, өз ұяты жол бермейтін болады, сонда ғана еңбек құдіретті күшке айналады. Ұяттың да өздігінен пайда болмайтындығы аян, ұят – Құдай алдындағы қорқыныштан, о дүниедегі жазадан, туған жер мен ел алдындағы, ал кең ойланар жанға жалпы адамзат алдындағы парыздан, жауапкершіліктен өрбиді. Терең үңілген адамға барлығы – өзара байланысты дүние. Мысалы, Ислам діні бойынша ырыздықты міндетті түрде іздеу керек. Бұл жөнінде Құранның «Қасас» сүресінің 73-аятында: **«Алла сендерге өз рақымшылығынан түнді тынығу, күндізді кеңшілігін (ризык) іздеулерің үшін жаратты. Әрине, шүкірлік етерсіңдер»** дейді.

Адамның еңбегіне қарай алатын несібесі жайлы Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)

пайғамбарымыз өз хадисінде: *«Кім өз қолымен нанын тапса және айналысқан ісінің табысы адал болса, ол адамға жаннат уәжіп»* деген.

Құранда адамның жаратылыс мақсаттары, соның ішінде еңбек етудің міндеттілігі, осы дүниедегі несібесі жайлы дәлелдер көп: **«Алланың саған берген дәулетімен ақырет жұртын ізде де, дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді»** («Қасас» сүресі, 77-аят) делінген.

Ислам діні өмір шындығынан қашқақтамайтын, о дүниені ойлай тұра, бұл дүниенің тұрмыс-тіршілігін күйттеуден алыстатпайтын нағыз өміршең дін болып табылады. Ислам дінінде еңбек қоғам мүшесінің міндеті ретінде қарастырылады. Аятта: **«Адамзат еңбегіне қарай ғана табысқа ие болады. Сөз жоқ, еңбегінің нәтижесін жедел көреді. Содан соң оған еңбегінің бодауы толық беріледі. Күдіксіз, Раббыңа тиянақтайды»** («Нәжім» сүресі, 39-42-аяттар).

Ислам діні еңбекке өте зор мән береді, ол таза еңбекпен табылған табысқа үндейді. Еңбек ету – әр адамның міндеті. Ислам діні соның ішінде адал еңбек етуді, таза жолмен табылған табысты, жасаған құлшылығы мен еңбегіне қарай әр адамға тиесілі несібені, ризықты уағыздайды.

Амр ибн әл-Ас (р.а.) Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабалардың былай деп сұрағанын жеткізеді: *«Адамдардың ішіндегі ең жақсысы және ең құрметтісі кім?»* деп сұрағанда, ардақты Елшіміз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Әрбір жүрегі таза және тілі шыншыл болғандар»*, – деді. Сахабалар сұрақтарын жалғастырып: *«Сосын кім?»* – деді. Ардақты Елші (оған Алланың

салауаты мен сәлемі болсын): *«Кім осы өмірде өмір сүрсе, бірақ ақыретті жақсы көрсе»*, – деді. Сахабалар тағы да сұрақтарын жалғастырып: *«Сосын кім?»* – деді. Ардақты Елші (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Көркем мінезді мұсылман»*, – деді.

Мұндағы *ақыретті жақсы көру* дегеніміз – бұл өмірде амалсыз, кәсіпсіз жүріп, өзгелерге қол жаю дегенді білдірмейді. Ақыретті жақсы көру, соған ұмтылу дегеніміз – ертеңгі өмірде азық болатын амалдарға ұқыпты, берік болғанындай осы өмірлік кәсіп, еңбегіңе де берік және жауапты болу. Алла Тағала Құранда: **«Қашан жұма намазы аяқталса, жер бетіне тарқандар да, Алланың кеңшілігін іздендер»** – деген («Жұма» сүресі, 10-аят).

Құрандағы осы аят және осы мағыналас өзге де аяттар Ұлы Алланың өз құлдарына өздерін және өз отбасыларын азықтандыруы үшін белгілі кәсіп, мамандық иесі болуы керектігін бұйырғандығын көрсетеді.

Ал, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне қарасақ, оның үмбетін белгілі кәсіп, мамандық иесі болуға шақырған хадистері өте көп. Сондай адамзатты еңбекке қызықтырған хадистердің бірінде: *«Шыншыл саудагер Қиямет күні ізгілермен және шәһидтермен бірге тіріледі»*. Тағы бір хадисте былай делінген: *«Өмірдегі ең жақсы өз үлестерін алушылар – адал кәсіпкерлер мен жұмысшылар»*.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көптеген хадистерінде егіншілікпен айналысуға да шақырған: *«Егер мұсылман адам ағаш отырғызса немесе егін ексе, сол өнімдермен адам, жануар немесе құстар қоректенсе, еккен адам үшін садақа жазылады»*.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір күні Сағд ибн Муазды (р.а.) кездестіріп қалған кезде, отбасын адал кәсіппен асырау жолында әбден шаршаған алақандарын көрді де: *«Мына екі алақанды Алла және Оның Елшісі жақсы көреді және бұл алақандарға от тимейді»* – дейді. Еңбекке, кәсіп жасаушыға деген құрметі ретінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Сағдтың алақандарын сүйіп алған. Сосын ардақты Елшіміз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мүміндерге мына аятты оқыған екен: **«Алланың саған дарытқан бақ дәулетімен ақыреттік тұрақ тіле. Дүниедегі несібенді де ұмытпа»** («Қасас» сүресі, 77-аят).

Лұқман Хаким де өз баласына мынадай өсиетін айтқан екен:

«Әй, балам! Кедейлікке ұрынбас үшін адал кәсіппен айналыс. Расында, кім еңбек етуді тастап кедейлікке ұрынса, үш нәрседен құтыла алмайды: діндегі әлсіздік, ақылдың таяздығы және адамдық құрметтен айырылу. Бұл үшеуінен де ең жаманы – адамдардың оған деген төмен қарым-қатынасы».

Омар ибн Хаттаб (р.а.) еңбек етудің маңыздылығы жайлы бір сөзінде былай деген: *«Сендерден ешкім еңбекті, жұмысты тәрк етіп, «Я, Алла, маған берші» – деп отырмасын. Өйткені аспаннан алтын немесе күміс жаумайтыны ақиқат».*

Қарапайым адамдар ғана емес, Алланың аманатын көтерген ардақты пайғамбарлардың да өздерін және өз отбасыларын асыраған кәсіптері мен еңбектері болған.

Сол себепті қазақта: *«Кәсіп болмай нәсіп болмайды»* деген сөз қалған болса керек.

Кез келген нәрсенің іске асуы үшін белгілі бір жағдайлар қажет болатыны сияқты, еңбектің де жүзеге

асуының шарттары бар. Ол шарттар – тәуекел мен талап. Хәкім Абай:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
Есек көтін жусаң да мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас, – дейді.

Тәуекел мен талап – іскерліктің, бизнестің шарты. Бұл ұғымдар қазақ мәдениетінде Құдай ұғымымен тікелей байланысты. Байлық – Құдайға тәуекел етумен табылады. Қазақ ұғымында байлықты Құдай береді, адам бермейді. Сондықтан да «Байлықты жаратқан Құдай, кедейлікті де жаратқан Құдай. Бірақ сені бай қылған, кедей қылған Құдай емес» – дейді Абай.

Адамның қадірі – еңбекпен дедік. Бұл – аксиома. Бірақ қандай еңбек? Еңбек өзі екіге бөлінеді: адал және арам. Арам шариятта «тыйым салынған» дегенді білдіреді. Ал адал /халал/ еңбектің кез келген түрі лайықты, оның қай түрінен де болса жиіркенуге болмайды. Абайдың: «Есек көтін жусаң да, мал тауып кел» дейтіні сондықтан. Бұл императивті дұрыс түсінбеген кейбіреулер мұны харам жолға пайдаланып жүр. Сөйтіп өздерінің бұзылғандықтарына Абайдың айтқанын негіз еткісі келеді. Қазақта «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақал бар. Кезінде бұл мақалды Абай сынаған. Үлкен мораль тұрғысынан, ар-ұят тұрғысынан Абайдікі – дұрыс. Кедей екенмін деп ар-ұятыңды саудаға салуға әсте болмайды. Бірақ бұл мақал басқа бір мәселені де меңзеп тұрған секілді. Мәселен, осы «ар» сөзінен шығатын «арлану» деген сөз бар. Бір нәрсені бойына лайық көрмеу деген мағынаны береді. Қазақ айтып тұр: жарлы болсаң, арлы болма, яғни ешқандай халал жұмысты бойыңа ар көрме, жиіркенбе деп тұр. Бұл айтқанымызбен Абайдың есек туралы айтқаны үндес шығып тұр. Қазіргі кедейшіліктің басты себептерінің

бірі – осы адал еңбектен арлану. Отбасың, әйел, балашағаңа шотырғанға арланбай, бір жұмысты бойына лайық көрмей арлану – барып тұрған сорақылық емес пе?

Кедейшілікке ұрындыратын, бізді еселі еңбектен тосатын тағы бір жайт – жанаярлық. Яғни, біздің өзіміздің жанымызды өзіміз шектен тыс аяуымыз. Мәшһүр Жүсіп бұл туралы:

«Байдың малы ардақты,

Кедейдің баласы ардақты» – деген.

Бай болатұғын кісі өзін де аямайды, баласын да аямайды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, ұйқы көрмей, күлкі көрмей, күн қатып, түн қатып, жаны да жоқ ойында, ас-су да жоқ ойында, малдың қамын қылуға ыждағаты зор болады. Кедей малдың қамымен жұмысы жоқ, есіл-дерті баласының суыққа тоңбағанын, қарны аш болмастығын, ұйқысы бұзылмағанын мақсат көреді. Жасынан жаман ғадетке табиғаты үйренген бала соны қалыпалып, ақырында мұқтаждықта, қорлықта қалады». Міне, даналардың бізге байлық пен кедейліктің сырын айдан жарық, күннен анық қылып алдымызға жайып салып отыр. Осының бәрі – адамның өз табиғатын жете танымауында. Бойымызда: «Ойбай, өлесің!» деп сыбырлап, бізге үнемі жаны ашып тұратын «досымыз» бар. Шын мәнінде ол біздің досымыз емес, анық жауымыз. Оның аты – нәпсі. Осы *«нәпсісін /жанын/ таныған адам ғана Құдайын таниды»* – дейді. Нәпсіні аямай, жастайынан еңбекке үйретіп, бас білгізіп тастаған адам ғана мына өмірде де, ана дүниеде де табысқа жетпек. *«Аясаң – аяма!»*, *«Баланы – жастан, қатынды – бастан»* деген императив-мақалдар осы орайда айтылған деп білеміз.



III ТАРАУ



ЖІГІТТІК ШАҚ



Жігіттік шақ

Балалық бал дәуренді бітіріп, бозбала шақтан өткен жас жігіттік кезеңге аяқ басады. Бұл кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері, талаптары бар. Қазақ халқының ұғымында жігітке қойылатын талаптар көп. Ең маңыздысы, әрине, әулетіне, ағайынына пайдасын тигізу, еліне қызмет ету. Сонымен қатар, кешегі балаң бозбаладан адал кәсіптен өзге де адамның ғұмырына қажетті қасиеттерді бойына жинау талап етіледі. Мұның барлығы қысқаша «жігіт сегіз қырлы, бір сырлы», «жігітке жеті өнер аз» деген сияқты тіркесті ұғымдармен айшықталған. Еркеліктен өтіп, естияр жас-тан асқан, бір әулеттің жүгін жауапкершілігіне алатындай әлеуетке жеткен жасқа енді жалпақ жұрт алдында қойылатын сын-талаптар да көп. Артындағыға сын көзбен қарайтын аға ұрпақ жастарға тек тұғырлы талаптар қойып қана қоймай, сонымен бірге сол талаптардың үдесінен шығатындай тәлім-тәрбиесімен, ғұмырлық тәжірибесімен де бөлісіп, желік қуған жігіттердің ел басына күн туған сәтте білегіне қылыш байлап, ат үстінде ту ұстайтын тегеурінді азаматтар болып жетілуіне жауапкерлікпен қараған.

Әдетте, жігіттер жұрт алдында сан қырынан сыналады. Алдымен адал кәсіп, өнерпаздық, дене күшінің әлеуеті, ептілігі мен балуандығы, қажыр-қайраты жағынан сыналады. Енді осы жігіттік шаққа қатысты ұғымдар мен әдеттер һәм олардың мұсылманшылықпен ара-қатынасы жайына ойысайық.

Сегіз қырлылықтың бірі – діни білім

Сегіз қырлы жігіттік кемелдігін білдіретін сегіз қырлылықтың бірі – сауаттылық, оның ішінде діни білім алу еді. Осы тақырыпта қалам тартқан көп зерттеушілер бұл қырды назардан тыс қалдырды. Бұл жігіттің ең басты қыры болатын. Себебі, алдымен ауыл молдасынан дәріс алатын бозбаланың зеректігі, білімге бейімділігі мен шаруаға қырлылығы осы сәттен айқындалатын. Және, ең бастысы, осы діни дәріс арқылы баланың дүниеге деген танымы, біртұтас пікір-көзқарасы осы кезде қалыптасатын. Яғни діни білім алу барысында қоршаған ортаға, дүниеге, ел-жұрттың тағдырына деген пікірі біршама қалыптасып, түзілетін. Егер ауыл молдасынан алған сауат ашу деңгейін өзіне місе тұтпаса, дуандардағы медресе-мектептерде білімін жалғастыратын. Көпшілік оқығандар арабша, парсыша, түркіше оқып-жазып, сөйлеп, өз заманының зиялылары атанған.

Ауылдағы осындай сауат ашу сабақтарының қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымына қосқан үлесі үлкен, мәні өте зор еді. Осы дәрістерден өтіп, ұстаздың алдын көрген балаң бозбала Исламның қайнар көздері – Құран мен хадисті, мұсылман шарифатын игеріп, имани құндылықтарды бойына сіңіріп, қатардағы сауатты мұсылманның біріне айналды. Ең бастысы, дүниесіне де, ақыретіне де керекті зәру білімді меңгерді. Сонымен қатар, сол замандағы ақпараттардан дер кезінде хабардар болып, алыс-жақын елдердің өкілдерімен мәміле жасап, жаһандағы жаңалықтарды біліп отырды. Ғасыр талабына сай кәсіп етіп, қам-қарекетін жасады. Осының барлығы ең алдымен сауаттылықтан шығады. Жастарға ғылым-білімнің маңызын талай абыздар, ақындар айтып кеткен. Соның бірі Мәшһүр-Жүсіп Көпеев былай дейді:

Шығады «асыл – тастан, өнер – жастан»,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сол секілді,
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.
Жігітке талаптанған жүз мың рахмет,
Әрқайда сен білгенің ырзық шашқан.

* * *

Исламның бес парызы, біреуі – иман,
Таппайды бұл бесеуін, дүние жиған.
Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,
Ерлерді айт Құдай үшін, жанын қиған

Ал егер оқта-текте жұрт арасында түрлі жағдаймен сауатын аша алмай қалған бірлі-жарым ауам адам кездесіп қалса, былайғы жұрт оны «мынауың әліпті таяқ деп білмейтін сауатсыз екен-ау» деп әжуалайтын. Мұның өзі қазақ халқының басым көпшілігінің сауатты болғандығын, оның ішінде діни жағынан білімді болғандығын дәлелдейді. Сол сауаттылықтың арқасында қазақ халқы иманын басты жиғаным деп білетін дініне берік, мәдениетті халыққа да айналды. Ел ділінде сырттан келетін сансыз пікірлер мен идеологияға қарсы тұратын мықты иммунитет қалыптасты.

Алаштың марқасқа ақыны Міржақып Дулатов жас бозбалаларға білім алудың маңызын былай ұғындырады:

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.
Екінші хажет ғылымың орысша дүр,
Өзіңе бек пайдалы тіл білуің.
Қараған мемлекеттің низамы не?
Мұны білсең сақталар дүниелігің.

Кеш біліп, кенже қалып көп пайдадан,
Жібергені сол емес пе жер мен суын.
Жол тауып әлде болса данышпандар,
Дұшпанның құлатқай-ды тіккен туын

* * *

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз,
Файда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Хакім Абай өзінің елге білім нұрын шашудағы басты мақсаты – жастардың, көңілінде сәулесі бар жігіттердің бойындағы ғылым-білімге деген құштарлығын ояту екендігін былайша жеткізеді:

Мақсұтым - тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Азаматы бір бөлек

Қазақта «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек. Тұлпарда да тұлпар бар, қазанаты бір бөлек» деген сөз бар. Басқаша «Жылқы ішінде жүйрік көп қазанаты бір бөлек, ел ішінде жігіт көп, азаматы бір бөлек» деп те айтады.

Жігіттіктің бір жоғары деңгейі – азамат болу. Әсілі, жалпақ тілде азамат деп кәмелетке толып, ер жеткен бозбаланы айтады. Ал түпкі мағынасы кәмелет жасқа жетіп, үйленіп, өз еншісін алған, туыстарынан тәуелсіз жанды айтады.

Ең бастысы, қолына қару ұстап, елін қорғауға аттанатын, ел тағдыры мен жер тағдыры үшін намысын жырталатын биік жауапкершіліктің иесі, толыққанды ер. Махамбетше айтқанда:

Арғымақ, сені сақтадым,
Құлағың сенің керек деп,

Азамат, сені сақтадым,
Бір күніме керек деп.
Базар жырау азаматтың сынын былайша жеткізеді:
Азамат ерден қол үзбе,
Күндердің күні болғанда,
Басыңа қиын іс түссе,
Қайырылмай саған кетпейді.

Осы ұғымдардың барлығы шынайы мұсылманшылық рухымен біте қайнасып жатыр. Түбіне терең бойлай қарасақ, азамат деген сөздің өзі араб тіліндегі «азама» – ұлылық деген сөзден өрбиді. Сірә, ұлы істерге дайын болған хас жігіттерді халқымыз солай атаса керек.

Жігіт сыны

Жігіт сыны жайлы қазақта мынадай сөз бар: бір жігіт бар – құр жан, бір жігіт бар – тірі жан, бір жігіт бар – жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін бар тапқанын киім мен асқа салар, қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып, әркімді бір сықақ қылар. Жігіт жан дейтін жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болар.

Қазақтың ежелгі дәстүрінде ер жетіп қалған бозбалалардың нағыз жігіт болғанын сынау үшін түрлі сайыстар, сындар өткізетін болған. Бұл ер баланың намысын жанып, ерлікке баулиды әрі елін қорғайтын азамат болуына алғашқы қадам болып есептеледі. Расында, мұндай игі дәстүр қазақта болғанымен, кейіннен халық жадынан жойыла бастаған. Бұл игі үрдістің қазақпен қоңсылас басқа халықтарда сақталғанын көреміз. Джигитовка немесе жігіттік сын деген атпен танылған бұл әдет Қауқаз және орыс-казактарда сақталған.

Ежелгі грек тарихшысы Ксенофонт (б.з.д. 430-356) қазіргі қазақ даласын мекендеген көшпелі халықтардың

аттың құлағында ойнайтындығын, оны ерекше өнер санайтындығын тамсана жазған екен.

Асыл дініміз – Ислам өскелең ұрпақтың тәрбиесіне айрықша көңіл бөледі. Оның ішінде олардың иманы берік, қажырлы да қайратты азамат болып өсуіне ерекше мән береді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинада сахабалардың бозбала ұлдарының дінін, елін қорғайтын деңгейге жеткендерін іріктеп, олардың жорықтарға шығуына рұқсат беретін.

Қазақ қоғамында жігіттің, ерлердің еліктейтін идеалдары болды. Олардың көпшілігі дастандарда жырланатын Әмір-Темір, Сейфул-Мәлік, Қарасай, Қазі, Қабанбай, Бөгенбай сияқты баһадүрлер, сондай-ақ, Құран мен хадистерде, қисса-дастандарда айтылатын Әзіреті Әли, қарақылды қақ жарған Омар, Әбубәкір Сыддық, Осман – төрт шадияр, сахабалар, мұсылман ұғымындағы ұлы тұлғалар болатын. Жасы да, жасамысы да соларды өздеріне үлгі санады.

Арқаның атақты ақиығы Ақан серінің «Майдақоңыр» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

Жігіттің падишасы – Әмір-Темір,
Бозбала әнге салсаң қайғың кемір.

Кешегі бес болыстың кеңесінде
Шығарған Ақан сері «Майдақоңыр».

Сол замандағы жастар Құрандағы «Кәһф» сүресінде айтылған иман келтіріп, қудалауға түскен жастардың, сираларда айтылған ізгі сахабалардың өмір жолдарын, олардың бастарынан өткен оқиғаларды жатқа білді.

Жігіттің жігіті – нәпсісіне ие болғаны

Халық арасында жігіттің төресі өзінің нәпсісіне ие болып, иманын сақтай білгені деген ұстаным болды. Шал ақын ердің ері ғана иманын сақтап, нәпсісіне ерік бермейтінін ескертеді:

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,

Бөріге қой алдырмас ердің ері.

Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,

Жоламас ешбір пәле шайтан-пері.

Мұндай ұстанымдар дін тағылымында айтылған мұсылманға тән қасиеттерді аша түседі.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَيْسَ الشَّدِيدُ بِالصُّرْعَةِ، إِنَّمَا الشَّدِيدُ الَّذِي يَمْلِكُ نَفْسَهُ عِنْدَ الْغَضَبِ». متفق عليه.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «*Күшті адам күресте жеңген емес, шын мәніндегі күшті ашу кезінде өзін-өзі билей алған адам*», – деген. Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.



IV ТАРАУ



ОТБАСЫ САЛТТАРЫ



Айттыру, сырға салу (хитба)

Ұлын үйлендіргісі келген ата-ана келін болуға лайықты қыз қарастырады. Екі жақтың тұрғылас, тең болуына ерекше мән береді. Әсіресе, қыз басының бос болуын негізге алады. Бұл жағынан қазақ дәстүрі Әбу Һурайрадан (р.а.) келген мына бір хабардағы Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисімен сәйкеседі:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَا يَخْطُبُ أَحَدُكُمْ عَلَى خِطْبَةِ أَخِيهِ».

«Бір мұсылман екінші бір мұсылман бауырының хитба жасаған (айттырған) қызының үстінен хитба жасамасын» – деген (хадисті имам Бұхари, Мүслим, Нәсаи жеткізген). Ұлына жар таңдаған ниетін білдіруге қалыс адамды өкіл қылып жіберген немесе қыз көруге арнайы өзі барған. Кейбір ескеретін жайттар құдаласпай тұрып үйленетін қыз бен жігіт бір-бірін көрген. Өйткені Жәбірден (р.а.) жеткен келесі хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с):

عَنْ وَاقِدِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ سَعْدِ بْنِ مُعَاذٍ، عَنْ جَابِرٍ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَآلِهِ وَسَلَّمَ: «إِذَا خَطَبَ أَحَدُكُمْ الْمَرْأَةَ، فَإِنْ اسْتَطَاعَ أَنْ يَنْظُرَ إِلَى مَا يَدْعُوهُ إِلَى نِكَاحِهَا، فَلْيَفْعَلْ».

«Егер сендер бір әйелге құда түсетін болсаңдар, мүмкін болса, қарауға рұқсат етілген жеріне (жүзі мен қолдарына) қарап алсын» – деген (имам Әбу Дәуіт). Ал қызды көру жеке екеуара ғана болмауы керек, қыздың қасында махрамдары болуы тиіс. Қызын көруге кел-

ген адамға қыздың шешесі: «Қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді, қызымның басы бос» деген сынды сөздерімен қарсы емес екенін емеуріндеп білдірген. Қызды айттыруға келген тарап үкі тағу, сырға тағу сынды жоралғыларын жасасқан. Осылайша екі жақ келіскен жағдайда баталасып, сөз байласқан. Құдалық туралы уәделескен соң қалыңмалы бірте-бірте төленеді. Айттырылған қызды «қалыңдық» дейді.

Қазақта әлі дүниеге келмеген балаларын, не бесікте жатқан кезде де атастырып қоятын да ғұрып болған. Бұрын көңілі жақын адамдар, жақын достар әлі дүниеге келмеген балаларын «сізден қыз, бізден ұл туса, құда боламыз» деп уағдаласқан. Жігіт көңілінен шыққан қызды оның ата-анасынан тікелей сұрайтын ғұрпы сүннетпен үндеседі. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша анамызды әкесі хазірет Әбу Бәкірдің (р.а.) өзінен қолқалап сұраған. Мұсылмандық дәстүрде қыздың келісімі, жүрек қалауы болуы ескеріледі.

Құдалық

Қазақ дәстүрінде ата-анасы баласының алдында төрт үлкен міндетті өтеуді қажет деп санаған: біріншісі, баланы сүндетке отырғызу; екіншісі, ауыл молдасына беріп, сауатын аштыру; үшіншісі, қалың малын беріп, үйлендіру; төртіншісі, үй тігіп, еншісін беріп, бөлек шығару.

Ата-ананың мұраты: ұлды үйлендіру, келін түсіру, қызды ұзатып, құтты ұясына қондыру. Құдалық бір-біріне жалғас қыз айттыру, құда түсу, ұрын бару, қалыңдық ойнау, құда шақыру, келін түсіру секілді т.б. ғұрыптардан тұрады. Қазақ ұлын ертерек аяқтандыруға тырысқан. «Он үште – отау иесі» деген. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай дейді:

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِذَا حَاطَبَ إِلَيْكُمْ مَنْ تَرَضُّونَ دِينَهُ وَخُلُقَهُ فَرَوْجُوهُ، إِلَّا تَفَعَّلُوا تَكُنْ فِتْنَةٌ فِي الْأَرْضِ، وَفَسَادٌ عَرِيضٌ».

«Егер сіздердің (қыздарыңа) діндар, мінез-құлқы жақсы бір жігіт құда түсіп келсе, оған (тұрмысқа) беріңіздер. Олай жасамасаңдар, жер бетінде фитна жайылып, үлкен бүлік шығады» (Ибн Мәжә риуаяты). Ал қазақ «Теңі келсе, тегін бер» деген. Келесі хадисте де:

حَاتِمُ الْأَصَمِّ: الْعَجَلَةُ مِنَ الشَّيْطَانِ إِلَّا فِي خَمْسَةٍ فَإِنَّهَا مِنْ سُنَّةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِطْعَامُ الطَّعَامِ، وَتَجْهِيْزُ الْمَيْتِ، وَتَرْوِيْجُ الْبَكْرِ، وَفَضَاءُ الدِّينِ، وَالتَّوْبَةُ مِنَ الذَّنْبِ». أَخْرَجَهُ التِّرْمِذِيُّ

Хатим әл-Асам былай деген екен: «Асыққан – шайтанның ісі. Асығу тек мына бес жағдайда ғана. Өйткені ол Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті: келген қонаққа ас беру; мәйітті аттандыру; балиғатқа толған қыз баланы ұзату; қарызды қайтару; істелінген күнәға тәубе жасауға асығу».

Қазақтың құдалық салтындағы атқарылатын жоралардың бірі – құдаларды күтіп алып, күту, құдаларды аттандыру. Құдаларды үйдің алдынан қарсы алып, төс қағысып, амандасқан, үйге кірерде арқан керер, ауылкөрімдік кәделерін берген. Оларға арнайы мал сойылып, құдатабақ тартылған. Ән айтылып, өнер көрсетілген, құдалар жағы да өз өнерлерін көрсетеді. Құдалар айтылған әзіл-күлкіге, «құдатартар» ойынында ашуланбай, әзілмен жауап қатқан, тиісті кәделерін беріп құтылған. Басты жоралғылардың бірі – тек құйрық-бауырдан жасалған тағам қойылған. Құда түсер тойында кейде бәйге, күрес ұйымдастырылып, жыршылар шақыратын, айтысқа түсіп, көңілді, сал-

танатты деңгейге көтерілген. Қалыңдықты аттандырар алдындағы ұзату тойы салтанатпен өткізілген. Қыз ұзату тойының соңында жар-жар өлеңі айтылады. Тарихшы Құрбанғали Халиди жар-жар өлеңінің бір нұсқасын былай жеткізеді:

Бисмилла деп бастаймын,
 Жолың болсын, енді бар.
 «Қыз беруді – сүннет» деп
 Айтқан екен пайғамбар.
 Ата-анам қалды, деп,
 Иә, шырағым, қылма зар.

Қазақта «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деп түрлі сый-сияпаттар, ақшалар берілген.

Той – қуаныш

Қазақта «Той – Құдайдың қазынасы» дейтін нақыл бар.

Тойдың сәні – ән-жыр. Үйлену тойында айтылатын дәстүрлі өлеңнің бірі аушадиарда:

Аушадияр¹⁴ он дейді,
 Қыздар киер тон дейді.
 Құп жарасып қосылу –

Пайғамбар салған жол дейді – деп үйленудің, отбасын құрудың сүннетке сай мұсылманшылық жол екендігін бабаларымыз жастардың есіне салып отырған.

Ал шарифатта той жасау туралы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) үйленген кезде: «*Бір қой болса да сойып, той жаса*» деген.

Сонымен қатар сахих Бұхариде Айша анамыздан (р.а.) келген хадисте ансарлардың бірі үйленген кезде өлең айтып дауыс көтергендерін естіген уақытта

¹⁴ Ашара-мұбашшара – көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген он сахабаға айтылады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оларға тыйым салмады, керісінше, «*Бұл неке-лесу, бұзғындық емес*», – деді. Яғни үйлену рәсімдерін адамдарға жария түрде өткізу – сүннет болып саналады.

Қалыңмал

Қалыңмал деп ұзатылар қыздың жасауына кіретін төсек-орын, кілем, текемет, сырмақ, әшекей бұйымдар – алқа, сақина, сырға, білезік, өңіржиек, балдақ, қобдишасына қояр – иіссу, тарақ, ине жіп, жуалдыз, оймақ, сандығына салар – сәукеле, салы, орамал, қарқара, бүрмелі көйлек, етік, кемер, камзол, желбегей, шапан, камшат бөрік т.б. әйелге қажетті заттарды дайындау үшін берілетін төрт түлік мал мен әртүрлі бағалы дүниелерді айтамыз.

Қазақстанда Кеңес үкіметі 1920 жылы «Қалыңмалды жою» туралы арнайы декрет шығарды. Осыған байланысты, еліміздің кейбір аймақтарында қалыңмал төлеу үрдісі жойылып кетті. Бүгінгі күні қалыңмал ескі мазмұнын сақтағанымен, заман талабына сай біршама өзгеріске ұшырады. Қалыңмал үрдісін жоғалтпаған өңірлерде үй жабдығына кіретін жиһаздар – кебеже, диван, төсек-орын; тұрмыстық техникалық құрылғылар – теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, ыдыс-аяқ т.б. бұйымдарды әзірлеу үшін қалыңмал төленеді.

Кезіндегі Әз Тәукенің «Жеті Жарғы» заңында қалыңмал өлшемі әлеуметтік топтардың дәрежесіне қарай белгіленген. Мысалы, «бас жақсы», «жетпіс жеті», «қырық жеті», «отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «дөңгелек қалыңмал», сондай-ақ, ілу, іргебасар, тонбау, әкенің күші, сүт ақы, той мал, өлітірі, кәде, жеңге көйлек, киіт, шашсипатар, ошаққазар, бозапұл, т.б. жоралғы болған. Оның ішінде «бас жақсы» – қалыңмалдың ең жоғарғы шегі саналған. Бәйге мен көкпарда бас жүлде алып жүрген сәйгүлік,

берен мылтық, құрыш сауыт, атан түйе немесе күшті дуылғалы қара нар енген. «Бас жақсы» қалыңмалын төлеу көбінесе дәулеті шалқыған ауқатты отбасылардың арасындағы неке қатынастарында орын алған.

«Қырық жеті», «отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті» өлшеміне қара мал саны кірген. Ал, «дөңгелек қалыңмалға» он бас қара мал кірген. Бұл – әлеуметтік жағдайы өте төмен отбасылардың арасындағы қалыңмал өлшемі саналған. Сонымен қатар, қазақта «күшік күйеу» деген ұғым бар. Егер, отбасын құруға ниетті ер адамның әлеуметтік жағдайы «дөңгелек қалыңмалды» төлеуге де шамасы жетпесе, онда күйеу жігіт қашан «дөңгелек қалыңмал» өтелгенше немесе қайынатасы қалыңдықты алуға рұқсат еткенше, қайынжұртына қызмет ететін болған.

Шариғатта мәһірдің жоғары шегі көрсетілмеген. Бірақ, Ханафи ғұламалары мәһірдің төменгі шегі ретінде он дирхем күмісті белгілеген. Мәлики ғұламалары мәһірдің төменгі шегі деп үш дирхем күміс, ал Шафиғи және Ханбали ғұламалары мәһірдің төменгі шегін көрсетпеген.

Қазақ дәстүрінде қалыңмал саналмағанымен, бірақ, қалыңмалдың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын кәделер бар:

Ілу – күйеу жігіт қалыңдығына алғаш рет барғанында күтіп алып, қызмет қылған қайын жұртына беретін сыйлық.

Іргебасар – күйеу жігіттің қайын жұртына алғаш барғанында кілем жабады немесе шашу береді.

Тонбау – күйеу жігіттің туыстары иіліп қонақ күткен бауыздау құдаларға сыйға беретін шашу немесе ақша.

Әкенің күші – күйеу жігіттің әке-шешесі бас құдаға қызды дүниеге әкеп, өсіргені үшін беретін қылқұйрық немесе ақша.

Сүт ақы – күйеу жігіттің әке-шешесі бас құдағиға немесе сүт анасына қызға сүт емізгені үшін беретін сыйлық немесе ақша.

Той мал – қалыңдықтың ұзату тойына апаратын мал.

Кәде – күйеу жігіттің қайын жұртына барғанда беретін түрлі сыйлықтары. Қазақта: «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды» дейді.

Киіт – күйеу жігіттің әке-шешесі және туыстары құдаларына тоғыз саннан тұратын киіт береді.

Қалыңмалды құрайтын бұдан өзге де шашсипатар, ошаққазар, бозапұл т.б. кәде-сыйлықтар бар. Кәде мен сыйлықтардың көлемі күйеу жігіт пен қалыңдықтың әлеуметтік жағдайына қарай белгіленіп отырған. Сондай-ақ, еліміздің әр аймағында сан алуан түрлері болған.

Жалпы, қалыңмалды шарифаттағы күйеу жігіттің қалыңдығына беретін мәһір-сыйы деп есептеуге болады.

Негізінде **мәһір** – әйелдің күйеуінен алған сыйлығы. Ол – әйелдің тәуелсіз мүлкі. Күйеу жігіт берген қалыңмалдың мөлшеріне қарай жасалынатын қыздың жасауы да әйелдің жеке мүлкі саналады. Егер әлдебір себеппен қыз өз жұртына қайтарылатын болса, жасауымен бірге қайтарылған. Осы себептен де қалыңмал беруді шарифатқа қайшы емес деп айта аламыз.

Мәһір мен қалыңмалдың айырмашылығы

Мәһір – тұрмысқа шыққан қыздың ақысы. Әкесі немесе атасы қыздың атынан мәһірді қабылдай алады, бірақ оны өздері иелене алмайды. Мәһірді иелену тек қыздың өзіне ғана тиесілі. Ал егер қыз өз ризашылығымен берсе, ата-анасының оны алуына рұқсат.

Қалың мал қыздың ата-анасына беріледі. Қалың мал ретіндегі ақшаға ата-анасы қыздың жасауын, яки қажетті заттарын алуға қолданса, оны мәһір деп қарауға болады. Алайда қалың малды қыздың әкесі алып, өз жеке қажеттіліктері үшін қолданса, мәһірге саналмайды.

Имам Әбу Ханифаның әрі өзге де ғалымдардың пікірінше, қыздың әкесі күйеу жігіттен мәһірдің тысында ақша талап етуге қақысы жоқ. Бірақ күйеу жігіттің өз көңіл қалауымен қыздың ата-анасына сый-сияпат беруіне тыйым салынбаған.

Жеті ата сақтау дәстүрі

Қасиетті Құранның «Ниса» сүресінің 23-аятында үйленуге харам етілген әйелдер туралы ашық баяндалған.

Ислам тарихында екінші халифа Омар ибн Хаттаб (р.а) жақын туысқандарына үйленуді әдетке айналдырған Бәни Сәйбтерге: «Аурушаң (кем-кетік туылу) болып, ұсақталып кеттіндер. Алыстан (қызды жат руға беріп, жат рудан алындар) некелесіндер»¹⁵ деп әмір етуі жақын адамдар арасында шәһуат қалауының аз немесе әлсіз болатындығын білдірген. Бұл әлжуаз ұрпақтың дүниеге келуіне арқау болады.

Медицина ғылымының докторы Ғиззуддин Фараж: «Жақын туысқандардың арасындағы некелесу – сол отбасындағы тұқым қуалайтын ауру және жаман қасиеттердің өмірге келген баланың бойында арта түсуіне себеп болады. Ал жат кісілер арасындағы некелесу – бұл тұқым қуалайтын ауру немесе жа-

¹⁵ Әл-Мүғни ғән хамлил әсфар фи тәхрижи мә фил ихья минәл әхбар лил Хафиз әл-Ғирақи әл-мадбуғ ғәлә һамиши ғүлумуддин лил Ғаззали, Даүр ибн Һайсам, 1-том, 473-бет. Китәбу әдәбен никах.

ман қасиеттерді азайтады»¹⁶ деген. Демек, қазақ халқындағы араға жеті ата салып қыз беріп, қыз алысуын да төмендегі екі мақсат көзделген болуы мүмкін:

1. Ұрпақтың аурушаң болып, ұсақталып кетпеуі;
2. Араға жеті ата салып, алыстап бара жатқан туысқандықты қайта жаңғырту.

Қыздың жасауы

Халқымыздың ежелден келе жатқан салттарының бірі – ұзатылған қызға жасау беру. Ислам құқығында қыздың жасауы өз алдына жеке тақырып ретінде қарастырылған. Себебі, қыз жасауы материалдық құқық болып табылады. Тұрмыс құрған қыздың артынан жасау апару керек пе? Қыздың жасауын кім әзірлеуі тиіс? Қыздың әке-шешесі ме, әлде күйеуі ме? Қызға берілген мәһірге жасау дайындалуы керек пе? Ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда қыздың артынан келген жасаудағы мүліктер кімнің иелігіне өтеді? Міне, осы секілді тақырыптар Ислам құқығында қарастырылып, жауаптары нақты айтылған.

Ханафи мәзһабында әйел өзіне берілген мәһірмен немесе өзіне тиесілі дүние-мүлкімен жасау дайындауға міндетті емес. Әкесінің де өз мүлкінен қызына жасау беруі парыз етілмеген. Қалыңдық күйеуінің үйіне жасаусыз да, күйеу жігіттің берген мәһір мөлшеріне сай келмейтіндей жасаумен да бара алады. Өйткені тұрмысқа шыққаннан кейін оны тұрмысқа қажетті нәрселермен қамтамасыз ету күйеуінің міндеті. Үй мен үй жабдықтары да осы міндеттің қатарына кіреді. Бірақ, күйеу жігіт жасау үшін деп қалың мал берсе, қыз жақтың соған сай жасау дайындауы қажет. Сонымен

¹⁶ Махмуд Абдулхамид әл-Ахмад, Дирасатүн фис сақафатил исламия уәл фикрил мұғасир, Дәрүл фикр, Димашық. – 2004., 384 бет. 127-бетте.

қатар мәһірдің қалың малдан бөлек екенін ескерген жөн.

Жасауды қыздың ата-анасы өз қаржысынан, жігіттің мәһір ретінде берген қаражатынан немесе жасау дайындалуы керектігі айтылмай берілген қалың малдан дайындаса, бұл дүние-мүлік қыздың меншігі саналады. Күйеуі оны тек қана әйелінің рұқсатымен ғана қолдана алады. Мұндай әйел күйеуінен ажырасса немесе күйеуі қайтыс болса, өз дүние-мүлкін түгелдей қайта алуына құқылы. Ал егер, қыздың артынан келген дүние-мүлік жігіттің жасау үшін арнайы берген қаражатымен дайындалса, онда бұл дүние-мүлік жігіттің меншігі саналып, ерлі-зайыптылар ажырасатындай жағдайда, толықтай жігіттің өзінде қалады.

Әрине, қыздың ең қымбат жасауы мен әшекейі оған берілген ілім, әдептілік, тәлім-тәрбие, көркем мінез екенін де ұмытпаған жөн. Бойжеткеннің жарының үйіне апаратын ең қымбат нәрсесі – ары мен абыройы, әдебі мен көркем мінез-құлқы. Тұрмыстық заттардың кемшілігінің орнын толтыруға болар, алайда әдеп пен тәрбиенің орнын толтыру бек қиын.

Беташар

Қазақ халқының беташары жайында жазушы М.Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеуінде беташардың алатын орнын, мазмұндық ерекшелігін анықтаған. Беташардың қандай жағдайда, қашан, қалай айтылатынын сөз ете келіп, Әуезов бұл өлеңнің танытқыштық, тәрбиелік және керкемдік мәнін ашқан; мұның тұрақты мәтіні болатыны, онда қазақ отбасында жаңа түскен келінге арналатын өсиет пен міндет іріктеліп керсетілетіні; жас келіннің жаңа келген елінде әдепті, еңбекшіл, өнегелі, үлкен мен кішіге ізетті болуға тиістілігі ғибрат, ескертпелерінде берілетіні айтылған.

Беташар өлеңінде отбасындағы үлгілі әйел қандай болуы керектігі туралы халықтың ғасырлар бойында қалыптасқан әдеп нормалары, өнеге тізбегі, адамгершілік дүниетанымы, әйелдердің адам тәрбиесіндегі айрықша орны көрініс тапқан. Қазірге дейін айтылып, қажетке жарап келе жатқандығы бұл өлеңдер өміршеңдігін көрсетеді.

Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына» атты кітабында беташарға мынадай анықтама береді: «Жаңа түскен келінді беташар дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі беташар жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатысады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді жыр төгуі керек.

Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз,
Анау, мынау деменіз.

Түсін айтып қойыңыз, – деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжыңдарын араластыра көрімдік сұрап, жұртты көңілді күлкіге қарық қылады. Беташар – тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты жақсы дәстүрлердің бірі». Беташардың орындалу рәсімі, мазмұны беташар айтушыға аса үлкен жауапкершілік жүктейді.

Бұл дәстүрдің қадір-қасиеті көп болғандығы соншама – ол туралы қазақтың ұлы ғұламалары да жырлаған болатын.

М.Әуезов беташарға тағы да мынадай пікір берген: «Әдет-ғұрып заңдарын бас-басына санап көрсету жағынан «беташар» орыстың «домострой» атты көне

өлеңіне ұқсас. Бірақ қазақ өлеңінде бәрі де келінге арналады» десе, қалыңдықтың бетін бүркеп-бүркеп келетін орыс ғалымы В.И.Еремина орыс халқындағы мысалдар арқылы, яғни орыс қызының да басына жартылай жібек желең жамылатынын ежелгі мифтік санамен байланыстырады.

Уақыт пен денсаулықтың қадірін білу

Әрбір сағатымыз бен күніміз – баға жетпес құндылық. Өткен күн қайтып келмейтіні белгілі. Сондықтан адам өмірі үшін уақыттың маңызы зор. Уақытсыз ештеңені елестете алмаймыз. Мәселен, аптамызды, жылымызды уақытқа сай жоспарлаймыз. Адам әрбір тыныс алуымен ажалына жақындай түсетінін естен шығармауы тиіс. Ал уақыт адамға берілген аманат, оның өлшемі құнсыз.

Ислам бізге уақыт мәселесіне немқұрайлы қарамауды ескертеді. Алланың Құранда «Асыр» сүресінде уақытпен ант етуінің астарында үлкен мән жатыр. Ғасырмен ант етуінің мақсаты, адамдардың уақыт жайындағы ойларының қате екенін ұқтыру еді. Екіншіден уақытпен ант етілуі уақыттың маңызын меңзейді. Кейбір пенделер ұшырасқан қиыншылықтар мен жамандықты заманнан көреді. Нәтижесінде, басына келген бақытсыздық үшін уақыт пен заманды кінәлайды. «Заман өзгерді», «заман бұзылды» деген сөз дұрыс болмайды. Адамның бақытсыздығына уақыт пен заманның ешқандай қатысы жоқ және оған тіл тигізуіне болмайды.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «قَالَ اللَّهُ يَسُبُّ بُنَى آدَمَ الدَّهْرُ، وَأَنَا الدَّهْرُ، بِيَدِي اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайрадан риуаят бойынша Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай де-

ген: «Алла Таға былай деді: адам баласы заманға тіл тигізеді. Ақиқатында заман менікі, күндіз бен түн менің құзыретімде» (Бұхари риуаяты).

Заман, уақыт Алланың пендесіне берген ең қымбат нығметі болғандықтан, адам уақыттың қадірін біліп, оны өте тиімді пайдалануы тиіс. Бұл нығметті тиімді пайдаланбаса, екі дүниеде де зиянға ұшырайтындардан болады. Әрине, «Асыр» сүресінде айтылғандай, иман етіп, ізгі амал жасап, бір-бірлеріне ақиқатты насихаттап, сабырға шақырса, жамандықтан тыйылса, зиянға ұшырамай екі дүниесі абат болмақ.

Адамның өмірі әр минут сайын еріп таусылатын мұз секілді. Егерде өмірінде екі дүниелік пайдасы үшін амал етіп, әрекет етпесе, өкініші сол болмақ.

Құранда уақыттың қадірі жайында бірнеше аятта баяндалған (қараңыз: «Юнус» сүресі, 49; «Фатыр» сүресі, 36-37; «Хаж» сүресі, 47). Уақыт секілді денсаулықтың да қадірі жайында аз айтылмаған. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да екі мәселенің қадірі жайында былай деген:

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «نِعْمَتَانِ مَعْبُودٌ فِيهِمَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ
الصِّحَّةُ وَالْفَرَاغُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

«Екі нығмет бар, адамдардың көбі оның қадірін білмейді. Олар денсаулық пен бос уақыт» (Бұхари риуаят еткен).

Сол секілді адам үшін қымбат болған бес нәрсе жайында да ескертіп өткен.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اعْتَنِمْ خَمْسًا قَبْلَ خَمْسٍ: حَيَاتَكَ قَبْلَ
مَوْتِكَ، وَصِحَّتَكَ قَبْلَ سَقَمِكَ، وَفَرَاغَكَ قَبْلَ شُغْلِكَ، وَشَبَابَكَ قَبْلَ هَرَمِكَ،
وَغِنَاكَ قَبْلَ فَقْرِكَ». رَوَاهُ الْحَاكِمُ.

«Бес нәрсе келместен бұрын бес нәрсенің қадірін біл: өлім келместен бұрын өмірдің, ауру келместен бұрын денсаулықтың, жұмысбасты болмастан бұрын бос уақыттың, қартаймастан бұрын жастықтың, кедей болмастан бұрын байлықтың» (Хаким риуаят еткен).

Махшар алаңында әрбір адамның амал дәптері өздеріне таратылған соң, Алла Тағала пенделерінен жеке-жеке есеп алатын болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде әрбір адамнан мына бес сұрақ міндетті түрде сұралатынын ескерткен:

1. Өмірін қайда өткізгендігі.
2. Жастық шағын қалай өткізгендігі.
3. Мал-дүниесін қандай жолмен тапқандығы.
4. Мал-дүниесін қалай жұмсағандығы.
5. Білгендерімен амал етіп-етпегендігі (Термези риуаят еткен).

Абай атамыз өз өлеңінде уақыттың қадірі жайында тамаша бейнелейді:

*Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Үнемі өмір өтпек - ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.*

Адам баласы жоғалтқан байлығын, затын қайта еңбектеніп таба алады. Бірақ босқа өткізген уақытын қайтара алмайды. Уақытымен қаржы таба алады, бірақ ақшаменен уақытты сатып ала алмайтынын ойламайды.

Адам уақытын тек дүние тіршілігі үшін ғана пайдаланып, құлшылығы үшін бөлгісі келмейді. Әркім өзіне тиесілі ризыққа ғана қол жеткізеді, одан артығы бұйырмайды. Аятта бұған қатысты былай дейді:

﴿مَنْ كَانَ يُرِيدُ الْعَاجِلَةَ عَجَلْنَا لَهُ فِيهَا مَا نَشَاءُ لِمَنْ نُرِيدُ ثُمَّ جَعَلْنَا لَهُ جَهَنَّمَ يَصْلَاهَا مَذْمُومًا مَدْحُورًا * وَمَنْ أَرَادَ الْآخِرَةَ وَسَعَىٰ لَهَا سَعْيَهَا وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَأُولَٰئِكَ كَانَ سَعْيُهُمْ مَشْكُورًا﴾

«Біреулер дүниенің қызығын көздейді. Ал Біз ол қызықты өзіміздің ұйғарған адамдарымызға береміз де (оның есесін) қияметте жазамен қайтарамыз. Тозаққа олар қор болып қуылады. Ал кімде-кім ақырет күнін ойласа, мұмин ретінде сол дүниенің қам-қаракетін жасаса, ондайлардың еткен істері сауапқа жазылады» (Исра сүресі, 18-19 аят)

Бір хадисте былай дейді: «Кімнің дерті ақырет болса, Алла оның көңілін бай етеді, екі жағасын біріктіреді. Дүние қаламаса да, дүние оған мәжбүр барады. Ал кімнің мақсаты дүние болса, Алла оны кедейлікпен бетпе-бет қалдырады да, екі жағасын біріктірмейді. Дүниелік байлықтан тек өзіне бұйырылғаны ғана нәсіп болады» (Термези риуаят еткен).

Уақыттың қадірі жайында ғалымдарымыз көптеген сөздер айтып кеткен. Солардың бірнешеуін айтып өтейік.

Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Төрт нәрсе кері қайтарылмайды: атылған оқ, жұмсалған ашқа, қолға түскен мүмкіндік және өткен уақыт».

Әли ибн Әбу Талиб (р.а.): «Уақытпен жақұтқа қол жеткізуге болады, бірақ жақұтпен уақытқа қол деткізе алмайсыз».

«Дүние әр сәт бізден алыстауда, ақырет болса, жақындап келеді. Осы екеуін таңдайтындар бар.

Сіз ақыретті таңдайтындардан болыңыз, дүниені таңдайтыннан болмаңыз. Себебі бүгін еңбек ету бар, есеп жоқ. Ертең есеп бар, еңбек ету жоқ».

Имам Ағзам Әбу Ханифа: *«Жамандықтың ең үлкені уақытын босқа өткізу».*

Имам Шафиғи: *«Уақыт қылыш секілді, сен оны кеспесең, ол сені кеседі».*

Имам Ахмет: *«Өткен өтті. Оны енді гибрат алу үшін ойлауға болады. Келешекке арқа сүйелмейді. Себебі бұдан кейін өмір сүретініңіз мәлім емес. Олай болса, көңіл бөлетін уақыт өзіңіз тірі тұрған сәтіңіз. Біз тек соған ғана иеміз. Не істей алсаң, қазір жасап қал».*

Имам Шарани: *«Ақылсыз адам уақытын қалай өткізетінін ойласа, ақылды адам уақытын қалай пайдаланатынын ойлайды».*

Адамның ең қымбат байлығы денсаулығы мен уақыты. Қазақ халқы адамның уақыт жасына қарай атаулар беріп, әр шақтың өзіндік маңызы бар екенін айтып кеткен. Бұл атаулардың жай-жапсары кітаптың алдыңғы бөлімдерінде айтылды. Халқымыз көнеден бері адам жасына байланысты түрлі атаулар берсе, отбасы тәрбиесінде және қоғам өмірінде сол жас ерекшеліктер бойынша аталып, ақыл-кеңес беріліп отырған. Қала берсе өлең-жырларға да қосқан. Әрине, мұндай жас ерекшеліктердің атауы әр ұлтта бар дәстүр. Бірақ қазақ халқының бұл атаудағы дәстүрі ерекше.

Шарифат бойынша жергілікті қолданыстағы дәстүр дінге қайшы болмаса, ондай дәстүрді жалғастыруға, ұстануға рұқсат етеді. Жоғарыда аталған жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылған атаулар діни сенім мен қағидаларға қайшы болмағандықтан, бабаларымыз өз тұрмыс тіршіліктерінде дәстүр ретінде

тастамады. Ал Ислам діні бойынша мұндай жас ерекшеліктері бар ма деген сұрақ туындайтыны анық. Дінде жас ерекшеліктерінің атауына қатысты арнайы ереже болмағанымен кейбір жастар жайында айтылған. Шарифатта адам жасына қатысты айтылған мәселелер негізінен құлшылықпен байланысты болмақ. Мәселен, мына хадисте баланы 7 жастан бастап намаз оқуға үйрету бұйырылады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Балаларыңыз жеті жасқа келген шақта намаз оқуға бұйырыңдар. Олар он жасқа келгенде намаз оқымаса (жалқаулық танытса), ұрып қойыңдар. Төсекте олардың жатын орнын бөлек жатқызыңдар»* (Әбу Дәуіт риуаяты).

«Әсма! Әйел балиғат жасына жеткен кезде оның мына мүшелерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс болмайды. Алла Елшісі осы сөздерді айтқан кезде қолдары мен жүзіне ишарат еткен еді» (Әбу Дәуіт риуаяты)

Дінімізде 40 жас мәселесі де айтылып өткен. Шарифатта 40 жас адамның кемелденген, ақыл тоқтатқан, бала-шағаның тауқыметін білетін жас ретінде айтылады. Сол секілді осы жаста көптеген пайғамбарлар пайғамбар болған. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да 40 жасында пайғамбар болғанын білеміз. Көптеген дін ғалымдары да осы жастан кейін қалам алып, кітап жазғаны тарихи деректерде айтылуда. Құранда сол 40 жас жайында былай дейді: **«Адамды біз ата-аналарына жақсылық жасауға бұйырдық. Адамдарды анасы ауырлап жүріп, құрсағында көтерді, қиналып туады. Құрсақ көтеру, емшек емізіп бағу мерзімі отыз айға созылады. Нәресте өседі, қырық жасқа да толады. (Сонда ол): Тәңірім! Сенің өзіме берген және ата-анама берген игілігіңе шүкірлік етуім үшін, сен риза болатын-**

дай ізгіліктер жасауым үшін маған медет бер. Менің ұрпағымның да тағдырын оңда. Мен Саған шын тәубе еттім. Мен шынайы мұсылманмын», - дейді» (Ахқаф сүресі, 15 аят).

Халқымызда «40 жас - қылыш жас, қырықта қамал алар» деген нақыл сөз тектен тек айтылмаған.

Дінімізде 63 жас «Пайғамбар жасы» деген түсінік қалыптасқан. Себебі Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарымыз 63 жасында қайтыс болған еді. Пайғамбарымыздың үш халифасы да 63 жасында қайтыс болған. Қожа Ахмет Яссауи 63 жасына келген соң Пайғамбарға деген құрметпен жер асты мешітінде, яғни қылуетханаға кіріп, қалған ғұмырын өткізуі халқымыз арасында кеңінен тараған әңгіме. Сондықтан 63 жасқа толғанда «Пайғамбар жасына» келдім деп атау дәстүрі қалыптасты.

Талақ – ажырасу

Қазақ – жесірін жылатпаған, отбасы құндылығын жоғары бағалаған халық. «Талақ» сөзінің қазақ тілінің әмбебап сөздігіндегі діни термин ретіндегі мағынасы былай келтірілген.

1. Діни. Ер адамның әйелін тастағанда айтылатын «неке бұзылды, әйелін тастады» деген мағынадағы сөз.

«Айдарбек Зейнепті жазықсыз ұрып, Қараңды батыр, кет!.. Мен сенен талақ!» – деді (Б.Майлин, Шығармалары).

Русша білмек бұларға шарт болмаса,
Іс етсе шарифаттың фәрмәнінше,
Никах, талақ, мирас, жаназа оқып,
Указной балаға есім қойса (М.Дулатов,
Шығармалары).

Араб тілінде «талақ» сөзі «жіберу, тастау, тәрк ету» дегенді білдіреді. Ал шарифатта қолданатын мағынасы

– ері мен әйелінің арасындағы некенің үзілуі. Талаққа шарифатта рұқсат етілген. Ерлі-зайыптыларды бір-бірінен ажыратуды зәру жағдай талап еткен болса немесе араларындағы жанжал мен ұрыс-керістің көбейгенінің салдарынан, екеуінің бір шаңырақтың астында өмір сүруі мүмкін емес болса, онда ажырасуларына рұқсат етіледі. Ал егер мұндай зәрулік жағдай болмаса, онда отбасының сақталуы, ері әйелінен көрген разы болмайтын істеріне сабыр етуі және әйеліне де ерінен көрген разы болмайтын істеріне сабыр етуі уәжіп болады. Расында, отбасылық өмір – ол мәңгілік, сондықтан ерлі-зайыптылардың арасында әрдайым жақсылықты насихаттау, бір-біріне жәрдемдесу, қиыншылыққа сабыр ету және отбасылық өмірдің қиыншылықтарын бірге бөлісу және бұған кішіпейілділік пен ықыласты болуы міндет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадис-шәрифінде былай дейді: *«Алла Тағала халал еткен нарселерінің ішіндегі ең жек көретіні – талақ»*. Сондықтан өте зәру жағдай болмаса, мүмін адамның талаққа жүгінуі дұрыс болмайды. Ақиқатында, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ешқандай үзірсіз немесе қажетсіз талаққа жүгінген адамға лағынет айтып, мейлі ол ер болсын, әйел болсын, былай деген: *«Алла Тағала аз уақытқа пайдалану үшін бір әйелге үйленіп, кейін оны талақ етіп нәпсіқұмарлықпен басқа бір әйелге үйленетін барлық ер адамды лағынеттеді»*. Келесі бір хадисінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Қандай да бір әйел ешқандай себепсіз немесе қажетсіз ерінен талақ сұрайтын болса, ол әйелге жаннаттың иісі харам болады»*, – деген.

Талақтың шарифатта рұқсат екендігінің дәлелі:

﴿الطَّلَاقُ مَرَّتَانٍ فَإِنْ سَاكَ بِمَغْرُوفٍ أَوْ تَشْرِيحٍ بِإِحْسَانٍ﴾

«Талақ екі рет. Сонда не туралықпен ұстау немесе жақсылықпен ажырасу керек» («Бақара» сүресі, 229-аят). Яғни, әйелді қайтаруға болатын рағғи талақ екі рет болады. Ол кезде ер адам өз әйелін қайтару үшін жақсы қарым-қатынас жасауы немесе ажырасатын болса, әйелінің хақысын толық беріп ажырасуы лайық болады. Пайғамбарымыздың заманында кейбір сахабалар әйелдеріне талақ берген, ал пайғамбарымыз болса оларға бұл нәрсені рұқсат етті, сондықтан үмбеттің барлық ғұламалары талақтың рұқсат екеніне бір ауыздан келісті.

Талаққа рұқсат берілуінің хикметі: Шариғатымыз жеңілдікке және адамзат табиғатымен үйлесімділікке негізделген. Ол отбасылық өмірді қастерлейді және адамдардың әртүрлі болуына қарамастан оның жалғасымды болуына шақырады. Ал егер екі адамның арасындағы жанжал ушығып, екеуінің бірге тұруы мүмкін болмаса, оларға ажырасқан жақсырақ болады. Бұл жайында Алла Тағала Құран Кәрімде:

﴿وَإِنْ يَتَفَرَّقَا يُغْنِ اللَّهُ كُلًّا مِنْ سَعَتِهِ﴾

«Егер екеуі ажырасса, Алла әрқайсысын өз кеңшілігінен қамтамасыз етеді» делінген («Ниса» сүресі, 130-аят). Яғни, екеуі зәрулікпен ажырасатын болса, Алла Тағала өзінің кеңшілігімен бұл ажырасуды екеуіне де қайырлы етеді, өйткені Алланың мейірімі кең және Ол сөзінде де, ісінде де өте дана.

Әмеңгерлік

Әмеңгерлік деп қаза болған кісінің жесір қалған әйелінің оның аға-інісіне немесе жақын-жуықтарының біріне күйеуге шығуын айтамыз. Қазақ бұл салтты «Аға өлсе, жеңге мұра, іні өлсе, келін мұра» деп айтады. Әсілі, әмеңгерлік ағайын арасындағы күрделі мәселелердің

біріне жатады. Кейде жесірге үйленуге қайтыс болған кісінің бір емес бірнеше бауыры таласуы мүмкін. Кейде қайтқан кісінің артынан мол байлық қалып, соны иеленуі үшін әмеңгерлікке үмітті туыстардың саны көп болуы мүмкін. Кейде жесірдің науқас, мүгедек немесе ажарсыз болып, сондай-ақ, қайтқан кісінің бала-шағасы үйелмелі-сүйелмелі көп болып, артынан ешқандай байлық мұраға қалмаса, ешкім әмеңгерлікке сұранбауы мүмкін. Мұндай жағдайда қайтқан кісінің жылдық асын бергеннен кейін жесірдің әмеңгерін анықтау үшін ру ақсақалдары келелі мәжіліс өткізеді. Егер, жесірді иеленуге күйеуінің қатарынан бірнеше туысы үміткер болса, мәжіліс жесір мен жетім балаларға көбірек қамқорлық таныта алады деген туысын әмеңгер ретінде белгілейді. Керісінше, жесірге қайтқан кісінің бауырларынан әмеңгер болуға ешкім талап білдірмесе, онда ақсақалдар немере немесе шөбере туыстарына сенім білдіреді. Сонда да ешкім әмеңгер болуға пейілді болмаса, онда жесірдің жаңа отау құруын өз еркіне қалдырған. Бірақ, қазақ тарихында мұндай жағдай өте сирек орын алған. Жалпы, жесірге әмеңгер болуға үміткерлер бола тұра, жесір үміткерлердің ешқсайсымен бас құрауға ниет танытпаса, жесір өз еркіне қалдырылады. Егер, жесір ол елде қалмауға шешім қабылдаса, оған мал-мүлік те, балалар да берілмейді. Ал, бәрі ойдағыдай іске асып, жесір келісімін беріп, жақын туыстардың бірі жесірдің әмеңгері болып жатса, онда әйелдің төркіні шақыртылып, олардың батасын алып, молда шарифатқа сай неке қияды.

Қазақ әдет-ғұрпын жан-жақты зерттеген ғалымдар әмеңгерлік салтының мынадай артықшылықтары бар екенін алға тартады:

Біріншіден, жесір әйел күйеуінің жұртынан емес, басқа елдің адамымен бас құрап, балаларды өзімен

бірге алып кететін болса, бөтен жұрттың һәм өгей әкенің жетім балаларды өгейсітпей өсіруі екіталай. Ал, жесірді күйеуінің жақын бауырлары иеленетін болса, онда бауырының көзіндей болған балаларға мейлінше мейірім төгеді. Бұл кезде ұрпақ психологиялық және физикалық тұрғыда дұрыс өсіп-жетіледі.

Екіншіден, жесір әйел басқа рудың ер-азаматына күйеуге шықса, күйеуінің артынан қалған байлық немесе шаруашылықты өзгелер иемденеді. Тіпті, өзге жұрт бөтендік қылып, кәметке толмаған балалардың мұрасын талан-таражға түсіруі мүмкін. Ал, жесірге қайтқан кісінің бауырлары әмеңгер болса, онда байлық-мұра өз елінде қалып, мирасқорлар мұраны толық иеленетін болады.

Үшіншіден, жесір әйел басқа елдің адамына күйеуге шығып, балалар туған анасынан ажырап қалса, бұл балаларға психологиялық тұрғыда ауыр соққы болып тиеді. Баланың туған шешесінің құшағынан ажырап қалуы – бала үшін үлкен қиянат. Ал, жесір өзге елге кетпей, қайнысы немесе қайынағасының біріне күйеуге шықса, балалар ана мейірімінен һәм әкелік қамқорлықтан кенде болмай өседі.

Әмеңгерліктің осы алғышарттарын негізге алсақ, қазақтың бұл дәстүрін шарифатқа қайшы емес деп айта аламыз. Шарифаттағы некенің басты шарттарының бірі – үйленуге ниетті жігіт пен қыздың келісімінің болуы. Яғни, жесір қалған әйел қайнысы немесе қайынағасына, не болмаса қайтыс болған күйеуінің басқа туыстарының бірімен үйленуге өз еркімен келісім берсе, некенің бұл әмеңгерлік түрі шарифатқа қайшы емес деп танылады.



V ТАРАУ



ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЛТТАР



Намаз – діннің тірегі

Әлемдердің Раббысы болған Алла Тағаланың құлдарына өсиеті. Қасиетті Құранның бірнеше аятында Алла Тағала «намаз оқыңдар» деп бұйырады. Сонымен қатар намаздың маңыздылығын көрсететін мынадай аяттар да бар.

«(Уа, Мұхаммед!) Саған уахи етілген кітапты оқып, намазды орында. Күдіксіз, намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды» («Анкабут», 45);

«Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді» («Ниса», 103);

«Алайда олар барлық бұрыс діндерден бойын аулақ ұстап, шынайы түрде Аллаға құлшылық етуден, намазды түп-тура оқудан және зекет беруден өзге нәрсеге әмір етілмеген болатын» («Бәйина», 5).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да:

«Намаз – діннің тірегі»;

«Адамдардың қиямет күнінде алғаш есепке тартылатын амалы мен іс-әрекеті – намаз» (Термези риуаяты);

«Үлкен күнә жасамаған адамды бес уақыт намазы мен жұма намазы келесі жұмаға дейінгі жасаған күнәларынан арылтады» (Мүслім риуаяты), – деп намаздың маңыздылығын атап өткен.

Міне осындай ұлық ғибадаттың мәнісін ұққан хан ордасының жырауы Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) ғұмырлық тілек-өсиеттердің қатарына намазды да қосып былай толғайды:

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз,

Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тіленіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа¹⁷.

Қабан жырау (1733-1824) екі дүние бақытының парыз ғибадаттарды орындауда екендігін мына жолдармен өрбітеді:

- Бақыт, қайдан келесің?
- Ораза, намаз оқымас.
Алланың атын тоқымас,
Бейнамаздан келемін.
- Бақыт, қайда барасың?
- Тарауық намаз оқыған,
Көңіліне аят тоқыған
Ниетті елге барамын.
...Сәресі, сахар ішетін,
Хақ жолына түсетін,
Ниетті елге барамын¹⁸.

Қазақ халқының ұлттық танымында Құдайға деген құлшылық-ғибадаттың, оның ішінде намаздың орны ерекше. «Кей намаздан бейнамаз жаман» деп намазсыз адамдар қатты жазғырылған. Қазақ әдебиетінде және тарихында қазақ халқының шариғат талаптарын бұлжытпай орындағаны жайлы деректер молынан кездеседі.

¹⁷ Үш ғасыр жырлайды.

¹⁸ Қабан жырау, «Алтын қазық» кітабынан.

Ораза туралы

Ораза ұстау – Құран Кәрімде және Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадис шәріптерінде үкімі нақты бекітілген бес парыздың бірі. Құран Кәрімде:

«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді», («Бақара», 183) делінген.

Келесі бір аятта: **«Сендердің араларында кімде-кім Рамазан айының туғанын көрсе, сол күні ораза ұстасын. Сырқат немесе жолаушылар ораза айында ұстай алмаған күндерін басқа күндері ұстасын»** («Бақара», 185) – деп көрсетілген.

Оразаның сауабына байланысты хадистерінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кімде-кімді ораза ішіп-жеуден тыйса, Алла Тағала оған жұмақ жемістерінен жегізіп, жұмақ бұлақтарынан ішкізеді»¹⁹, «Жұмақта «Райхан» деп аталатын есік бар, ол есіктен тек ораза ұстағандар ғана кіре алады»²⁰*, – деп, ораза ұстаушылардың жаннатта арнайы құрметке бөленетінін сүйіншілеген.

Міне, осы шариғи тұрғыдан үкімі парыз рамазан оразасына бабаларымыз ерекше бейіл салған. Жылына бір келер отыз күн оразаны ықыласы түсіп күтетін болған. Оны халқымыздың әдебиетінен молынан байқауға болады.

Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы (1748-1819 ж.) ораза, намаз секілді құлшылықтың маңыздылығын нақыл түрінде өлеңдетіп былай дейді.

Қараңғы қабірде жатпақ қиын,
Таңла мақшар болады ұлы жиын.

¹⁹ Әл-Хунди, Кэнзул-Ұммал, 3/328

²⁰ Ибн Мәжа, Сиям, 1.

Намаз, ораза, ғибадат бек пайдалы,
Алладан тілек қылып, күнде сыйын.
Жігіттер, өлім – рас маған нансаң,
Ораза ұста, намаз оқы, тілімді алсаң.
Ораза ұстамай, намазды оқымасаң,
Әрине, күнәсі не, өлмей қалсаң.

Шортанбай Қанайұлы (1808-1881):
Құбылаға бас қоймақ –
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қаза қылмасаң,
Көңілінде Құдай барлығы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931):
Оразаң отыз күнгі – отыз кісі,
Бес кісі – бес намазың білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұларсыз дәнемеге келмес күшің, - деп жырлайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазан айында ғана емес, басқа уақыттарда да ораза ұстаған. Әр айдың 14, 15, 16-шы күндері мен әр аптаның дүйсенбісі мен бейсенбісінде ауыз бекіткен. Рамазан айынан кейін келетін Шәууәл айында алты күндік ораза ұстау да – сүннет. Ол туралы бір хадисте «Кімде-кім Рамазанды оразамен өткізіп, бұдан кейінгі шәууәл айында алты күн ораза ұстаса, жыл бойы ораза ұстағандай болады»²¹ делінген

Қаңлы Жүсіп бабамыз осы оразаны меңзеп:

«Рауаят жазған қай бала?
Мағынадан жоқ хабарың.
Шәууалдың алты күнінен
Қаншалық болды залалың...
Шәуалда тұтпақ алты күн,

²¹ Ибн Мажә, Сиам, 33.

Хадисымен сәбит-дүр»,- деп ой қозғаған.

Бабаларымыз ораза ұстауды жарапазан айтқызумен де насихаттап отырған. Үй-үйді аралап жүретін жарапазаншылар ораза ұстап, ауыз бекіткен кісілерді құттықтаған. Жақсы тілектер тілеп, насихаттық мәні бар өсиеттер айтқан.

Жарапазан сөздері негізінен былай болып келген:

«Ассалаумағалайкум, мұсылмандар,
Мойынын хақ жолына ұсынғандар.
Құт орнап отбасыңа, бағың артсын,
Құдайым қабыл етсе, ісіңді оңдар.
Атыңнан айналайын хақ пайғамбар,
Алладан әмір келсе – жақ байланар.
Аллаға тіршілікте құлшылық ет,
Қара жер өлгеннен соң тақтайланар.
Ораза айы келді, ей, жарандар,
Бұл айдың фазілеті Кәламда бар.
Өлеңі жарапазан айып емес,
Мүминге осылайша болған хабар.
Құдай-ау, айналайын, несібе бер,
Күлген мен ойнағанды кешіре гөр.
Күнәміз таудан үлкен, тастан қатты,
Су сеуіп тозақ отын өшіре гөр!
Ораза айы келді болып қонақ,
Күтіп ал қонағыңды болмай олақ.
Мұндағы ғибадатың қабыл болса,
Жәннатта қойылады алтыннан тақ.
Меккедебірағаш бар ішіқуыс,
Ораза мен намаз да ізгіжұмыс.
Ұстасаң оразаны, жұмағыңда
Жемістер шашылады уыс-уыс.
Айтамыз жарапазан ауылыңа,
Бақ қонсын бар мұсылман қауымына.
Береке, құт әкелсе, ораза айы,

Жаз жайлау, жарық енсін ауылыңа!»²²

Оразада бір жұтым су да болса сәресіде тұрып, ішіп-жеу үкімі – мұстахаб. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл тұрғыда: *«Сәресіге тұрыңдар. Өйткені, сәренің тамағында берекет бар»*. (Бұхари риуаяты). Басқа бір хадисінде: *«Сәресі тамағы берекет. Бір жұтым су да болса, оны тастамаңдар. Өйткені, Алла сәресіде тамақтанғандарға рақым етіп, періштелері де олар үшін кешірім тілейді»*, – дейді (Имам Ахмет риуаяты). Сәресіге қатысты қазақ әдебиетінен мынадай жолдарды кездестіруге болады.

«Бұлар Абдыра бекетінен сәресі ішкен соң-ақ шығып кетісті» (І.Жансүгіров, «Шығармалар жинағы»).

«Бозала таң болмай жатып-ақ шал мен кемпір шайды быжылдата қайнатып, сәресіге Мәрзияны оятты» (Ш.Мұртазаев, «Қара маржан»).

Зекет

Араб тілінде «зекет» – көбею, өсу, берекеттену, тазалық сияқты мағыналарды білдіреді. Ал зекеттің шарифаттағы терминдік мағынасы: зекет беретін нисап мөлшеріне жететін байлыққа ие болған мұсылманның байлығының белгілі бір бөлігін жылына бір рет Алла Тағаланың ризалығы үшін Құранда белгіленген адамдарға иелендіруі. Бұл ғибадаттың зекет деп аталуы қалған байлықтың көбеюіне, берекеттенуіне әрі берушісінің күнәларынан тазаруына себеп болғандығынан. Зекет ғибадаты Хижреттің екінші жылы Рамазан оразасынан кейін Шәууал айында парыз болды. Алла Тағала зекеттің парыздығына қатысты Құран Кәрімде былай дейді:

²² Қ.Толыбаев. Бабадан қалған бар байлық. «Қазақстан» 2000.Б.90.

«Намаз оқындар, зекет беріндер»²³

«Олардың күнәларынан тазаланып, малдары көбейіп берекеттенуі үшін олардың малдарынан садақа (зекет) ал»²⁴

«Шын мәнінде, садақалар (зекеттер) кедей-кепшіктіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға т.б.), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Алла жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Алла тарапынан парыз етілді»²⁵.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) зекетті Исламның бес шартының бірі екендігін төмендегі мына хадисте атап өткен.

«Ислам діні бес негізден тұрады: Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла тарапынан жіберілген елші екендігіне куәлік келтіру, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келсе қажсылыққа бару»²⁶.

Әбубәкір Кердері бабамыз (1861-1903) бұл жөнінде:
Пайдасын өзің көресің,
Ғибадат қылып Аллаға.
Бір жаныңды нұрласаң.
Жаныңа ғазап хақ болар
Ораза, намаз, зекет, хаж
Атқарып уақыт тұрмасаң.²⁷— деп жырлайды.

Қабан жырау бабамыз:

²³ «Бақара»сүресі, 34,83-аяттар.

²⁴ «Тәубе» сүресі», 103-аят.

²⁵ «Тәубе» сүресі, 60-аят.

²⁶ Бухари, Иман,1; Муслим, Иман, 217.

²⁷ Кердері Әбубәкір, Қазағым.

Ай, мұсылмандар, жарандар,
Малыңнан зекет беріңіз.
Бірлігін хақтың біліңіз,
Хақ жолымен жүріңіз,
Пәк болады дініңіз – деп жырлайды²⁸.

Қазақ халқының күнделікті өмірінде садақаның, зекеттің орны ерекше болған. Себебі, мұсылман кісі байлығының бір бөлігін тек бір Алла ризашылығы үшін пақыр отандастары мен діндестеріне тегін беретіндей көңілге ие болады. Осылайша мұсылман баласы әрқашан елін, халқын, отанын ойлайтын азаматқа айналары сөзсіз. Төмендегі деректер осыны көрсетеді:

Салық екі түрлі болсын делінді. Бірі мал салығы «зекет». Екіншісі, егін салығы – «үшір»²⁹.

Құрбан терісі, зекет, ғұшыр секілді нәрселер мұндай орынға жиыла бастаса, өзі бір қазына болар еді³⁰.

Жамалдың себебімен ауылдың балалары да оқыр, өзіміз малдың зекетін берерміз, ақысын ауылмен бірдей көрерміз, деді³¹.

Зекет ғибадаты бай мен кедейдің арасындағы қатынасты жақсартып, бауырмалдыққа тәрбиелейді. Мәселен, мейірімділік көрсетіп, жағдайларына қарасқандықтан кедей де байларға құрметпен қарап, олардың дүние-мүліктеріне сұқ көзденбейді. Қызғанып, қастандық ойламайды, жасамайды. Осылайша қоғам бақытты, сенімді ғұмыр кешеді. Бабаларымыз осындай игі істі жасаған байларды мадақтап өлеңіне қосқан. Мәселен Әбубәкір Кердері бабамыз:

Үшінші ізгі кім десең,
Сақи болған адамдар,

²⁸ Қабан жырау, Алтын қазық.

²⁹ І.Есенберлин, Қаһар.

³⁰ М.Дулатов, Шығармалары.

³¹ М.Дулатов, Шығармалары.

Зекетін беріп тамамдар ³² – деп жырлайды.

Ал өлеңдері жалынды Сұлтанмахмұт бабамыз:
Зекет бер, нашарларға көзің сал деп,
Ғылымды қайдан болса, сонан ал деп,
Ешкімге өзің тиме, біреу тисе,
Өзіңді қорғау үшін қарсы бар деп, -деп өлеңдетеді.

Байлығының зекетін бермеген адамның ақыретте тартатын азабының ауыр екендігі туралы Әбу Һурайра (р.а.) Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын риуаят етеді:

«Зекетін бермеген адамның байлығы ақырет күні ірі жылан пішініне кіреді. Екі көзінің үстінде (қорқыныштылығының белгісі ретінде) қап-қара екі домалақ дағы бар. Осы жылан қиямет күнінде иесінің мойнына оралады. Сосын аузымен иесінің екі жағынан ұстап: «Мен сенің дүниедегі (қатты жақсы көрген) байлығыңмын, мен сенің (жинаған) қазынаңмын, – дейді.

Сосын Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына аятты оқыды:

«Алланың кеңшілігінен өздеріне берілген нәрселерін (басқаларға бермей) сараңдық істегендер бұл істерін өздеріне қайырлы деп ойламасын. Жоқ, тіпті (бұл істері) өздері үшін ең үлкен жамандық. Ақырет күні сараңдық жасаған дүниелері мойындарына оралады»³³. Келесі бір аятта Алла Тағала сараңдарды ақыреттің күйзелтуші азабынан былай деп ескертеді: **«Алтын, күмісті жинап, оны Алланың жолында жұмсамағандарды күйзелтуші азаппен сүйіншіле. Жиналған алтын мен күміс тозақ отында**

³² Кердері Әбубәкір, Қазағым.

³³ «Әли – Имран» сүресі, 180-аят.

қыздырылып, онымен маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланатын қиямет күні оларға: «Міне, мынау – өздерің үшін жиған дүниелерің. Ал енді қанеки, жинағандарыңның дәмін татыңдар!»³⁴

Сондай-ақ, халқымыз зекетін бермей, пақырларға қарайласпаған жандарды айыптап отырған. Мәселен:

«Әй, кубас! Сонша малды айдап жүріп, дұрыстап зекет бермейсің, қажыға бармайсың, кім үшін жинап жүрсің? Ақырында, Қалампырдан қорқып, тоқал да алмадың», – деген сөзін естіп, ол күні үйіне бек мұңайып келіп, қатынымен сөйлеспестен жатып қалып еді³⁵.

Одан - бұдан байыдың.

Зекетсіз мал жиналды.

Аллаға көп айыбың,

Ұмыттыңдар иманды³⁶.

Келгенінше қаліміз

Зекетсіз болса пайда жоқ

Қасықтап жиған малыңыз³⁷.

Қажылық

Ислам дінінің бесінші тірегі – қажылық. Қажылық араб тілінде «құрметті орынды зиярат ету» деген мағынаны береді. Ал бұл сөздің шарифи мәні – белгілі орындарды белгіленген уақытта, белгіленген амалдарды орындау арқылы зиярат ету немесе діннің бір тірегінің орындау мақсатында Қағбаны зиярат ету³⁸.

Белгілі орындар – Меккедегі Харам мешіті, Мина үстірті, Арафат және Муздалифа аймақтары.

³⁴ «Тәубе» сүресі, 34-35 аяттар.

³⁵ М.Дулатов, Шығармалары.

³⁶ Қ.Бекхожин, Ардагер туралы аңыздар.

³⁷ Батырлар жыры.

³⁸ Әл-Муфассал фи әл-фиқһәл-ханафи, 329-бет.

Белгіленген уақыт – қажылық айлары.

Белгіленген амалдар – ихрам киімін кию, тауап пен сағи жасау, Арафатта тұру, Мина мен Муздалифада түнеу, құрбандыққа мал шалу, шаш алдыру және т.б. амалдар. Қажылық құлшылығы шамасы жеткен әрбір адамға өмірінде бір рет парыз.

Қажылықтың парызығының дәлелдері:

«Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Алла үшін Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз»³⁹.

«Қажылықты және умраны Алла үшін тамамдандар»⁴⁰.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қажылықтың Ислам дінінің бес парызының бірі екендігін төмендегі мына хадисте атап өткен:

«Ислам діні бес негізден тұрады: Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла тарапынан жіберілген шынайы елші екендігіне куәлік келтіру, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келсе қажылыққа бару»⁴¹.

Қазақ данасы Абай Құнанбайұлы (1845-1904):

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,

Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті,

Қылғанменен татымды бермес жеміс⁴², -деп жырлаған.

Осылайша шариғи ғибадаттардың мұсылман үшін маңыздылығына тоқталады. Оларды шынайы сеніммен орындау керектігіне баса көңіл бөледі.

³⁹ «Әли-Ғимран» сүресі, 97 аят.

⁴⁰ «Бақара» сүресі, 196 аят.

⁴¹ Имам Бұхари риуаят еткен.

⁴² (Абай, Толық жинақ).



VI ТАРАУ



АДАМНЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТУІНЕ ҚАТЫСТЫ САЛТТАР



Адамның дүниеден өтуіне қатысты салттар

Әр халықтың ата-бабасынан тәрбие арқылы сіңіп, бүгінге дейін жалғасып келе жатқан наным-сенімі, салты мен дәстүрі бар. Дәстүрлері, әдет-ғұрыптары арқылы бір халықтың рухани біртұтастығын білдіретін нанымын, діни ұстанымдарын тануға болады. Сондай дәстүрлердің бірі – өлікті жөнелту. Осы бір дәстүр арқылы қандай да бір елдің белгілі бір дінге қатыстылығын білуге болады.

Қазақтың өлік жөнелту ғұрпы шарифат шарттары бойынша жүзеге асады. «Өлі разы болмай тірі байымайды» деген қазақ, әруағын сыйлап, өлім-жітім жинарды да абыроймен, жөн-жоралғысымен атқарып отырған.

Әдетте, төсек тартып, ауырып жатқан науқас көп ұзамай өзінің бақилық болатынын алдын-ала сезіп, ағайын-туыс, ең жақын адамдарын жанына алдырып, бақұлдасып қоштасқан. Қазақ өлер алдындағы ішкен асын «атау кере» деп атаған. Бұл тіркеске байланысты халық тілінде асығып тұрып ас ішіп жатқанын «ең болмаса атауымды ішіп алайын» немесе біреуге қатты ашуланғанда «атауынды ішкір» деп қарғыс түрінде ауыр сөз сөйлеген. Сонымен қоса жасарын жасап, асарын асап, көпті көрген кәрі кісі бақилық дүниеге аттанар алдында шөбере қолынан су ішіп, кәлимасын айтып, қоштасқан.

Өлім жайындағы қаралы хабарды туған-туыспен ауыл тұрғындарына арнайы хабаршы жеткізген. Бақилық болған кісінің ең жақын адамдарына қазаны естірту жасы үлкен ақсақалдарға жүктелген. Қаралы хабарды бірден хабарламай, астарлап жеткізе білу

де өнер. Қайтыс болған кісіге арнайы «қаралы үй» ретінде киіз үй тігіліп немесе бір бөлме дайындап, өлікті бөлменің оң жағына сабан төселген таза шиге жатқызған. Қайтыс болған марқұмға көп уақыт өтпей тұрып, әулеттің ірі бастылары шақырылып мәслихат жиын өткізіп, марқұмды жерлеу рәсімін ақылдасып, жаназасын шығаратын уақытты белгілейді.

Марқұмның жақын туыстары жынысына қарай бөлініп, әдетте, ер адамдар үйдің тысында, әйел адамдар үй ішінде қатарға тұрып дауыс шығарып, жоқтау айтады.

Марқұм болған кісіні бұрындары, егер қабір жақын болса, керегені табыт ретінде пайдаланып, соған жатқызып апарған. Ал егер шалғай жатқан жер болса, киізге орап, түйеге артып апарған.

Марқұмды жер қойнына табыстамас бұрын оны арулап жуындырып, ақ кебінге ораған. Өлікті жуындыру үлкен сауапты іс болған. Бұл істі кез келген адамның атқара алмасы анық. Сосын дұға оқылып оның тірі кезінде жасаған күнәлары мен қарыздарын кешірілуін сұрайды. Жаназасын шығарған имам немесе молдаға мал немесе басқалай сый берген. Қайтыс болған кісі ұзақ жасаған қарт болса, ақ матаны бөліктерге бөліп «жыртыс» таратқан. Сонымен қоса оның көзі тірісінде киген киімдері мен ұстаған бұйымдарын марқұмның жақын жандарына бөліп үлестірген. Мұны «тәбәрік» дейді. Марқұмды жерлеуге тек ер адамдар ғана барған. Әйел адамдардың бейіт басына баруына тыйым салынған. Жерлеуге барған адамдарды «сүйекшілер» дейді. Сүйекшілер марқұмды жерлеп қаралы үйге жақындағанда, әйелдер жоқтау айтып, сүйекшілермен көріседі.

Бейіттің тереңдігін адамның беліне дейін, ұзындығын кісі бойындай етіп қазады. Марқұмның

басын құбылаға қаратып арқасынан жатқызған. Бейіт үстін ағаш, қамыспен жауып үстіне топырақ үйеді. Басы қараған жағына марқұм болған кісінің аты-жөні ойып жазылған тасбелгі қояды. Мұны Сыр бойындағы қазақтар көктас деп айтады. Ал кейбір аймақтар құлыптас деп те айтып жүр. Сыр өңіріндегі қазақтардың тілдік қолданысында егер жақсылығы қайтпай, туған балаларынан көңілі қалып қатты ашуланған жағдайда «мен өлген соң басыма көктас қояр деймісің» деген сөз тұрмыста жиі айтылады. Жағдайына қарай бейіт үстіне түрлі күмбезді үйлер мен қоршаулар орнатқан. Бұл үрдіс соңғы жылдары артық даңғаралық пен жарыспалыққа айналып кетті. Марқұмды әдетте өз әулеті жатқан жерге жерлеген.

Ертеде жолаушылап кеткен адам сапарлап жүріп қайтыс болса, жанындағы жолаушылар қысқа намаз оқып, жол бойына жерлеген. Сонымен қоса өзіне қол салған марқұмның шарифат заңы бойынша жаназасы шығарылмаған. Мұндай марқұм болған адамдарға бұл күндері өлікті жерлеу рәсімдері толық орындалып жүр.

Н. Гродеков өз еңбегінде «Өлік шыққан үйде 5 күнге дейін ас асылмаған, асты көрші-көлемдері алып келген», - деп жазады. Қайғыдан қан жұтып, есеңгіреп отырған қаралы үй қалай кісі күтіп, қазан қайнатады? Бұл күндері бәрі де басқаша. Тіпті қаралы үйдің дастарханын да сынап, сөз ететіндер де табылды.

Қаралы үй қырық күнге дейін шырағын өшірмеген. Ертеде аза тұтудың белгісі ретінде қаралы үйде бір жылға дейін қара орамал байланып тұрған. Қаралы ту киіз үйдің түндігі түріліп, үй ортасынан найза шаншылып, найзаның түндіктен шығып тұрған ұшына байланған. Немесе қаралы ту ілінген найза үйге сүйеліп қойылған. Қаралы ту марқұмның жасына байланысты түсі де түрліше болған. Мәселен, пайғамбар жасынан

асқан ұзақ жасаған марқұм болса ақ ту ілініп, қара жамылмаған. Кейде мұндай кісінің асын той деп жатады. Егер марқұм қыршын кетсе қызыл жалау ілінген.

Марқұмды жерлегеннен кейін еске алу үшін бейсенбі күні Құран оқытқан, мұны Сыр қазақтары «бейшенбісі» дейді. Сонымен қатар жетісін, қырқын, жүзін, жылын өткізіп ас берген.

Қартайып қайтыс болған, тірісінде елге сыйлы, абыройлы, танымал болған марқұмның жылдық асына арнайы «ас» берген. Мұндай ірі аста ат жарыс, бәйге тігіліп, түрлі спорттық жарыстар ойнатылған.

Жоқтау – егер қайтыс болған адам бауыры не туысы болса, сол қайтыс болған адамның тірі кезіндегі жақсылықтарын айтып, жылап еске алу. Бұл әдет қазақ халқының ертеден қалыптасқан ғұрпына жатады. Мұндай жоқтау айту адам қайтыс болған күннен бастап үш күнге дейін жалғасуы мүмкін. Осы күндер аралығында туыскандар азалы отбасы мүшелерімен «бауырым-ай» деп қайғылы сарынмен көріседі. Әйелдер болса, бір бөлмеде отырып, қайтыс болған адамның жақсылықтарын есіне алып, жырға қосып жоқтау айтады.

«Жоқтау» сөзінің қазақ тілінің әмбебап сөздігіндегі діни мазмұны былай көрсетілген:

Жоқтау – елге қадірлі, беделді адамның қазасында оның тірісінде жасаған жақсылығын, шарапатты істерін мазмұнды етіп жырға қосып жеткізетін өлең. «Өлген кісіні жоқтау сол мезгілдің бір үлкен шарты» (С.Талжанов, «Ұлдай кегі»). «Жылау кез келген адамға айтылса, ал жоқтау сирек, тек лайықты адамдарға ғана бағышталады» (Х.Досмұхамедұлы, Шығармалары).

Қазақ халқының бұл әдет-ғұрпы әдебі мен шарты сақталса, Ислам шариғатына қайшы келмейді. Ибн

Кәсирдің «Әл-Бидая уән-ниһая» кітабында Муса бин Ұқбадан мынадай риуаят айтылған:

وَفِي الْبِدَايَةِ وَالنِّهَايَةِ: .. «وَقَالَ مُوسَى بْنُ عُقْبَةَ: وَلَمَّا دَخَلَ رَسُولُ اللَّهِ أَزْفَةَ الْمَدِينَةَ إِذَا التُّوْحُ وَالْبِكَاءُ فِي الدَّوْرِ، قَالَ مَا هَذَا؟ قَالُوا: هَذِهِ نِسَاءُ الْأَنْصَارِ يَبْكِينَ فَنَلَاهُمْ. فَقَالَ: لَكِنَّ حَمْرَةَ لَا بِوَاكِي لَهْ، وَاسْتَعْفِزْ لَهْ. فَسَمِعَ ذَلِكَ سَعْدُ بْنُ عِبَادَةَ وَمُعَاذُ بْنُ جَبَلٍ وَعَبْدُ اللَّهِ بْنُ رَوَاحَةَ فَمَشُوا إِلَى دَوْرِهِمْ فَجَمِعُوا كُلَّ نَائِحَةٍ بَاكِيَةٍ كَانَتْ بِالْمَدِينَةِ فَقَالُوا: وَاللَّهِ لَا تَبْكِينَ فَتَلَى الْأَنْصَارِ حَتَّى تَبْكِينَ عَمَّ النَّبِيِّ فَإِنَّهُ قَدْ ذَكَرَ أَنَّهُ لَا بِوَاكِي لَهْ بِالْمَدِينَةِ».

Расулулла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) (Ухуд шайқасынан оралып) Мәдинаның көшелеріне кіргенінде, төңіректегі үй-үйден жылап жоқтау айтқан дауыстар есітілді. Ол: «Бұл не?» – деп сұрады. (Қасындағылар): «Бұлар – ансар әйелдері, өлгендеріне жоқтау айтып, жылап жатыр», – десті. Сонда Расулулла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бірақ Хамзаның (р.а.) жоқтау айтатындары жоқ», – деп, оған истиғфар айтты⁴³. Мұны Сағд бин Ұбада (р.а.), Мұғаз бин Жәбәл (р.а.) және Абдулла бин Рауаха (р.а.) есітіп, төңіректегі үйлерге барды да, Мәдинаның барша жоқтау айтып жылаушы әйелдерін жинап алып: «Аллаға ант етейін! Алдымен Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) немере ағасына жоқтау айтып жылаңдар, өйткені оның Мәдинада жоқтау айтушысы жоқ», – десті.

Негізінде, бұл оқиға жайлы риуаят «Сүнән Ибн Мәжә» және «Мүснәд Ахмет» кітаптарында келіп, онда Абдулла ибн Омар (р.а.) былай деген:

⁴³ Хамза (р.а.) Мәдинаға тек өзі ғана хижрат етіп келген, ал әйелі мен отбасы мүшелері Меккеде қалған болғандықтан, Мәдинада оны жоқтайтын ешкім жоқ еді.

فَقَدْ أَخْرَجَ ابْنُ مَاجَهَ وَأَحْمَدُ وَعَبْدُ الرَّحْمَنِ عَنِ ابْنِ عُمَرَ: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّ بِنِسَاءِ عَبْدِ الْأَشْهَلِ يَبْكِينَ هَلَكَاهُنَّ يَوْمَ أُحُدٍ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَكِنَّ حِمْرَةَ لَا بَوَاكِي لَهَا فَجَاءَ نِسَاءُ الْأَنْصَارِ يَبْكِينَ حِمْرَةَ فَاسْتَيْقَظَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ «وَيْحَهُنَّ مَا أَنْقَلَبَنَّ بَعْدُ مُرُوهُنَّ فَلْيَنْقَلِبَنَّ وَلَا يَبْكِينَ عَلَيَّ هَالِكٌ بَعْدَ الْيَوْمِ».

(Ухуд шайқасынан оралған) Расулұлла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өтіп бара жатып Абдул-Ашхал руының әйелдері өздерінің Ухуд күнінде қайтыс болғандарын жоқтап жылап жатқандарын есітті. Сөйтіп ол: «Бірақ Хамзаның жоқтау айтатындары жоқ», – деді. Сонда ансарлардың әйелдері (үйінің қасына) келіп Хамзаны жоқтап жылауға тұрды. Сосын Расулұлла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оянып: «Әттеген-ай! Осыған дейін тыйылмаған ба? Оларға бұйырыңдар, үйлеріне қайтсын және бұл күннен кейін қайтыс болғандарын жоқтап жылаушы болмасын», – деді.

Осы оқиғаның жалғасын Әліхан төре Сағуни өзінің «Тарихи Мұхаммади» атты кітабында былай келтірген: Расулұлла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ертеңіне оянған кезінде үйінің алдында жоқтау айтып жылап жатқан әйелдердің дауысын есітті. Сөйтіп: «Бұл не жағдай?» – деп сұрады. Сахабалар: «Ансар әйелдері Хамзаға (р.а.) арнап жоқтау айтып жатыр», – десті. Сонда Расулұлла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оларға ізгілік тілеп: «Алла сендерден және әулеттеріңнен риза болсын», – деп дұға етті де: «Енді үйлеріңе қайтыңдар», – деді. Және өлгендеріне қарап жоқтау айтып жылауға тыйым салды.

Сосын ансар сахабалары: «Уа, Расулұлла, өлгендерімізді атап жылауға әйелдерімізге рұқсат

берсеңіз, олардың тірліктегі жақсылықтарын атап жоқтау айтатын болса, біраз болса да көңілдеріміз жұбаныш табатын еді», – десті. Сонда Расулулла (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әйелдер жылаған кезінде беттерін тырнап жарақаттамасын, шаштарын жұлмасын, көйлектерінің жағаларын жыртпасын, жарамсыз сөздерді айтып айқай салып жылама-сын», – деген шартпен рұқсат берді. Міне, осы аталған шарттардың шегінен аспай, қайтыс болғандарының жақсылықтарын атап жоқтау айтатын болса зияны жоқ.

«Сүнән Ибн Мажә» кітабында Әбу Һурайра (р.а.) былай риуаят еткен:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ فِي جِنَازَةٍ فَرَأَى عُمَرَ امْرَأَةً فَصَاحَ بِهَا فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «دَعَهَا يَا عُمَرُ فَإِنَّ الْعَيْنَ دَامِعَةٌ وَالنَّفْسَ مُصَابَةٌ وَالْعَهْدَ قَرِيبٌ».

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір жаназада еді. Омар (р.а.) бір (жылап жатқан) әйелді көріп, оған қатты айқайлады. Сонда Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Уа, Омар, оны өз жайына қалдыр. Әлбетте, (аза кезінде) көздер жасқа толады, көңілді қайғы басады әрі бұл жақында гана болған қаза*», – деді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе Ислам ғұламалары жоқтау айтуды шариғат шарттарының шеңберінен шықпай, яғни беттерін тырнамай, шаштарын жұлмай, көйлектерінің жағаларын жыртпай, мұсылман сеніміне қарсы күпірлік сөздерді айтпай, айқай салып жыламай, қайтыс болғандарының тек жақсылықтарын атап байсалдылықпен жоқтау айтатын болса зияны жоқ деген пікірге тоқтаған (Ибн Абидиннің Хашият кітабы, 3/147).

Жыртыс туралы

«Жыртыс» дегенде алдымен жаназа кезінде таратылатын шүберектер мен бет орамал ойға келеді. Дегенмен кейбір деректерде қазақ салтында екі түрлі жағдайда жыртыс жыртады. Бірі, келін түсіріп, қоржын сөккенде (қоржын саларда). Екіншісі, үлкен жастағы адамдар қайтыс болғанда. Сондай-ақ, жыртыс – қуаныш кезінде де үлестірілетін кәде. Қазақ дәстүрінде қуаныш сәтіндегі әйелдер арасында үлестірілетін және солар атқаратын ежелгі ғұрыптардың бірі. Негізінен, келін түскенде оның сандығына арнаулы мата салынады. Ол «сандық ашар» жоралғысы кезінде алынып, сол тойға қатысқан әйелдердің бәріне жыртылып таратылады. Қолға тиген жыртыс – сыйлы кәде болып есептеледі.

Сонымен қатар қазақ халқының өлік жөнелту ғұрпында үлестірілетін, көлемі бет орамалдай мата бөлігі немесе *қиықша* – шыттан жасалып шетін шілтерлеген шағын ақ орамалшаны да жыртыс ретінде таратылатын болған. Жыртыс алған адам бетін сүртіп, марқұмға Алладан рақым тілеп, дұға етеді. Қайтыс болған кісі ұзақ өмір сүрген, үбірлі-шүбірлі болса, жұрт жыртысты оның жасын берсін деген ниетпен алады.

Жыртыс марқұмның тіріде дос-жарандарына, көрші-қоландарына артық-ауыс кеткен алыс-берісінің өтеуі, қиямет күнінде қарыз болмас үшін өтем ретінде берілген.

Құранды хатым ету

«Хатым» сөзін араб тілінен аударсақ – «бітіру», «аяқтау» деген мағынаны береді. Ал фикіхтағы мағынасы «бір кісінің Құран Кәрімді бастан-аяқ оқып шығуы» деген сөз. Құранды алғашқы бетінен ақырына дейін тапжылмай оқып шығу оңай дүние емес. Ол

үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сәйкесінше, сауабы да мол.

Бақилық болған адамға жасайтын сауапты ісіміздің бірі – Құран хатым ету. Марқұмның соңынан оқылатын хатым – игі іс болып саналады.

Ертеректе қазақ дәстүрінде алыстан білігі мен білімі жоғары молда-қажыларды арнайы алдыртып, хатым оқытатын болған. Тіпті, топырағы кеппеген марқұмдарға ғана емес, дүниеден өткеніне жылдар өтсе де рухына хатым оқитын болған. Құран Кәрімді қырық күнде хатым ету мұстахаб, яғни сауапты іс. **«Бес уақыт намаздан кейін жасалған дұға сияқты, хатымнан кейін жасалған дұға да қабыл болады»** делінген Табарани жеткізген хадисінде.

Қатым біткенде, қайтадан хатымды бастау ниетімен Фатиха оқу керек. Хадис шәрифте: **«Адамдардың ең жақсысы – хатымды бітіргеннен кейін қайтадан бастаған адам»**, – делінген.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Құран Хатым ету өте жауапты да сауапты іс! Оны кез келген адам орындай алмайды. Хатым етуді ең білімді де білікті қариларға өтініш етіп тапсырған. **«Құран кәрімді хатым еткен адамның қабыл болған бір дұға ақысынан бөлек, жәннатта бір ағаш та беріледі ...»** (Хатиб)

Аталмыш рәсімді орындаған діни қызметкерлерге үлкен құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасаған. Бұл туралы Захиди имам «Хатым оқыған қариға сыйлықты аз бермеу керек» деген. Қари да саудаласпай, Алла разылығы үшін хатым оқыса, оқытқан адамның берген сыйлығын алуына рұқсат. «Аз бердің» деп разы болмаса, алғаны арам болады (Хауи, Хадиқа, Бәриқа). Алайда, Құран хатым түсірем деп қарызға батуға болмайды. Бұл ысырапқа жатады.

Хатымға туған-туысқан, жақын-жуық пен дос-жаран боп жиналған дұрыс. Өйткені Құран кәрім хатым етілген жер ерекше нұрға бөленіп, Алланың рахметі жауады. Ал хатымнан кейін дұға ету мұстахаб. Абдулла ибн Аббас (р.а.) хатым оқитын адамға қызметшісін жіберіп, хабар алдырған. Хатым аяқталар кезде өзі де баратын көрінеді. Ал Әнәс ибн Малик (р.а.) хатым еткен кезде бала-шағасын жинап дұға ететін болған.

Жалпы хатымға қатысудың маңызы жайында көптеген хадис бар. Соның бірнешеуін мысалға келтіргенді жөн көріп отырмын.

«Хатымды оқыған және тыңдағандардың дұғасы қабыл болады» (Әбу Нуайм).

«Хатым еткен адамның дүние мен ахиреті үшін жасаған дұғасы қабыл болады» (Бәйһақи).

Қабір зияраты

Қабір зиярат ету – әрбір иман келтірген жан орындайтын игі дәстүр. Ондағы мақсат – дүниеден өтіп кеткен пендені шектен тыс дәріптеп, басына ескерткіш орнату емес, өлілердің ахуалынан дүниенің ақиқатын анықтап түйсініп, олардың атына дұға бағыштау. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне қабірлерге барып, зияраттан ғибрат алуға рұқсат еткен. Қазіргі кезде көп жағдайда қабірді зиярат етушілер бұл үрдістің шарифат белгілеген ереже-шарттарынан мақұрым болып жатады.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «إِذَا مَاتَ الْإِنْسَانُ انْقَطَعَ عَمَلُهُ إِلَّا مِنْ ثَلَاثٍ: صَدَقَةٌ جَارِيَةٌ أَوْ عِلْمٌ يُنْتَفَعُ بِهِ أَوْ وَلَدٌ صَالِحٌ يَدْعُو لَهُ».

Әбу Нурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі

болсын): «Адам өлгенде оның үш нәрсесінен басқа барлық амалы тоқтайды, олар: тоқтаусыз садақасы, пайдалы білімі және артынан дұға қылатын игі жақсы баласы», – деген (Мүслім риуаяты).

Марқұмға пайда келтіретін екінші нәрсе – оның артынан тірілердің дұға қылуы. Алла Тағала Құран Кәрімде айтады:

﴿وَالَّذِينَ جَاءُوا مِنْ بَعْدِهِمْ يَقُولُونَ رَبَّنَا اغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَانِنَا الَّذِينَ سَبَقُونَا بِالْإِيمَانِ وَلَا تَجْعَلْ فِي قُلُوبِنَا غِلًّا لِلَّذِينَ آمَنُوا رَبَّنَا إِنَّكَ رَؤُوفٌ رَحِيمٌ﴾

«Олардан кейін келгендер (иман келтіргендер): «Раббымыз! Бізді және бізден бұрын иман айтқан бауырларымызды кешіре көр! Әрі біздің жүрегімізде мүміндерге қарсы зәредей жеккөрушілік жасама! Раббымыз! Расында, Сен Мейірбансың һәм ерекше Мейірімдісің», – дейді» (Хашр, 10).

Осы аятта Алла Тағала өздерінен бұрын дүниеден өтіп кеткен иман келтіргендерге истиғфар айтқан пенделерін мақтаған. Демек, өлілер тірілердің дұғаларынан пайда алады. Хадистерде айтылғандай, марқұмның артынан жасалынған дұға қабыл болады.

عَنْ عُمَانَ بْنِ عَفَّانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا فَرَّغَ مِنْ دَفْنِ الْمَيِّتِ وَقَفَّ عَلَيْهِ فَقَالَ: «اسْتَغْفِرُوا لِأَخِيكُمْ وَسَلُّوا لَهُ التَّشْيِيتَ فَإِنَّهُ الْآنَ يُسْأَلُ». سُنَنُ أَبِي دَاوُدَ .

Әбу Дәуіттің *Сунән* кітабында Осман ибн Аффаннан (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өлген кісіні жерлеген соң қабірдің қасында тұрып: «Бауырларың үшін Алладан истиғфар тілеңдер, әрі оны беріктеуін сұраңдар. Расында, ол қазір сұралып жатыр», – деген.

Бейіт – қайтыс болған адамның зиратта жерленіп белгі қойылған орны. «Бейіт» араб тілінде «үй», «пәтер», «шатыр», «бөлім», «қалта», «қын» дегендерді білдіретін көп мағыналы сөз. Этномәдени ортада зират – белгілі бір қауымға тән меншікті ұжымдық жерлеу орны болса, бейіт – соның ішінде мәйітті қоятын бір «бөлімі», «үйі». Ал қабір – жерден терең етіліп қазылып, мәйітті арулап қоятын орын (көр).

Бейіт – «қабір және оның үстіне қойылатын белгі» деген мағыналарды қамтитын ұғым. Ал мола атауы көбінесе әртүрлі себептермен жеке дара жерленген адамның көрі мен көр үстіне қойылған белгі деген ұғымды білдіреді. Мысалы, сапар үстінде, алыс жолда қайтыс болған адамды зиратқа, қорымға қою мүмкін болмаған кезде, топырақ бұйырған жеріне қойып, белгі орнатады. Жерлеу орнының бұл түрі де мола деп аталады.

Сондай-ақ «аруақты мазалайды» деген түсінікке байланысты бақсылардың моласы зираттан оқшаулау жерде жалғыз-жарым тұрады. Бұл жайт - халық тілінде бейіт, зират, қабір, мола сөздері мәдени семантикалық бір ғана өріске жататын мәндес қолданыс болғанымен, олардың өзді-өзіне тән мағыналық ерекшеліктері бар атау екенін аңғартады. Сондай-ақ кесене, дың, күмбез т.б. мәдени семантикалық бір өріске жатады. Ұжымдық жерлеу орнының жоғарыда айтылған бір түрі зират болса, енді оның көне бір түрі қорым деп аталады.

«Қорым» көбінесе соғыста, жаугершілікте қаза болған жауынгерлерді жеке-жеке қабір қазып, арулау мүмкін болмаған жағдайда үлкен етіп қабір тәрізді қазылған орға мәйіттерді топтап қойып, топырақ жауып, үстіне тас үйіп орнатқан жерлеу орны деген ұғымды білдіретін атау болса керек. Жеке-дара жерленіп ерекше белгі қойылған орындардың түрлері кесене, күмбез,

дың, сағана деп аталады. Әйгілі хан, сұлтан, би, батыр, әулие сияқты т.б. байырғы элиталық тұлғалардың аруағын ұлықтау мақсатымен, сондай-ақ ел есінде сақтауы, келер ұрпақ ұмытпай қадір тұтып жүруі үшін төрт жолдың торабына, қара жолдың бойына, биіктеу, көрнекі жерлерге жерлеп, басына кесене, күмбез, сағана салып, дың орнатады.

Байырғы кезде ересек адам бейітіне найза (сындырылғаны да болуы мүмкін), әйел адамның бейітіне бақан, піспек немесе ұршық, қыз бейітіне арқан, уық, ал жас нәресте бейітіне бесік қойылған. Қазақтың мекен еткен жерлері мен атажұртын, атақонысын мола, зират, сағана, күмбез, қорымдары сияқты дәстүрлі жерлеу ескерткіштерінен білуге болады.

Қазақ жерінде ерте заманнан бері бейіт басына кесектен, қыштан, күйдірілген кірпіштен салынған ескерткіштерді күмбез, кешен, кесене, там тәрізді жерлеу ескерткіштері жиі кездеседі.

Мысалы, батыс өңірдің қазақтары бейіт басына үштас, бестас, қойтас, құлпытастарды орнатады немесе сандықтас, сағанатам және күмбезді там салады.

Жерлеу орындарының қара жолдың бойында болатын себебі ниет етіп, дұға қылсын деген мақсатпен бірге жолаушылар жауын-шашын, боранда ықтасын қылып, түнеп аттануын да ойластырғаннан болса керек.

Әдетте, дәстүрлі ортада зират, мола, дың т.б. жерлеу ескерткіштері жанынан өткен атты жолаушы тоқтап, аялдамайтын жағдайда оң жақ аяғын үзеңгіден шығарып, «жандарың жаннатта, жатқан жерлерің жайлы болсын; қияметтің күні жақын» деп бет сипай ниет етеді. Аяғын үзеңгіден шығару ырымы «аттан түстім» деген бейвербальды семантиканы білдіреді. (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен

атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011).

Өліге құрмет – тіріге міндет

Атам қазақ «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Не болмаса, «Әруақ аттаған оңбайды» дейді. Ондағысы – өткенін ұмытып, оларға жақсы сөз айтудың орнына, өмірдегі қателіктерін тізіп, жерге ұру. Ал Ислам дініне қарасаңыз, «Өлгенге де, тіріге де жаман сөз айтпа» деп бұйырады. Сол себепті, өлген кісіге Құран бағыштау бар. Мұндағы мақсат – өлген марқұмдарға құрмет көрсету, оларды ұмытпау. Мұсылманның ең жақсы сөзі – Құран. Ендеше, ең жақсы сөз оқылғанда, тірілермен қатар бұл өмірден өткендерді де ұмытпау қажет. Ал бұл күнде кейбір өзін мұсылман санаған жастар бар. Олар үйінен бір жақыны, не болмаса, ата-анасы қайтыс болса, артынан Құран бағыштамайды. Ол былай тұрсын, егер ата-анасы намаз оқымаған, не болмаса, дәстүрлі дінді ұстанған жан болса, «кәпір» санап, жаназасыз көмеді.

Бұл мәселе осы заманда көп қозғалып жүрген ауқымды сауалдардың бірі деуге болады. «Өліге ешқандай Құран бағыштауға болмайды», «жақының өлсе, жылама», «қабіріне барып, бата қылма», «ата-анан, жақының қайтыс болса, қайта еске алуға болмайды», «мал сойып сауабын бағыштауға болмайды, ата-бабаларымыз солай жасаған болса, ендеше, олар бұрыс жолда болған», т.б. кілең тыйым салушылық. Мұндай тыйымды естіген кісінің қара басы шырмалған ойларға одан сайын шырмала түспей ме? Зер салып қарасаңыз, бұлардың бәрі мұсылмандарға ата-балалары мен өткен тарихын ұмытуға жасалған тәсіл екенін аңғаруға болады. Жақының өлсе, үнсіз жерлеп, одан кейін оны қайта еске де алмай, жадыңнан өшіресің. Бұл да, барлап қарағанға, лаңкестіктің бір түрі. Өз тарихын, өз өткенін, өз ата-бабасының аруағын ұмыту – құрдым

кету деген сөз. Мұның түп негізі Ұлы Жаратушының ақырғы жіберген Елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедті (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) һәм оның сахабаларын, одан кейінгі ғұламаларды еске алып, Құран бағыштамауға шақырады. Сонда өткенін ұмытқан исі мұсылман кімнен ғибрат қылмақ? Ата-бабаның жасаған ізгілікті істерін қалай жалғастырмақ? Егер осындай жалған тыйымдар шын мәнінде Ислам дінінде бар болса, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мынау сөзді тектен-текке айтпас еді: (Алла Елшісі еш нәрсені тектен-тек айтпаған) Бірде бір әйел Алла Елшісіне келіп, анасының нәзір оразасы болғандығын, алайда оны орындай алмай бұл өмірден өтіп кеткендігін айтады. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қамқоршысы оның орнына ауыз бекітсін», – дейді. Бұхари мен Мүслімдегі бір хадисте де бір әйелдің бір айлық нәзір оразасы болады. Бірақ өтей алмай өліп кетеді. Сонда оның ұлы (яки қызы) Пайғамбарымызға келіп: «Мен оның орнына ораза ұстасам бола ма?» – дейді. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Анаңның қарызы болса, өтер ме едің?» – деп сұрайды. Ол: «Иә», – деп жауап қатқанда, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алланың борышын өтеу бәрінен де лайық», – дейді.

Ораза – тәндік құлшылықтардың бір түрі. Ендеше, хадисте біреудің өкіл етіп ұстаған оразасының сауабы қайтыс болған мұсылманға бағышталатынын айтып тұр. Әбу Дәуіттің кітабындағы хадисте де бір әйел Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тірі күнінде қажылыққа бара алмаған анасының орнына қажылық парызын өтеу мәселесін сұрайды. Алла Елшісі: «Иә, оның орнына қажылық жаса», – деп жауап қатады. Мұнда да өтелген

қажылықтың сауабы өліге бағышталатыны айтылуда. Басқа бір хадисте де: «Өліге (қабірге дейін) үш нәрсе ереді: отбасы, мал-мүлкі, амалы. Бұлардың екеуі кері қайтып, біреуі қалады. Отбасы мен мал-мүлкі кері қайтып, жасаған амалы өзімен бірге қалады» делінген. Негізі, бұған барлық Ислам ғұламалары келіседі. Һәм әһл-сүннет ғұламаларының барлығы да тірі адамның амалының сауабы өліге пайда беретінін айтқан. Тек қана Мұғтәзила аталған бұрыс ағымдағылар өліге тірінің дұғасы да, садақасы да пайда бермейтінін айтқан. Алайда, кейбір амал мен жақсылықтардың өліге пайда беретіні хақында ап-айқын аят пен хадистер бар. Мысалы, өліге бата жасау мен истиғфардың (Алладан өлінің кешірілуін тілеу) пайдасы болатынына мына аят дәлел: «Олар кейін келгендер былай дейді: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды кешір! Әрі жүрегімізде иман келтіргенге деген ешқандай өштік қалдырма» («Хашыр» сүресі, 10). Бұл аятта Хақ тағала өмірден өткен мұсылман бауырлары үшін кешірім тілеген мұсылмандарды мақтаған. Егер кешірім тілеудің өліге пайдасы болмайтын болса, Алла тағала аятында өліге кешірім тілеп, бата қылғандарды мақтамайтын еді.

Өліге оқылған жаназа намазы да оған бата қылып, оның кешірілуін тілеу үшін қойылған. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) де: «Өлінің жаназа намазын оқыған соң, оған шынайы түрде дұға етіп, бата қылыңдар», – дейді. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі де жаназа намазын оқыған кезде, артынан дұға еткен. Егер бұл намаз бен дұғаның өліге пайдасы болмағанда, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұлай жасамас та еді, өзгелерге әмір етпес те еді.

Міне, бұл тірі адамның өлгенге деген құрметі оның кебінделіп, жуылуынан басталады. Ендеше, Исламда өлген кісіні арулап жерлеу өлгенінді құрметте дегенді білдіреді. Арулап жерлегенен кейін де оны еске алып, кейінгі ұрпаққа жақсы істерін ғибрат етіп жүреді. Сол себепті, атам қазақ өлгенді жерлеген кезде, бәрі де бір ауыздан «жақсы кісі еді, жақсы адам еді» деп, оның тек жақсылығын ғана паш етеді. Ал өмірде жаманшылықтары болса, үнсіз кешіріп жібереді. Тіпті, имам өлген кісінің жаназасын шығарар алдында: «Мұның қарызы бар ма еді?» деп қайталап сұрайды. Қарызы болса, артында қалғандарына аманат еттіреді. Міне, Исламдағы құрмет осындай.

Ислам ғұламалары, атап айтсақ, Әбу Ханифа, Ахмет ибн Ханбал және сәләф ғалымдарының бір бөлігі ораза ұстау, Құран оқу, зікір ету тәрізді тәндік құлшылықтардың сауабы өліге жететінін айтады. Мұндағы мақсат – оларға деген құрмет. Сондай-ақ ханафи, ханбали және шафиғи мен мәликилерден кейінгі ғұламалар да өлінің жанында оқылған Құран сауабы оған жететінін айтады. Құран оқылғаннан кейін бата қылудың абзалдығын жеткізеді. Ханбалилер дәстүрі бойынша қабірдің жанында Құран оқудың ешбір нұқсандығы жоқ. Олар мына хадиске сүйенеді: *«Кімдекім мазаратқа барып, «Ясин» сүресін оқыса, Алла тағала сол күні мазарда жатқан өлілердің азабын жеңілдетеді. Сол жердегі өлілердің санындай оқыған адамға сауап жазылады»*. Басқа бір хадисте: *«Кімдекім ата-анасының басына барып, біреуінің яки екеуінің қабірінің жанында «Ясин» сүресін оқыса, Алла оған кешірім етеді»* дейді.

Негізі, Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі әр жылдың басында Ухуд шейіттерінің қабірлеріне барып былай дейтін: *«Са-*

быр еткендерің үшін сендерге (Алладан) сау-саламат тілеймін! Дүниенің ең тамаша нәтижесі – осы!» Алла Елшісі кейде Бақи мазаратына барып былай дейтін: «Уа, мұсылмандар елінің тұрғындары! Сәлем сендерге! Біздер де, иншалла, сендермен қауышамыз. Алла тағала бізге де, сендерге де кешірім берсін. Ақырет қорқыныштары мен қиыншылықтарынан амандық пен қорғаныш тілеймін». Міне, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өлілерге дауыстап тұрып, бата қылған.

Қазақ халқында ертеден бері өліге көбінесе «Ясин» сүресі оқылады. Бұл да тегін емес. Өйткені, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Өлілерге «Ясин» сүресін оқыңдар*» деген. Ханафилер осы хадиске сүйене отырып, «Адам амалдарының сауабын басқасына бағыштай алады. Амалы қырағат, намаз, ораза, садақа, қажылық т.б. барлық түрлерінен болады» деп фәтуа берген. Бірақ Әбу Ханифа, Ахмет ибн Ханбал және Имам Мәликтің көзқарасы бойынша, Құранды мазар жанында оқу – мәкрүһ. Алайда, Имам Мұхаммедтің көзқарасы бойынша, қабір басында Құран оқуға болады. Тіпті, бір хабарда Ахмет ибн Ханбал да болады деп фәтуа айтып, дәлел ретінде кейбір хадистер мен Ибн Омардан келген хабарды айтады. Ибн Омар қайтыс болар алдында жерленген соң, қабірінің басында «Бақара» сүресінің басы мен соңындағы аяттарды оқуды өсиет еткен.

Өліні қимай жылау мәселесіне келсек, Алла Елшісі (с.ғ.с) ұлы Ибраһим өлгенде жылаған. Себебін сұрағандарға ол: «Бұл – Алланың рақымы. Оның құлдарының жүрегіне қойған. Алла рақымды құлдарына ғана рақым жасайды», – дейді. Алайда, Құдайға тіл тигізіп, жаман сөздер айтып, бетін жыртып, айқайлап жылауға болмайды. Ал атам қазақта жылау бар, бірақ

бетін жыртып жылағандарды тыйып отырған. Әдептілік – қашан да Исламның рухы.

Енді кейбір дін атын жамылып, елдің бәрін, тарихтың бәрін, билер мен хандардың бәрін «кәпір» мен «мүшрік» деп, өздерін ғана мұсылман етіп жүрген, өлгенге құрметі былай тұрсын, бейт басына барып ата-баба аруағын аяққа таптап, арулап діни рәсіммен жерленгендердің кесенелерін қиратып жүрген, Сириядағы дін атын жамылған содырларға қосылып, мұсылман жанның баласының бастарын кесіп, мейірім атаулыдан жұрдай болып, азғындықтың шегіне жеткендерді бір барлап қараңыз, манағы біз айтқан Исламдағы өліге құрметті бір барлап қараңыз. Иманды былай қойғанда, сырттағы ар-ожданы бар басқа дін өкілдері де ақ-қарасын ажыратып, қайсысының адамдық қасиетке жататындығын айта алар еді деймін.

Ас, садақа беру жоралғылары

Мұсылман қауымында о дүниелік болған жанның артынан кәделі ас-садақасын беру сауапты іс болып саналады. Соның ішінде қазақ халқы үшін бұл рәсімдер үлкен мәнге ие. Өлген жан көмілмей қалмас, бірақ артында тұяғы, жоқтаушысының болу-болмауы дәл осы жағдайда көрінеді. Жаратқан Хақ фәниден бақиға аттанған жанды қабір азабынан құтқаруын, жаннатты нәсіп етуін тілейтін дұға дастарханы үй иелерінің ауқатын көрсету үшін емес, қазаға қабырғалары қайысып, қаралы үйдің көңілін демеп, алыс-жақын жерлерден келген ағайын-тума, дос-жаранның дәм татуы үшін де жайылады. Ілкіде дәстүрімізде қайтыс болған жанның мініс көлігінің құйрық-жалын күзеп, қаралы үйдің белдеуіне байлап, артынша жаназасына сойыпты.

Жалпы қазақ ғұрпы бойынша, өлік жөнелтілмей, қаралы үйдің қазаны қайнамаған. Бұл – шарифатымыздан алынған жоралғы. Жағфар ибн Әбу Тәліптің үйінде

қазалы жағдай болғанда Мұхаммед пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

قَوْلِ النَّبِيِّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اضْنَعُوا لِأَلِ جَعْفَرٍ طَعَامًا فَقَدْ أَتَاهُمْ مَا يَشْغَلُهُمْ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَأَبُو دَاوُدَ

«Жағфардың отбасына тамақ жасап беріңдер! Олар басымен қайғы болып қалды», – деп, айтқан өсиеті бар. Көрші-қолаң мен ағайын-тума онсыз да арысынан айырылып отырған үйді дүнияуи тірліктермен мазаламай, алғашқы күндердегі садақа дастарханын өз мойнына алады. Өлік оң жақта болған күні қонағасы-күзет дастарханы, содан соң жаназа, одан кейін барып үші мен жетісін өткізген. Одан кейін өз уақытымен қырқы, жүзі және жыл садақалары беріледі. Жаназа намазы оқылғаннан соң бата оқу рәсімі басталып, оған келген жандарға да арнайы дастархан жайылады.

عَاصِمُ بْنُ كَلَيْبٍ، عَنْ أَبِيهِ، عَنْ رَجُلٍ مِنَ الْأَنْصَارِ، قَالَ: «خَرَجْنَا مَعَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي جَنَازَةٍ... فَلَمَّا رَجَعَ اسْتَقْبَلَهُ دَاعِيِ امْرَأَةٍ، فَجَاءَ وَجِيءًا بِالطَّعَامِ، فَوَضَعَ يَدَهُ، ثُمَّ وَضَعَ الْقَوْمُ، فَأَكَلُوا، وَرَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُلُوكُ لُقْمَةً فِي فَمِهِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Асым бин Кулайб әкесінен жеткізген хадисте, ансарлық (мәдиналық) бір сахабаның: «Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірге жаназаға қатыстық. Қайтып келе жатқанда, әйелі (мәйіттің) жіберген бір кісі қарсы алдынан шығып асқа шақырды. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келген кезде, ортаға тамақ қойылды. Ол қолын тамаққа созды. Отырған қауым да қол созып тамақ жеді. Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аузындағы тамақты шайнап отырды», – деп айтқанын әңгімелейді. Осы оқиға

қаза болған үйде тамақ жасалып, кісі шақырып ас беруге рұқсат екеніне дәлел болады. Баззази деген ғалым: «Егер, жоқ-жітікке ас берсе жақсы болады», – деп әл-Истихсан кітабында жазады (Тахтауи, Марақи әл-фалах фи шархул-изах).

Негізінде, үшін, жетісін, қыркын, жүз күндігін және жылын беру шарияттың талабы емес. Алайда, Ханафи мәзһабының ғалымдары оның жаназасына қатыса алмаған алыстағы ағайын-туысқандары көңіл айтып, көрісу үшін жасалатын «мубах» (рұхсат етілген) жоралғылардың қатарына жатқызады (Тахтауи, Марақи әл-фалах фи шархул-изах).

Әйткенмен, асыра сілтеп, қаза садақасы мен нәпіл садақаның дастарханынан тойдікінен бетер жайып, байлық көрсетушілер де ел арасында баршылық. Өлім садақасының дастарханы ас та төк болуы міндет емес.

﴿وَكُلُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ﴾

Алла Тағала «Ағраф» сүресінің 31-аятында: **«Жеп-ішіндер, тек ысырап қылмаңдар! Ақиқатында, Ол (Алла) ысырап қылушыларды жақсы көрмейді»,** – деп, ысырап етуден тыйған.

Қазіргі заманда ата-баба аруақтарына арнап берілетін садақа аса сәулетті мейрамханаларда өткізіліп, келген қонақтарға арналған бағалы сыйлықтар беріліп жатады. Осы шараның аясында жоқ-жітік, жарлы-жақыбайды жарылқаса құба-құп.

Нәпіл садақа – бұл шүкіршілік ету шарасы. Сондықтан, кем-кетік пен міскіндерге таратқан абзал. Киім-кешек, азық-түлік немесе ақшалай да беруге болады. «Садақаны денің сауында бер» деген атам қазақ. Сондықтан, басқа іс түскенде ғана Құдайды еске алмай, үнемі шүкіршілікпен садақа тарқатқанды әдетке айналдырған абзал.

Пайдаланылған әдебиет

1. Құран Кәрім
2. Хадис жинақтары
3. Ат-Тағрифат, Әл-Журжани.
4. Әл-Маусуа әл-фикһия әл-куәйтһия, 30-том, 53-бет;
5. Әл-Урф уал-адат фи раи әл-фуқаһа, Ахмет Фаһми Әбу Сунна, Каир, 1947.
6. Бабалар аманаты, Ахметова З., Алматы, 2012.
7. Дәстүрлі қазақ этнографиясы, жауапты редакторы Артықбаев Ж. О. – Павлодар, 2008.
8. Дурар әл-хуккам шарх маджаллат әл-ахкам, Али Хайдар, Эр-Рияд, 2003.
9. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ред. проф. Әжіғали С., – Алматы, 2006.
10. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, Кенжеахметұлы С., Алматы, 2004.
11. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті, Кенжеахметұлы С., Алматы, 2007.
12. Қазақ энциклопедиясы, 7-том
13. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары, Смағұлова А.С., Ақтөбе, 2004.
14. Мағрифат әл-худжаж әл-усул, әл-Баздауи, Бейрут, 2000.
15. Мажмуъат расаил, Ибн Абидин
16. Народы России: киргизы, С-Петербург, 1879 ж.
17. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, ред. проф Арын Е. – Павлодар, 2006.
18. Таным тұғыры, Ержан қажы Малғажыұлы. – Алматы, 2013.
19. Укуд рәсм әл-муфти, Ибн Абидин
20. Усулул-фиқ әл-ислами, Уаһба әз-Зухәйли, Дамаск, 1986.
21. Этнографпен әңгіме, Бегманов Қасымхан, Алматы, 2010.

Мазмұны

Алғысөз.....	3
Кіріспе.....	6

I ТАРАУ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Азан шақырып ат қою	10
Ат қою мәдениеті (мұсылманша есімдер мен тыйымдар)	12
Ақиқа	28
Қалжа	30
Тахник жасау және баланың аузына түкіру	33
Қырқынан шығару (баланың шашын алу)	35
Емізу мәселесі	38
Шілдехана-бесік той	40
Тұсаукесер	44

II ТАРАУ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Жас ерекшелігі	50
Сүндет той	54
Бәсіре.....	58
Бата сұрау.....	59
Ұлттық ойындар	64
Имандылық тәрбие	79
Медресе.....	86
Әліпті таяқ деп білу	87
Құран үйрену.....	88
Сауат ашу	92
Шежіре тарқату	95
Жеті ата	97
Қазақ жүздері мен рулары:	98
Түрік шежіресі:	98
Еңбекке баулу	100

III ТАРАУ ЖІГІТТІК ШАҚ

Жігіттік шақ.....	108
Сегіз қырлылықтың бірі – діни білім.....	109
Азаматы бір бөлек.....	111

Жігіт сыны	112
Жігіттің жігіті – нәпсісіне ие болғаны	113

IV ТАРАУ
ОТБАСЫ САЛТТАРЫ

Айттыру, сырға салу (хитба)	116
Құдалық	117
Той – қуаныш	119
Қалыңмал	120
Мәһір мен қалыңмалдың айырмашылығы	122
Жеті ата сақтау дәстүрі	123
Қыздың жасауы	124
Беташар	125
Уақыт пен денсаулықтың қадірін білу	127
Талақ – ажырасу	133
Өмеңгерлік	135

V ТАРАУ
ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЛТТАР

Намаз – діннің тірегі	140
Ораза туралы	142
Зекет	145
Қажылық	149

VI ТАРАУ
АДАМНЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТУІНЕ
ҚАТЫСТЫ САЛТТАР

Адамның дүниеден өтуіне қатысты салттар	152
Жыртыс туралы	159
Құранды хатым ету	159
Қабір зияраты	161
Өліге құрмет – тіріге міндет	165
Ас, садақа беру жоралғылары	170
Пайдаланылған әдебиет	173

*Бас мүфти Ержан қажы
Малғажыұлының бастамасымен*

ДІН МЕН ДӘСТҮР

Тал бесіктен жер бесікке дейін